



# ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ 2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ



Қызылорда қалалық мәслихатының  
2015 жылғы «24» желтоқсандағы  
XXXXXI кезекті сессиясының  
№51/3 шешімімен бекітілді.

# **ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ 2016-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қызылорда қаласы, 2015 жыл

## МАЗМҰНЫ

1. БАҒДАРЛАМА ТӨЛҚҰЖАТЫ.....	3
2. АҒЫМДАҒЫ АХУАЛДЫ ТАЛДАУ.....	6
2.1. Экономика.....	6
2.1.1. Өңірлік макроэкономика.....	6
2.1.2. Өнеркәсіп.....	7
2.1.3. Агроөнеркәсіптік кешен.....	11
2.1.4. Шағын және орта бизнес, сауда.....	13
2.1.5. Өңіраралық ынтымақтастық.....	16
2.1.6. Инновациялар мен инвестициялар.....	17
2.2. Әлеуметтік сала.....	19
2.2.1. Білім беру.....	19
2.2.2. Денсаулық сақтау.....	24
2.2.3. Жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау.....	27
2.2.4. Мәдениет.....	30
2.2.5. Денешынықтыру және спорт.....	32
2.2.6. Түризм.....	34
2.2.7. Үштұғырлы тілді дамыту.....	36
2.2.8. Ішкі саясат.....	37
2.3. Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп.....	39
2.3.1. Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп.....	39
2.3.2. Төтенше жағдайларға қарсы іс-қимыл инфрақұрылымы.....	43
2.4. Инфрақұрылымдық кешен.....	45
2.4.1. Байланыс және коммуникация.....	45
2.4.2. Құрылыс.....	47
2.4.3. Аумақты кеңістіктік дамыту.....	49
2.4.4. Жолдар және көлік.....	49
2.5. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы.....	52
2.5.1. Электрмен жабдықтау.....	52
2.5.2. Сумен жабдықтау және суды бұру қызметі.....	53
2.5.3. Жылумен жабдықтау.....	54
2.5.4. Газбен жабдықтау.....	55
2.5.5. Тұрғын үй қоры.....	55
2.6. Экология және жер ресурстары.....	56
2.6.1. Қоршаған орта ахуалы.....	56
2.6.2. Тұрмыстық қатты қалдықтармен ластануы.....	57
2.6.3. Жер ресурстары.....	58
2.7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер.....	59
3. НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАРЫ, МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ.....	60
1 бағыт: Экономика.....	60
2 бағыт: Әлеуметтік сала.....	66
3 бағыт: Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп.....	72
4 бағыт: Инфрақұрылым.....	74
5 бағыт: Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы.....	76
6 бағыт: Экология және жер ресурстары.....	78
7 бағыт: Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер.....	80
4. ҚАЖЕТТІ РЕСУРСТАР.....	81

# 1. БАҒДАРЛАМА ТӨЛҚҰЖАТЫ

Бағдарлама атауы	2016-2020 жылдарға арналған Қызылорда қаласының аумақты дамыту бағдарламасы
Оны дайындауға негіздеме	Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымындағы «Мемлекеттік жоспарлау жүйесі туралы» № 827 Жарлығы, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 4 наурыздағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің одан әрі жұмыс істеуінің кейбір мәселелері туралы №931 Жарлығы
Өңірдің негізгі сипаттамасы	<p>Қызылорда қаласы 2,4 мың шаршы км жалпы көлемімен, Сырдария өзенінің оң жағалауында орналасқан Қызылорда облысының әкімшілік орталығы, облыстың бүкіл аумағының 1,1% құрайды. Қаланың әкімшілік-аумақтық құрамына 2 кент және 7 ауылдық округтері кіреді.</p> <p>2015 жылғы 1 қаңтарға халықтың саны 268,9 мың адамды құрайды, халықтың орналасу тығыздығы әр 1 шаршы шақырымға 112 адамнан келеді.</p>
Бағыттары	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Экономика</li><li>2. Әлеуметтік сала</li><li>3. Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп</li><li>4. Инфрақұрылым</li><li>5. Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы</li><li>6. Экология және жер ресурстары</li><li>7. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер</li></ol>
Мақсаттары	<p>Қала экономикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету;</p> <p>Экономиканы әртараптандыру және бәсекеге қабілетті өнімді өндіретін өнеркәсіптің басым секторларын дамыту;</p> <p>Агроөнеркәсіптік кешенінің экспорттық әлеуетін және өнімнің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру;</p> <p>Кәсіпкерлік пен сауданың серпінді дамуын қамтамасыз ету;</p> <p>Тұрақты өңіраралық экономикалық ынтымақтастықты қалыптастыру;</p> <p>Технологиялық инновацияны дамытуға және экономиканың басым секторларына инвестиция тартуды ынталандыру;</p> <p>Сапалы және қолжетімді білім беруді қамтамасыз ету, жастардың жан-жақты дамуына мүмкіндіктер мен жағдай қалыптастыру;</p> <p>Қала халқына медициналық көмек көрсетудің сапасын және қол жетімділігін арттыру;</p> <p>Тұрақты және өнімді жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру;</p> <p>Тарихи-мәдени құндылықтарға қол жеткізу және шығармашылықты іске асыру үшін жағдай жасау;</p> <p>Бұқаралық спортты дамыту;</p> <p>Өңірдің туристік-рекреациялық әлеуетін пайдалану;</p> <p>Мемлекеттік тілді және үш тілдің біртұтастығын дамыту;</p> <p>Қала аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қылмыстылыққа қарсы әрекет ету;</p> <p>Халықты қолжетімді және сапалы байланыс қызметімен қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен байланысты дамыту;</p> <p>Құрылыс саласын және қала халқының тұрғын үйге қол жетімділігін дамыту;</p> <p>Қала тұрғындарын сапалы көлік қызметімен қамтамасыз ету;</p> <p>Тұтынушыларды қолжетімді, сапалы коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету;</p> <p>Экологиялық ахуалды тұрақтандыру және жақсарту, жер ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;</p> <p>Халыққа мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру және қол жетімділігін қамтамасыз ету.</p>

## 1 бағыт-Экономика

Жергілікті бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдердің өсу қарқыны, %  
 Өңдеу өнеркәсібіндегі өнім шығарудың нақты көлемінің индексі, %;  
 Машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын жасау, %  
 Машина жасау өнеркәсібі, %  
 Өзге металл емес минералдық өнімдерді өндіру, %  
 Химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру, %  
 Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру, %  
 Жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіру, %  
 Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына тартылған инвестициялардың нақты көлем индексі, %;  
 Тамақ өнімдері өндірісінің негізгі капиталына тартылған нақты көлем индексі, %;  
 Ұйымдастырылған шаруашылықтарда мүйізді ірі қара және уақ малдардың үлесі, %;  
 Тұқымдық түрлендіруге қатысқан мүйізді ірі қара және уақ малдардың үлесі, %;  
 Мерзімдері бұзылып берілген субсидиялар үлесінің төмендеуі, %;  
 Тіркелген жалпы көлемдегі шағын және орта кәсіпкерліктің қолданыстағы субъектілерінің үлесі, %;  
 Бөлшек сауданың нақты көлем индексі, %;  
 Сауда алаңының 2000 шаршы метрден кем емес сауда объектілерінің санын ұлғайту («Бөлшек сауда» қызметі түрімен), бірлік;  
 Халықтың жан басына шаққандағы негізгі капиталға инвестициялардың үлесі, %;  
 Негізгі капиталға инвестициялардың жалпы көлеміндегі сыртқы инвестициялардың үлесі, %;  
 Шикізаттық емес секторының негізгі капиталына салынған инвестицияның 2015 жылғы өсуі (мемлекеттік бюджеттен инвестицияларды қоспағанда), %;  
 Жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың ішіндегі инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесі, %;

## 2 бағыт-Әлеуметтік сала

Жұмыс істеп тұрған авариялық және үш ауысымдық мектептер саны, бірлік;  
 Жаратылыстану-математика пәндері бойынша мектеп бітірушілердің арасында білім беру бағдарламаларын табысты (өте жақсы/жақсы) меңгерген оқушылардың үлесі, %;  
 Мүмкіндіктері шектеулі балалардың жалпы санының ішінде балалардың инклюзивтік біліммен қамтылуы, %;  
 Балаларды (3-6 жас) мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту, %;  
 оның ішінде жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар желілерін дамыту есебінен, %;  
 Мемлекеттік жастар саясатын іске асыруда 14-29 жастағы тұрғындардың қанағаттанушылық деңгейі, %;  
 Мемлекеттік желілер нормативіне сәйкес жалпы орта білім беру ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету, %;  
 Аналар өлім-жітімін төмендету, 100 мың тірі туылғандарға шаққандағы саны;  
 Нәресте өлім-жітімін төмендету, 1000 тірі туылғандарға шаққандағы саны;  
 Жаңадан пайда болған қатерлі ісік аурулардан болатын өлім-жітімді төмендету, 100 мың тұрғынға шаққандағы саны;  
 15-49 жас ерекшелігі тобындағы адамның иммун тапшылығы вирусының таралуы, 02-0,6% шегінде, %;  
 Жұмыссыздық деңгейі, %;  
 Жұмысқа орналастыру мәселелер бойынша жүгінген адамдардың ішінен жұмысқа орналастырылғандардың үлесі, %;  
 Жүгінген нысаналы топтардың ішінен тұрақты жұмысқа орналасқандардың үлесі, %;  
 Өндірістік жарақат деңгейі, 1000 адамға жазатайым оқиғалардың жиілік коэффициенті  
 Атаулы әлеуметтік көмек алушылар ішіндегі еңбекке жарамды адамдардың үлесі, %;  
 Арнайы әлеуметтік қызметтерді көрсете отырып қамтылған адамдардың үлес салмағы (оларды алуға мұқтаж адамдардың жалпы санының ішінде), %;  
 Жеке сектор субъектілері (оның ішінде, үкіметтік емес ұйымдар) ұсынатын арнайы әлеуметтік көрсетілетін қызметтермен қамтылған адамдардың үлесі, %;  
 1000 адамға шаққандағы мәдениет ұйымдарына келушілердің (келу) орташа саны, адам;  
 Денешынықтыру және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту, %;  
 Балалар мен жасөспірімдер жалпы санына қатысты 7 пен 18 жас аралығында балалар жасөспірімдер спорт мектептерінде және спорт клубында дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын балалар мен жасөспірімдерді қамту, %;  
 Өткен жылмен салыстырғанда ішкі туризм бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер санының өсуі (резиденттер), %;  
 Өткен жылмен салыстырғанда сырттан келу туризмі бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер санының өсуі (резиденттер емес), %;  
 Өткен жылмен салыстырғанда ұсынылған төсек-тәулік санының өсуі, %;  
 Мемлекеттік тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі, %;  
 Ағылшын тілді меңгерген ересек тұрғындардың үлесі, %;  
 Үш тілді (мемлекеттік, орыс және ағылшын) меңгерген ересек тұрғындардың үлесі, %;

### **3 бағыт-Қоғамдық қауіпсіздік және құқықтық тәртіп**

Көшеде жасалған қылмыстардың үлес салмағы, %;  
100 зардап шеккен адамға шаққандағы жол-көлік оқиғаларынан қайтыс болғандар санын төмендету, %;  
Жасөспірімдермен жасалған қылмыстардың үлес салмағы, %;  
Бұрын қылмыс жасаған адамдардың жасаған қылмыстарының үлес салмағы, %;  
Төтенше жағдайларға қарсы іс-қимыл инфрақұрылымының қамтамасыз етілу деңгейі, %;

### **4 бағыт - Инфрақұрылым**

100 тұрғынға телефон байланысының тіркелген желісінің тығыздығы, бірлік;  
Интернетті пайдаланушылардың үлесі, %;  
Халықтың цифрлық сауаттылығының деңгейі, %;  
Құрылыс жұмыстарының нақты көлемінің индексі, %;  
Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы, мың шаршы метр;  
Әлеуметтік көліктік инфрақұрылымның паспортталған объектілерінің жалпы санының ішіндегі мүгедектер үшін қолжетімділікпен қамтамасыз етілген әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің үлесі, %;  
Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі, %;  
Жолаушылар автокөлігі қатынасымен қамтылмаған елді мекендер үлесі, %;

### **5 бағыт - Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы**

Күрделі жөндеуді талап ететін кондоминиум объектілерінің үлесін төмендету, %;  
Қалада орталықтандырылған қолжетімділік, %;  
Елді мекендерде орталықтандырылған қолжетімділік, %;  
Жаңғыртылған (жаңадан салынған) желілер ұзындығы, км;  
Барлық желілер ұзындығының ішінде жаңғыртылған желілер ұзындығының үлесі, %;

### **6 бағыт - Экология және жер ресурстары**

Тұрмыстық қатты қалдықтардың түзілуіне байланысты оларды кәдеге жарату үлесі, %;  
Қала халқын қалдықтарды жинау және тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтермен қамту, %;  
Экологиялық талаптар мен санитариялық қағидаларға сәйкес келетін тұрмыстық қатты қалдықтарды орналастыру объектілерінің үлесі (оларды орналастыру орындарының жалпы санынан), %;  
Ластаушы заттардың нормативті көлемі: млн.тн;  
Жергілікті атқарушы органдардың қарамағында орналасқан мемлекеттік орман қоры аумағында орманмен жабылған алқап ауданы, мың.га;  
Жергілікті атқарушы органдардың қарамағында орналасқан мемлекеттік орман қоры ауданында 1 орман өртінің орташа ауданы, мың.га;  
Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жердің ауыл шаруашылығы айналымына тартылған үлесін ұлғайту, %;  
Жыртылған жер құрамындағы ауыспалы егіс үлесі (ауыспалы егіс алқабы), %;  
Табиғи жайылымдық жерлердің құрамындағы жайылымдық ауыспалы егістің үлесі (азықтық ауыспалы егіс), %.

### **7 бағыт - Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер**

Жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасына қанағаттанушылық деңгейі, %.

#### **Қажетті ресурстар**

Қаржыландыру көздері: республикалық, облыстық және қалалық бюджеттер, инвесторлардың жеке қаражаты, қарыз қаражаты.  
Бағдарламаны қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттерді бекіткен кезде тиісті қаржылық жылға нақтыланады.  
Қаржыландыру көлемі:  
барлығы – 218 779,8 млн. теңге, оның ішінде:  
2016 жылы – 51 368,7 млн. теңге  
2017 жылы – 64 562,5 млн. теңге  
2018 жылы – 33 133,0 млн. теңге  
2019 жылы – 35 413,3 млн. теңге  
2020 жылы – 34 302,3 млн. теңге

## **2. АҒЫМДАҒЫ АХУАЛДЫ ТАЛДАУ**

### **Қаланың жалпы сипаттамасы**

Қызылорда қаласы - Қызылорда облысының әкімшілік, мәдени-экономикалық орталығы, Қазақстандағы ірі өзендердің бірі Сырдария өзенінің оң жағалауында, Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласынан оңтүстік батысқа қарай 830 км қашықтықта орналасқан.

Қала аумағы 2,4 мың шаршы км немесе облыс аумағының 1,1%-ын құрайды. Қаланың әкімшілік-аумақтық құрамына 2 кент және 7 ауыл округтері, 18 елді мекендер кіреді. Ауылдық елді мекендерде халықтың жалпы санының 8,2 пайызы тұрады.

Қызылорда қаласы тұрғындарының 95 пайызы «Батыс Европа-Батыс Қытай» автожолының бойында орналасқан елді мекендерде тұрып жатыр. Халықтың орналасу тығыздығы әр 1 шаршы шақырымға 112 адамды құрап, орташа облыстық көрсеткіштен (1 шаршы км 3,3) жоғары.

Қызылорда қаласында халық саны тұрақты өсіммен сипатталады. 2009 жылғы халық санағына сәйкес халық саны 211,9 мың адамды құраса, 2015 жылдың 1 қаңтарына тұрғындар саны 268,9 мың адамға жетті (немесе облыс халқының 35,7%). Оның ішінде еркектер санының үлесі 49%, әйелдердің үлесі 51%.

Қалада халықтың өсуінің орнықты үрдісі бала туу өсімінің есебінен, халықтың көші-қоны айырмасының оң көрсеткіші есебінен жүзеге асырылды және өңірді дамыту перспективасында позитивті фактор ретінде бағаланады.

Қызылорда қаласы автомобиль жолдарының, теміржол, әуе көлігінің маңызды және тиімді жол торабы болып табылады. Қала арқылы Орынбор-Ташкент магистральды темір жол желісі өтеді. Облыс аумағында 7 аудан және облыс орталығын қамтитын «Батыс Европа-Батыс Қытай» автомобиль жолының жалпы ұзындығы 812 км болса, қала арқылы өтетін жолдың ұзындығы 112 км құрайды.

Сонымен қатар, қалаға жергілікті маңыздағы облыстың аудандарымен шаруашылық байланысты қамтамасыз етуші жолдар қосылған.

Қызылорда қаласының аумағынан ұзындығы 76 км-дей оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай Сырдария өзені ағып өтеді.

Қызылорда қаласы шөлді аймақта орналасқан, жазы ұзақ, ыстық әрі құрғақ, ал қыс мезгілінде қар аз түсіп, желді болады. Ауаның орташа температурасы 9,1°C. Жылына орташа есеппен 130 мм жауын-шашын түссе, жаздағы жер бетінің булануы түскен жауын-шашыннан 20 еседен артық.

Қызылорда қаласында жолаушылар тасымалын жүзеге асыратын қалаішілік 25 бағыттағы және қала маңына қатынайтын 6 бағыттағы маршруттарда барлығы 788 автокөлік қызмет көрсетуде.

Халықтың тұрғын үймен орташа қамтамасыз етілуі бір адамға 21,7 шаршы метрден келеді. Орташа облыстық көрсеткіштен (19,5) және ауылды жердегі (18) көрсеткіштен жоғары.

### **2.1 - Бағыт: Экономика**

#### **2.1.1. Өңірлік макроэкономика**

Өңірлік экономиканы айқындайтын негізгі сала – мұнай газ секторы болып табылады. Қала бойынша өнеркәсіп орындарымен өндірілген өнімнің 94,4 пайызы кен өнеркәсібі саласының үлесінде. Өңдеуші саланың үлесі 3 пайыз деңгейінде.

Облыстағы өнеркәсіп өндірісі барынша Қызылорда қаласында орналасқан. Облыс бойынша өндірілген өнеркәсіп өнімдерінің 90,7 пайызы Қызылорда қаласында өндірілген. Осыған байланысты өңірде экономиканың тұрақты даму тенденциясы сақталуда. 2014 жылы өндірілген жалпы өңірлік өнім 1318,2 млрд.теңгені құрап, 2012 жылмен салыстырғанда 12 пайызға артты (1176,6 млрд.теңге).

#### **Жергілікті бюджетке түсетін түсімдер.**

2012-2014 жылдар ішінде жергілікті бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдердің өсу қарқыны 2012 жылы 115,7% 2014 жылы 143,2% құрады.

Осы мерзім ішіндегі түсім көлемінің ұлғаюы қала аумағында газдандыру, жол салу сияқты ірі жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ мұнай секторында және оларға қызмет көрсетуші сервистік компаниялармен атқарған жұмыстары нәтижесінде қол жеткізілді.

Облыстық статистика мәліметтеріне сәйкес 2012-2014 жылдар ішінде Қызылорда қаласы бойынша нақты жалақы қорының тұрақты өсіп, сәйкесінше жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық көлемінің өсуіне әсерін тигізді.

2012-2014 жылдар ішінде Қызылорда қаласының салық базасын кеңейту шаралары нәтижесінде мүлік, жер, көлік салықтарының да өсу қарқыны артты. Осы салықтар бойынша орташа өсу қарқыны мүлік салығы бойынша 114,1%, жер салығы – 106,2%, көлік салығы 115,6% құрады.

**SWOT – талдау**

<b>Күшті жақтары (S)</b>	<b>Әлсіз жақтары (W)</b>
1.Салық салу базасын ұлғайтудың «Жол картасының» жүзеге асырылуы 2.Түсім көлемін толық және уақытылы өндіру, сонымен қатар салық базасын ұлғайту мақсатында үнемі салықтық бақылау жүзеге асырылуда. 3.Салық төлеуші (салық агенті) табыс еткен салық есептіліктерін, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу мен талдау негізінде камералдық бақылау жүргізу	1. Дүние жүзілік дағдарыс, мұнай бағасы және өндіру көлемі төмендеп мұнай секторындағы мекемелер де және оларға қызмет көрсететін ірі салық төлушілердің де жұмыс көлемі азайып, сәйкесінше жалдамалы жұмысшы саны, жалақы қоры және төленетін салық сомаларының да азаюы
<b>Мүмкіндіктері (O)</b>	<b>Қауіптері (T)</b>
1. Қызылорда қаласы аумағында ірі инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуы; 2. Халықтың айлық жалақысының өсуі; 3. Шағын және орта бизнесті мемлекет тарапынан қолдаудың бағдарламаларының жүзеге асырылуы;	1.Әлемдегі қаржы дағдарысының кері әсері

### **2.1.2. Өнеркәсіп.**

Қызылорда қаласы экономикасында өнеркәсіп маңызды роль атқарады. Жалпы облыстық өнеркәсіп өнімдері өндірісі көлеміндегі қаланың үлесі 92,4%–ды құраса, онда жұмыспен қамтылғандардың үлесі 73,6%.

2014 жыл қорытындысымен өнеркәсіп өнімінің нақты көлем индексі 95,9%, орташа облыстық көрсеткіштен 1 пайыздық тармаққа төмен. Өнеркәсіп өнімінің 94,4% негізінен шикі мұнай өндіру басым (94,7%) кен өнеркәсібінің үлесінде. Өңдеу өнеркәсібінің үлесі 3%, электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау саласының үлесі 2,3%, сумен жабдықтау саласының көлемінің үлесі 0,3%.

Кесте 1 – 2012-2014 жылдардағы өнеркәсіп көрсеткіштері

Атауы	Өнеркәсіп көлемі, млрд. теңге			НКИ, %			Үлесі,%		
	2012ж	2013ж	2014ж	2012ж	2013ж	2014ж	2012ж	2013ж	2014ж
Өнеркәсіп өнімінің (тауарлардың, қызметтерінің) көлемі	1048,8	1083,1	1045,5	100,8	99,4	95,9	100,0	100,0	100,0
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	1001,1	1032,5	987,3	100,2	98,9	95,3	95,5	95,3	94,4
Өңдеу өнеркәсібі	23,8	26,5	31,3	95,4	117,2	111,1	2,3	2,5	3,0
Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау	20,8	20,7	23,7	137,6	112,5	107,4	1,9	1,9	2,3
Сумен жабдықтау	3,1	3,4	3,2	109,6	93,3	85,5	0,3	0,3	0,3

2012-2014 жылдар ішінде өнеркәсіп құрылымында оң өзгерістер орын алып, кен өнеркәсібінің үлесі 1,1 пайыздық тармаққа қысқарып, өңдеу өнеркәсібінің үлесі 0,7 пайыздық тармаққа артты (кесте 1).

Жалпы өнеркәсіп құрылымында өңдеуші өнеркәсіп саласының үлесін ұлғайту және экономиканы тұрақты дамыту мақсатында Қызылорда қаласын өндіріс орталығына айналдыруды көздейтін индустриалды аймақ құрылды. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде бағдарламаның «Өндірістік инфрақұрылымды дамыту бойынша жұмыстар жүргізу» бағыты бойынша Индустриалдық аймақты қажетті

инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында республикалық бюджеттен 2,6 км жол, 1,5 км сыртқы су желілері, 3,7 км кәріз желілері құрылысы салынды.

Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде өнеркәсіпті дамытудың негізгі құралы индустрияландыру картасы бойынша 2010-2014 жылдары қалада жалпы құны 17,3 млрд.теңгені құрайтын 25 жоба іске қосылып, 565 жаңа жұмыс орындары ашылды. Осы мерзімде химиялық реагенттер өндірісі зауыты, ауылшаруашылық техникасын құрастыру, жол құрылыс материалдары өндіретін зауыттар іске қосылды.

Қазақстан Республикасында индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында жыл басынан бері 8 жоба іске қосылып 219 адам жұмыспен қамтылды. Олар:

1. «Жан Арай Жем» ЖШС-нің «Қуаттылығы тәулігіне 80 тонна құрама жем зауыты» жобасы.
2. «МаксимаЛогистиксҚазақстан» ЖШС-нің «Керамикалық кірпіш өндіретін зауыт құрылысы» жобасы 1 маусымда іске қосылды.
3. «Азиаш» ЖШС-нің «Сэндвич панел өндіру» жобасы;
4. «Узаков» ЖК-нің «Қабырғалық және тротуарлық материалдарының өндірісі» жобасы.
5. «Ақ-Мерген» ЖШС-нің «Стенділік атуға арналған атқыштар кешенін ұйымдастыру» жобасы.
6. ЖК «Сейтжаппарованың» «Батыс Европа – Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізінің бойында салынатын қызмет көрсету орталығы» жобасы.
7. «РМЗ- Шапағат» ЖШС-нің «Үй құрылыс комбинаты» жобасы;
8. «Газ Трейд» ЖШС-нің, «Автомобильді газбен толтыру бекетінің құрылысы» жобасы.

Бағдарламаның екінші бесжылдығында (2015-2019 жылдар) индустрияландыру картасына енгізілген жалпы құны 59,4 млрд. теңгені құрайтын 19 жоба жүзеге асырылуда. Олардың қатарында «Шыны шығару зауыты», «Темір бетон бұйымдарын шығару», «Асфальт-бетон зауыты», Электр насос қондырғыларын жинау цехы», «Полимерлік құбырлар өндіру зауыты», «Машина жасау зауыты», «Феррокорытпа зауыты», «Мұнай өнімдерін өңдеу зауыты», басқа да жобалар бар.

#### **Кен өнеркәсібі.**

Қала экономикасында өнеркәсіп өндірісінің негізін – кен өнеркәсібі құрайды. Мұнай-газ өнеркәсібінің жалпы өнеркәсіп көлеміндегі үлесі 86,3%.

2012-2014 жылдардағы көрсеткіштерге талдау жасау барысында мұнай өндіру көлемінің жыл сайын төмендеуі байқалады. Өндіріс көлемінің төмендеуі мұнай кеніштерінде мұнай қорының сарқылуы және сулануы себебінен орын алып отыр. 2014 жыл қорытындысымен мұнай өндіру 6,3 пайызға төмендеген. Кен өндіру саласы құрылымында техникалық қызмет көрсету көлемінің үлесі 5%-дан 8,6%-ға артты (кесте 2).

Кесте 2 – Мұнай-газ өнеркәсібінің көрсеткіштері, 2012-2014 жылдар

Атауы	Өлшем бірлігі	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Мұнай-газ өнеркәсібінің жалпы өнеркәсіп көлеміндегі үлесі	%	91,0	89,7	86,3
Шикі мұнай өндіру	мың тонна	10779,0	10585,0	9920,0
Кен өнеркәсібі саласындағы техникалық қызметтер үлесі	%	5,0	6,4	8,6

Кен өндіру саласындағы мұнай және газ конденсатын өндіруші «ПетроҚазақстанҚұмкөлРесорсиз» АҚ, «ТорғайПетролеум» АҚ, «Қазгермұнай», «ҚуатАмлонМұнай», ҚОР, СНПС «Айдан мұнай» ірі компаниялары қала аумағында жұмыс жасайды. 2011-2015 жылдар ішінде «Қазгермұнай» АҚ-ы және «Саутс Ойл» ЖШС-гі ілеспе мұнай газын пайдалану жобасын іске қосты. Келешекте мұнай қорының сарқылуына байланысты осы саланың өсу қарқыны бәсеңдейтін болады.

#### **Өңдеу өнеркәсібі.**

Жалпы өнеркәсіп құрылымында өңдеу өнеркәсібінің үлесі жыл сайын артып келеді. Соңғы үш жылда 23,8 млрд.теңгеден 31,3 млрд.теңгеге жетіп, облыс бойынша өндірілген өнімнің 43% қамтамасыз етті. Қала экономикасында өңдеу өнеркәсібі тамақ өнеркәсібі, машина жасау, мұнай өнімдерін өңдеу, құрылыс материалдарын өндіру, химия және жеңіл өнеркәсіптері есебінен қалыптасқан. Тамақ өнімдерін өндіру 32%, мұнай өңдеу өнімдерін өндіру 24%, құрылыс материалдарын өндіру 17%, машина жасау саласы 20% құрайды.

Соңғы үш жыл ішінде тамақ өнеркәсібінің көлемі 2 есеге, мұнай-химия өнімдерін өндіру көлемі 1,5 есеге, құрылыс материалдарын өндіру көлемі 2,5 есеге артты.

2012-2014 жылдардағы мәліметтерге талдау жасау барысында жалпы өңдеу өнеркәсібінің нақты көлем индексі 2012 жылы 106,4%—дан 111,1%—ға артқан. (Кесте 3). Себебі өңірде мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жаңа жобалар іске қосылуда.

Дегенмен жеңіл өнеркәсіп саласында өнім көлемі тапсырыстың аз болуына байланысты төмендеген. Негізгі себептер: біріншіден, сауда орындарында Қытай мемлекетінен тасымалданатын дайын арнайы киімдер, сапасы төмен болғанымен, төмен бағамен сатылуда; екіншіден, арнайы киімдерге тапсырыс беруші мұнай компанияларында өнім көлемі азаюына байланысты жұмыскерлер демалысқа жіберілуіне, босатылуына байланысты тапсырыс көлемі азайған.

**Кесте 3 – Қызылорда қаласы бойынша өңдеу өнеркәсібінің негізгі көрсеткіштері**

Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Өңдеу өнеркәсібінің НКИ	%	106,4	117,9	111,1
Өңдеу өнеркәсібінің жалпы өнеркәсіп өнімі көлеміндегі үлесі	%	1,9	2,3	3,0
Тамақ өнеркәсібінің өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі	%	18,0	18,0	22,5
Машина жасау өнеркәсібінің өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі	%	17,3	13,4	12,8
Мұнай өңдеу өнеркәсібінің өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі	%	43,5	43,9	38,1
Химия өнеркәсібінің өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі	%	0,8	0,5	2,5
Өзге де металл емес минералды өнімдері өнеркәсібінің өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі	%	12,0	17,4	20,0
Жеңіл өнеркәсіптің өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі	%	1,2	0,8	0,7

2014 жылы тамақ өнеркәсібінде 7,0 млрд.теңгенің өнімі өндіріліп, 2012 жылмен салыстырғанда 2 есеге жуық артық өндірілді. Саладағы ірі кәсіпорындар: «Абзал и К» ТС, «Ақорда Капитал», «Най Мир», «Ақмарал ПК», «Алтын дән», «Аквалайн», «Асетан», «Зерновая Долина» ЖШС-рі, т.б. Қалада негізінен ет, сүт, күріш, сусын, макарон, нан және нан өнімдері өндіріледі.

Машина жасау саласында ауыл шаруашылық техникасын шығаратын «Азов Арал Агромаш» ЖШС-гі және темір жол кәсіпорыны жұмыс атқарады. 2014 жыл қорытындысымен салада 4,0 млрд.теңгенің өнімі өндіріліп, жалпы өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 12,8%-ды құрады. Соңғы үш жылдағы өсу қарқыны 115,2%.

Қазіргі уақытта «Байқоңыр» ӘКК АҚ арқылы жалпы құны 3,7 млрд.теңгені құрайтын машина жасау зауыты құрылысы жобасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру саласында мұнай өңдеу өнімдері (бензин, мазут, газойл) және көмірсутекті сұйытылған газ өнімдері өндіріледі. 2014 жылы салада 11,9 млрд.теңгенің өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 103,2% құрады. 2012-2014 жылдары өндірілген бензин 2,3 есеге, газойлдер – 2 есеге, сұйытылған газ 3,8 есеге артты.

«КазФрак» ЖШС, «КНМПЗ» ЖШС – салада жұмыс жасап тұрған кәсіпорындар.

Индустриялық инновациялық даму бағдарламасының екінші бесжылдығын жүзеге асыру шеңберінде 2016-2019 жылдары мұнай өңдеу өнімдерін өндіру саласында 2 жобаны («КНМПЗ» ЖШС-і – қолданыстағы зауытты кеңейту және «Nik oil company» ЖШС-і «Қызылорда қаласында мұнай өңдеу зауытының құрылысы» жобасы) іске қосу жоспарлануда.

Химия өнеркәсібі саласында 2014 жылы 770,7 млн.теңгеге өнім өндіріліп, 2012 жылмен салыстырғанда ақшалай мәнде 5 есеге артқаны байқалады. Жалпы өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 2012 жылы 0,8%-дан 2,5%-ға жетті. Салада жұмыс жасап тұрған кәсіпорын «Хуа Ю Интернационал в Кызылорде» ЖШС-гі.

Құрылыс материалдарын шығару көлемі жыл сайын артуда. 2014 жылы 6,3 млрд.теңгенің өнімі өндіріліп, 18 пайыздық өсім қамтамасыз етілді. Соңғы үш жылдағы өсу қарқыны 262%. Жалпы өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 2012 жылы 12%-дан 20%-ға артты.

Қызылорда қаласы аумағында ірі жоба «Батыс Европа-Батыс Қытай» халықаралық автожолы құрылысының салынуы, «Қолжетімді баспана» бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй құрылысының дамуы, Қызылорда қаласын және елді мекендерін газдандыру жобасын жүзеге асыру құрылыс материалдарын шығару саласының даму қарқынын арттыруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде соңғы үш жылдағы тауарлы бетон және бетоннан жасалған құрылыс конструкцияларын өндіру 2 есеге, керамикалық кірпіш өндіру 2,2 есеге артты.

2015 жылы өңірлік индустрияландыру картасы шеңберінде Қызылорда қаласында қуаттылығы жылына 15,0 млн.дана керамикалық кірпіш шығаратын, сэндвич панельдер шығаратын зауыттар іске қосылды. Жыл соңына дейін қуаттылығы 80 мың куб метр темір-бетон бұйымдарын шығаратын үй құрылысы комбинаты іске қосылатын болады.

Сонымен қатар, индустриалды инновациялық даму бағдарламасының екінші бесжылдығын жүзеге асыру шеңберінде 2016-2019 жылдары құрылыс материалдарын өндіру саласында 7 жобаны (темір-бетон, асфальт-бетон бұйымдары, кірпіш, шыны) іске қосу жоспарланды.

Осындай ірі жобаларды іске қосу қалада импорт алмастырушы және экспортқа бағытталған өндірістің, шикізаттық емес сектордың үлесін арттыруға мүмкіндік береді.

Салада жұмыс атқаратын кәсіпорындар: бетоннан жасалған құрылыстық мақсаттағы бұйымдар шығаратын «КСМиК», «Мелиоратор», «Алагер» ЖШС-і және «Құрылыс» АҚ-ы, кірпіш өндіруші кәсіпорындар «Асар Құрылыс», «Мелиоратор», «Береке КЗ» ЖШС-і және «Шалқыбаев», «Қожаниязов» жеке кәсіпкерлер және т.б.

Жеңіл өнеркәсіп саласында 2014 жылы 223,8 млн.теңгенің өнімі өндірілді, жалпы өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі – 0,7% құрайды. Салада жұмыс істейтін кәсіпорындар «Ас-КА», «Озық», «Шах-Изат», «Сұлтан-Сүйрік», «Саңыраулар қоғамының оқу өндірістік кәсіпорны» ЖШС-і және Соқырлар қоғамының оқу-өндірістік комбинаты, басқалары. Осы кәсіпорындармен арнайы киімдер, медициналық халаттар, мектеп формалары, ұлттық киімдер, төсек жаймалары және басқалары өндіріледі. Шығарылған өнімнің негізгі тұтынушылары жергілікті денсаулық сақтау мекемелері, құрылыс және мұнай өндіруші компаниялары.

#### **Отандық тауарөндірушілерді қолдау және жергілікті мазмұнды арттыру.**

Ұйымдар мен мемлекеттік органдардың тауар, жұмыс және қызмет түрлерін сатып алуы кезінде қазақстандық мазмұн мәселелерінің негізгі міндеттерін орындау мақсатында, қазақстандық мазмұнды мемлекеттік сатып алуда ұлғайту, ұлттық өнім шығарушылармен байланысты нығайту және отандық өндірісті қолдау бойынша бірқатар жұмыстар атқарылды.

2012 жылғы есептіліктің қорытындысы бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшілері және қала мектептері 1178 келісім-шарт нақты орындалып, оның жергілікті қамтуы 921,8 млн. теңгені немесе 88,8 пайызды құрады.

Мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда және кәсіпорындарда 1 -МС нысанындағы есеп бойынша жүргізілген мониторинг қорытындысында жыл бойынша 3556 сатып алу жүргізіліп, тауарлар сатып алуларда қазақстандық мазмұн үлесі 86,3 пайызды құрады .

Жұмыс және қызметті сатып алудың жергілікті мазмұн үлесі 91,3 пайызды құрады

2013 жыл қорытындысы бойынша қалаға қарасты мекемелері 1086 келісім шарт нақты орындалып, оның жергілікті қамтуы 18912,9 млн. теңге немесе 89,9 пайызды құрады.

Мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда және кәсіпорындарды 1-МС нысанындағы есеп бойынша жүргізілген мониторинг қорытындысына 2013 жыл бойынша сатып алу жүргізіліп, тауарлар сатып алулар қазақстандық мазмұн үлесі 86,9 пайызды құрады.

Жұмыс және қызметті сатып алудың жергілікті мазмұн үлесі 92,8 пайызды құрады.

ЭКСПО-2017 нысандарының құрылысы кезінде жергілікті өнімді пайдалану үшін «НК «Астана ЭКСПО-2017» АҚ-на Қызылорда қаласының тауарөндірушілерінің тізімі шығаратын құрылыс материалдарының тізімімен қоса жолданды.

Сонымен қатар отандық тауарөндірушілерді және жергілікті мазмұнды дамытуды қолдау мақсатында жергілікті тауарөндірушілердің қатысуымен форумдар, көрмелер және инвестициялық форумдар жыл сайын өткізіліп тұрады.

#### **SWOT – талдау**

<b>Күшті жақтары (S)</b>	<b>Әлсіз жақтары (W)</b>
1.Экономиканы әртараптандыру стратегиясын машина жасау, АӨК, құрылыс материалдары өндірісі, металлургияны дамыту арқылы жүзеге асырудың оң нәтижелері; 2. Барлық секторды дамыту үшін экспортқа бағдарланған мұнай-газ индустриясының әлеуетін пайдалану; 3. Өнеркәсіп саласында кадр даярлау бойынша көп салалы оқу орындарының және еңбек ресурстарының бар болуы; 4. Индустриялық аймақты дамыту арқылы инвестициялық тартымдылығын арттыру; 5. Технологиялық даму драйвері болатын ірі өндіріс кәсіпорындарының бар болуы.	1.Тау-кен өнеркәсібінің өңдеуші өнеркәсіптен басым болуы – тиісінше 3% және 94,4%; 2.Өнеркәсіпті әртараптандыру деңгейінің төмендігі; 3.Өнімдердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі, жергілікті кәсіпорындарда тапсырыс көлемінің төмендігі;
<b>Мүмкіндіктері (O)</b>	<b>Қауіптері (T)</b>
1. "100 нақты қадам" шеңберінде өнеркәсіпті дамыту; 2. 2015-2019 жылдарға арналған ҰИИД бағдарламасы шеңберінде өнеркәсіпті қолдау; 3. Бизнестің жол картасы-2020 бағдарламасы арқылы саланы қолдау;	1.Энергия тапшылығы әсерінен көрші аймақтарға тәуелді болуы; 2.Облыстағы ресурстарды ретсіз пайдалану әсерінен минералдық-шикізаттың сарқылуы.

**Саладағы негізгі мәселелер:**

- Өнеркәсіпті әртараптандыру деңгейінің төмендігі;
- Өнімдердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі;
- Өнеркәсіпті орнықты дамыту үшін меншікті энергия өндіруші қуаттылықтың жеткіліксіздігі;
- Инновациялық технологияны енгізу қарқынының жеткіліксіздігі.
- Жергілікті кәсіпорындарда тапсырыстың аз көлемде болуы.

**2.1.3. Агроөнеркәсіптік кешен**

2015 жылғы 1 қаңтардағы мәлімет бойынша ауыл тұрғындарының саны 22118 адамды құрады немесе Қызылорда қаласының жалпы тұрғындарының 8,2%. Жеке шаруашылық жетекшілерін есептемегенде ауыл шаруашылығы саласы жұмысшыларының жылдық орташа саны 1041 адам немесе қаладағы жалдамалы жұмысшылардың жалпы санының 1,2%, ауыл тұрғындарының 4,7%.

Қала бойынша ауылшаруашылық өнімдерін өндіру және қайта өңдеумен 300 ауылшаруашылық кәсіпорыны, 9 кәсіпорын тамақ өнімдерін өндіру және өңдеу өнеркәсібімен, 290 шаруа қожалығы айналысады.

Қаланың барлық жер қоры 235 988 гектарды құрайды, оның ішінде ауылшаруашылық мақсатындағы жерлер 167 794 гектар (71,1%), тыңайған жерлер 58 800 гектар, жайылымдық жерлер 157 376 (66,7%).

Қаланың ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі соңғы үш жылда 5,7% төмендеп, 2012 жылы 3230,2 млн. теңгеден 2014 жылы 3044,8 млн. теңгені құраған. Облыс бойынша 2014 жылы ауыл шаруашылығының өнімінің жалпы көлемі 48 238,1 млн.теңгені құраса, оның ішінде қаланың үлесі 6,3 пайызды құрап отыр. 2014 жылы көрсеткіштің төмендеуі егін шаруашылығында өндіріс көлемінің төмендеуі салдарынан орын алған: 2012 жылы 2027,6 млн. теңгеден 2014 жылы 1826,8 млн. теңгеге дейін (немесе 10,1%) азайған.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының егісі әртараптандыру нәтижесінде 2012-2014 жылдары жемдік дақылдың көлемі 582,8 гектарға көбейіп, 2014 жылы 1522 гектарды құрады.

Қаланың ауылшаруашылық құрылымында егін шаруашылығы 61,7%, ал мал шаруашылығы 38,3% орын алады.

Егін шаруашылығы саласында қалаға қарасты шаруашылықтарда күріш, бидай, картоп, көкөніс және бақша өнімдері өсіріледі. Егіс көлемінің құрылымында күріш дақылының үлес салмағы 44% құрайды. 2014 жылы күріштің өңдеуден кейінгі салмағы – 11,7 мың тонна. Соңғы үш жыл ішіндегі күріш дақылының өнімділігі 39,1 ц/га -ден 40,2 ц/га-ға немесе 16% артты (кесте 4).

Қалада 10418 гектар суармалы жерлер бар, оның ішінде 7907 гектар инженерлік жоспарланған жерлер, 5041 гектар күріштің ауыспалы егістігі, мал азығы және көкөніс ауыспалы егістіктері 2662,9 гектар орын алады.

Кесте-4. 2012-2014 жылғы аралығындағы егін шаруашылығы серпінділік көрсеткіші

Ауылшаруашылық дақылдарының атауы	2012 ж			2013 ж			2014 ж		
	Көлем, га	Орта өнім ц/га	Жалпы жиын,мың. тн.	Көлем, га	Орта өнім ц/га	Жалпы жиын,мың. тн.	Көлем, га	Орта өнім ц/га	Жалпы жиын,мың. т
Күріш	3113	39,1	12 172	2373	35,2	8 353	2910	40,2	11 650
Картоп	1000	138,4	13 840	1000	139,3	13 930	1000	109,0	10 896
Бақша	580	151,7	8 799	580	151,4	8 781	580	114,7	6 641
Көкөніс	931	143,1	13 323	931	145,2	13 518	932	113,6	10 581

**Мал шаруашылығы** саласында түйе және жылқы шаруашылығы дамуда. Атап айтқанда, 2012 жылды 2014 жылмен салыстырғанда жылқы шаруашылығы 28,7 пайызға өскен. Қаладағы түйе шаруашылығының 37,4%, жылқы шаруашылығының 29,6% Қосшыңырау ауылдық округінде өсіріледі.

Мемлекеттік «Агробизнес-2020» бағдарламасы аясында қалада 2012-2014 жылдар аралығында асыл тұқымды 816 бас МІҚ, 183 бас жылқы сатып алынды (кесте 5). Осыған сәйкес, 2014 жылды 2012 жылмен салыстырғанда МІҚ-ның басы 8242 басқа немесе 2,2 есеге, жылқының басы 674 басқа немесе 1,3 есеге көбейді.

Кесте-5. 2012-2014 жылдары субсидиялау бағдарламасы шеңберінде сатып алынған асыл тұқымды мал басы туралы мәлімет

Малдың түрі	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.
МІҚ, бас	184	237	395
Жылқы, бас	-	-	183

2014 жылы қаланың өндіруші кәсіпорындарымен 9,5 млрд. теңгенің азық-түлік өнімдері өндіріліп, 2012 жылмен салыстырғанда 156,7%-ға өсті (2012 ж. 3,7 млрд. теңге).

Қызылорда қаласы бойынша азық-түлік өндіру саласының 50%-н күріш өндірісі құрайды. Қала аумағында мемлекеттік стандартқа сәйкес келетін 7 күріш зауыты, шұжық өндіретін 3 кәсіпорын жұмыс жасайды.

Сүт өндірісін және ет өнімдерін дамыту үшін бірнеше жобалар ұйымдастыру керек. Қалада 2015 жылы «Жирен» ЖШС 500 бас МІҚ-ға бордақылау алаңы іске қосылды.

Қызылорда қаласы бойынша азық-түлік пайдаланудың Ұлттық мөлшеріне сәйкес азық-түліктің маңызды түрлерін өндіру көлемі жеткіліксіз. Ет бойынша - 40,8%, сүт және сүт өнімдері - 11,5%, жұмыртқа - 1,6% ғана қажеттілігін қамтамасыз етеді. Негізгі себебі барлық ауыл шаруашылық малының 71,2% жеке меншікте, 28,8% – ауылшаруашылық кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарының меншігінде болуына байланысты ет және сүт өнімдерін өндіру көлемінің 69% және 91% тиісінше үй шаруашылықтарының үлесінде болуы. Бұл өз кезегінде селекция жетістіктерін, алдыңғы технологияларды қолдануды қиындатады және тамақ өнеркәсібі, қайта өңдеу өнеркәсібін дамытуды тежейді.

#### **Ветеринария.**

Қала бойынша ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізу бойынша ветеринарлық ұйымдар құрылды. Соңғы үш жыл ішінде ветеринарлық ұйымдардың материалдық-техникалық базасы нығайтылып, 7 ауылдық және 2 кент округінде ветеринарлық пункттер ашылды.

Жануарларды аурудан қорғау және емдеу, жануарлар мен адамдарға тән жалпы аурулардан халықтың денсаулығын қорғау, ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жыл сайын бюджет қаржысы есебінен жануарлардың эпизоотиялық және энзоотиялық профилактикалық және диагностикалық зерттеулер шаралары жүргізіледі. Қала көлемінде типтік үлгідегі 9 мал қорымдары және 9 мал тоғыту ванналары бар.

Қалада ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жұмыстары атқарылып, деректер базасы жүргізіледі.

Бұл жұмыстарды жүргізу азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге оң әсерін тигізеді.

Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін сақтау мақсатында Қызылорда қаласында 3 мал сою алаңдары салынған, оның ішінде 1-і уақ мал сою алаңы. Барлық мал сою алаңдары күнделікті бақылауда, әр мал сою алаңында 1 ветеринарлық маманнан бекітілген. Мал сою алаңдарына келген ауылшаруашылығы жануарларының саулығына, ветеринариялық ілеспе құжаттарындағы деректеріне, яғни бірдейлендіру нөмірлеріне, ветеринариялық профилактикалық іс-шаралардың жүргізілуіне және етке сойылған жануарларды ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасынан алып тасталуына және Кеден одағы мемлекеттерінен базарларға түсетін өнімдердің ветеринариялық сертификаттарымен қабылдануына назар аударылады. Қала базарларына мал тегі өнімдерінің таза жіберілуіне ветеринариялық бақылау күнделікті жүргізіледі.

Қалада ішкі сауда объектілеріне келіп түскен ет өнімдерінің барлығы мал сою алаңдарында сойылған және ветеринариялық анықтамалармен тасымалданады. Ішкі сауда объектілеріндегі сатылып жататын мал өнімдері (ет, сүт өнімдері) міндетті түрде ветеринариялық анықтамамен қабылданады және ветеринариялық сараптама актісі негізінде сатылады.

Ішкі сауда объектілеріндегі ветеринарлық-санитарлық сараптама жүргізетін зертханалардың барлығы үй-жайлармен қамтамасыз етілген, жабдықтарға қойылатын белгіленген талаптарға сай құрал жабдықтармен жабдықталған және зертханалардың сапалы жұмыс атқаруына бөлім мамандары тарапынан күнделікті бақылау жүргізіледі.

Ауыл шаруашылығы жануарларын аурулардан сақтау және емдеу, халықты адам мен жануарларға ортақ аурулардан қорғау мақсатында жыл сайын бюджет қаражаты есебінен профилактикалық іс-шаралар, диагностикалық тексерулер жүргізіледі.

ҚР «Ветеринария туралы» Заңына қосымша өзгерістер енгізілуіне байланысты, Қызылорда қалалық ветстансасының жарғысына тиісті өзгерістер енгізілді. Қала бойынша эпизоотиялық және энзоотиялық ауруларға қарсы егу, қан алу, ауру жануарларды сою, жою және қаңғыбас ит, мысықтарды аулап жою аталған мекемеге міндеттелген. Аталған шаралардың жоспарға сәйкес және сапалы атқарылуын ұйымдастыру және бақылау бөлім қызметкерлерінің күнделікті міндеті.

**SWOT –талдау:**

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
1. «Сыбаға», «Құлан», «Алтын Асық» бағдарламалары аясында мал басының және өнімнің көбейуі экспорттың көлемінің артуына мүмкіндік береді. 2. Техниканың жылдам жаңаруы (Соңғы 3 жылда 172 бірлік алынды); 3. Алдағы егін науқанында 150 тонна картоп тапсыру туралы жергілікті ауылшаруашылық тауарларын өндірушілермен фьючерлік келісім шарт жасалды 4. Арзан табиғи газбен қамтамасыз етілуі (қысқы мезгілде жылыжайларды жылумен қамтамасыз ету және басқа да қажеттіліктерге).	1. Тұқым мен малдың генетикалық тұрғыдан сапасының төмендігі; 2. Мал мен құстың жем-шөп қорының әлсіздігі; 3. Қаладағы мал өнімдерін өңдейтін өндірістің жоқтығы (жүн, тері және қаракөл елтірісі); 4. Ауылшаруашылық техникаларының тозығының жетуі; 5. Ауылшаруашылығы құрылымдарының қажетті техникаларды сатып алудағы қаржылық қиындықтары; 7. Ауылшаруашылық өндірісінің майдалануы; 8. Еттің және сүт өндірісінің негізгі үлесі жеке қожалықтарда өндіріледі (69% және 91%);
Мүмкіндіктері (O)	Қауіп-қатер (T)
1. Ауылшаруашылығын дамыту үшін топырақтық-климаттық жағдайдың қолайлығы; 2. Жайылымдық жерлердің болуы; 3. Жаңа инновациялық аграрлық технологиялардың енуі; 4. Ішкі нарыққа кіру мүмкіндігі; 5. Саланы мемлекеттік қолдаудың белсенділігі; 6. Сервистік дайындау орталығы, кооперативтер, өңдеу нысандарын құру арқылы жеке өндірушілерді біріктіру; 7. Мал шаруашылығы, оның ішінде ет бағыты экспорттық потенциалда басты орын алады.	1. Табиғат сипатындағы тәуекелдер (құрғақшылық, үсік шалу, жылу жетіспеушілік, артық ылғалдылық, бұршақ, дауыл, өсімдік және малдың жаппай ауруға ұшырауы); 2. Импортталатын арзан ет, сүт өнімдерінің жоғары тәуекелділігі; 3. Нарықта тауар толыққан жағдайда өндіру көлемінің азаюы.

**Саладағы негізгі мәселелер:**

- қолда бар ауыл шаруашылығы техникаларының тозығы жетуі;
- шаруашылық құрылымдардың қажетті көлемде техника сатып алуға мүмкіншіліктерінің жоқтығы;
- ауыл шаруашылығы өндірісінің майдалануы;
- азық-түлік тауарларының ішкі нарығында терең өңделген өңірлік тауарлар үлесінің төмендігі;
- экономиканың аграрлық саласына инвестиция тарту деңгейінің төмендігі;
- жайылымдық жерлердің тозуы;
- жайылымдардағы суландыру мәселелерінің уақытылы шешілмеуі
- өңірде мал шаруашылығы өнімдерін (жүн, тері, елтірі) өңдейтін кәсіпорындардың болмауы.

2014 жылы облыстық бюджет есебінен сатып алынған кент, ауыл округтеріндегі 9 ветеринариялық пункттерді ұстап тұру шығындарына қаржы жетіспеуде. Бұл жөніндегі мәселе облыс көлемінде шешімін таппай, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіне ұсынылды.

**2.1.4. Шағын және орта бизнес, сауда**

Шағын және орта бизнес аймақ экономикасының өсуінің басты факторларының бірі болып табылады және әлеуметтік саланы дамытуда маңызды роль атқарады.

Шағын және орта кәсіпкерлікте тіркелген субъектілердің саны қала бойынша 2014 жылы 25796 бірлікті немесе өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 98,8% құрап отыр (2013 жылы 26104 бірлік). 2013 жылды 2012 жылмен (24835 бірлік) салыстырғанда 5,1% артқан.

Шағын және орта кәсіпкерлік құрылымында тіркелген субъектілердің басым үлесін жеке кәсіпкерлер құрайды (2012-2014 жылдары орта есеппен алғанда – 77%), заңды тұлғалар орта есеппен алғанда 23% құрайды.

Шағын және орта кәсіпкерлікте жұмыспен қамтылғандар саны 2012 жылы 30234 адамды құрады. 2013 жылы жұмыспен қамтылғандар саны 36927 адамды құрап, 2012 жылмен салыстырғанда 22,1% артты. 2014 жылы жұмыспен қамтылғандар саны 37612 адамды құрап, 2012 жылмен салыстырғанда 24,4% немесе 7378 адамға өсіп, ал 2013 жылмен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандар саны 1,8% немесе 685 адамға өсті.

Шағын және орта кәсіпкерлік құрылымында жұмыспен қамтылғандардың 50,3% жеке кәсіпкерлер және 49,6% заңды тұлғалар құрап отыр.

Кесте-6. Өңірдегі шағын және орта кәсіпкерлік саласының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2012 ж.	2013ж.	2014ж.
Шағын және орта кәсіпкерліктегі тіркелген субъектілерінің саны	бірлік	24 835	26 104	25 796
Шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің саны	бірлік	16 870	20 075	19 927
Шағын және орта кәсіпкерліктегі белсенді субъектілерінің үлесі	%	67,9	76,9	77,2
Шағын және орта кәсіпкерліктегі жұмыспен қамтылғандар саны	адам	30 234	36 927	37 612

Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» Заңында орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың жанындағы сараптама кеңестеріне ҚР Ұлттық кәсіпкерлік палатасының, жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктерінің, аккредиттелген коммерциялық емес ұйымдардың, мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді.

Осы ретте, қолданыстағы заң талаптары негізінде Қызылорда қаласы әкімдігі жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі Сараптамалық Кеңес құрамы бекітіліп, бүгінгі күні өз жұмысын жалғастыруда.

Қазіргі таңда, жыл басынан бері кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі Сараптамалық Кеңес мүшелерімен Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасының өкілдері тарапынан мемлекеттік мекемелермен ұсынылған 14 нормативтік құқықтық актілердің жобалары қаралып, қорытындылар берілді.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатында жыл сайын «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры, «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «КазАгроҚаржы» АҚ, «Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ және Қызылорда облысының аймақтық инвестициялық орталығы өкілдерінің қатысуымен семинарлар өткізілуде.

2010 жылдан бастап «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының өңірлік өкілдігі арқылы шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатында «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы жүзеге асырылуда.

2012-2014 жылдарға «БЖК - 2020» бағдарламасы аясында 1 542,5 млрд. теңгеге 187 жоба субсидияланды, 36 несие бойынша жартылай кепілдендіру және 1 грант берілді.

Кесте -7. «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасы аясында қаржылай қолдау алған жобалар саны

Қолдау құралдары	2012ж.	2013ж.	2014ж.
3 бағыт бойынша субсидиялау	55	67	65
Кепілдендіру	3	11	22
Гранттар	-	-	1
Өндіріс инфрақұрылымының дамуы	-	-	-

Шараларды жүзеге асыру нәтижесінде «БЖК - 2020» бағдарламасы бойынша 2012-2014 жылдары 7,3 мың жұмыс орны және қосымша 3,2 мыңнан астам жұмыс орны ашылды.

Экономиканың «ерекше кезең» жағдайындағы кәсіпкерлік және туризмді дамытудың Жол картасына сәйкес Үкімет тарапынан өңдеу өнеркәсіп саласындағы жеке кәсіпкерлік субъектілеріне 2015 жылы 100,0 млрд. теңге мөлшерінде жеңілдікті несие беру бағдарламасын қала кәсіпкерлеріне таныстыру мақсатында «Кәсіпкерлікті қаржыландыру көздері және мемлекеттік қолдау шаралары» тақырыбында ақпараттық семинар өткізілді.

Сонымен қатар «Прокуратура түсіндіреді» акциясы аясында кәсіпкерлердің меншік құқықтарын қорғау бойынша «Мемлекеттік бақылау және қадағалау» Заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды түсіндіруге бағытталған қалалық прокуратура мен қала әкімдігінің ұйымдастыруымен «Ауылдық елді – мекендерде кәсіпкерлікті дамыту көздері» тақырыбында семинар өткізілді.

Қызылорда қаласы әкімдігінің [kyzylorda.gov.kz](http://kyzylorda.gov.kz) ресми интернет ресурсында кәсіпкерлік қызметтің әртүрлі мәселелері жөніндегі ақпараттар жарияланды.

2016-2020 жылдарға шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту бағытында жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар аясында қаржылай және қаржылай емес құралдарды қолдануды жалғастыру, несие ресурстарының қолжетімділігін көтермелеу бизнесті жүргізуге жағдай жасайтын болады.

### Сауда.

Қала бойынша 1300 сауда нысандары қызмет көрсетуде (бөлшек сауда дүкендер желісі, сауда үйлері, сауда орталықтары), 16 сауда базарларындағы 4871 сауда орнында 8,0 мың адам жұмыспен қамтылған.

2012-2014 жыл ішінде Қызылорда қаласы бойынша бөлшек сауданың тауар айналымы 40,8% өсіп, 133,5 млрд. теңгені құрайды, оның ішінде: сауда кәсіпорындары сатылымы бойынша – 41,0 млрд. теңге; базарлар және жеке кәсіпкерлер сатылымы бойынша – 123,5 млрд. теңге (облыс бойынша тауар айналымы құрылымындағы үлесі -92,5%).

Шағын базарлардың санын және көлемін қысқарту бағытында, қаладағы базарларда оңтайландыру жұмыстарын жүргізу басталды. 2012 жылы қала бойынша 17 базар тіркелген, сауда орны – 5074, көлемі – 170,7 мың шаршы метр болса, 2015 жылдың басында қала бойынша 16 базар тіркелген, сауда орны – 4871, көлемі - 156,6 мың шаршы метрді құрады.

Сырттан тасымалданған азық-түліктің бағасын тежеу мақсатында, әлеуметтік - маңызды тауарларды өндірушінің босату бағасынан 10 пайыздан жоғары асырмай жиынтық үстеме бағасының деңгейін белгілеу жайлы, ірі-ірі жеткізушілермен жыл басында меморандумдарға қол қойылды.

Интернет – сауданың көлемі болмашы (2013 жылы - 45,0 мың теңге). Осы форматтағы сауданы төлеу, негізінен, қолма-қол жүргізіледі (24% төлем карточкасымен).

2011–2014 жылдар аралығында саланың дамуы Қазақстан Республикасындағы 2010-2014 ж. арналған сауданың дамуы Бағдарламасына сәйкес, заманауи сауда форматына көшу, бөлшек сауданың айналымында ірі сауда желілерінің үлесінің өсуі, сондай-ақ, сауда базарларының құрылымына талаптардың жоғарылауы бағытында жүргізілді. Оң серпінді өсімге қарамастан, процесс жай жүруде. Қала үшін базарлардың маңыздылығының жоғарылығымен және заманауи форматтағы сауда нысандарының төмен үлесімен сипатталады, сатылымның негізгі үлесі (72%) жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалардың тауар айналымына тән болып отыр.

#### SWOT – талдау

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
<ol style="list-style-type: none"> <li>1.Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау мақсатында өңірлік жол картасы аясында 2015-2017 жылдарға арналған кәсіпкерлікті және туризмді дамытуды жүйелендіру;</li> <li>2.Жыл сайын кәсіпкерлікті қолдауға бюджет шығындары көбейтілуде;</li> <li>3.Кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың табысты жүзеге асырылуы;</li> <li>4.Ауылда кәсіпкерлікті дамытуға шағын несие ұсынылуы;</li> <li>5.Қалада ШОК ұзақ мерзімді қаржыландыруға және қызметін үйлестіру үшін құрылған институционалдық құрылымдар: «Қызылорда» Аймақтық инвестициялық орталығы», кәсіпкерлер үйі, концессия бойынша комиссия, кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының бар болуы;</li> <li>6.ШОК ынталандырудың қолданыстағы жүйесі «Алтын Сапа», «Қазақстанның үздік тауары», «Шағын және орта бизнестегі жетістігі үшін»;</li> <li>7.Жыл сайын «Байқоңыр» инвестициялық форумының өткізілуі (инвесторлармен жұмыс жасау алаңы);</li> <li>8.Қазіргі заманға сай бөлшек саудадағы сауда форматтарын енгізу тәжірибесі жүргізілуде;</li> <li>9.Әлеуметтік маңызы бар тауарлар бағасына мониторинг жүргізілуде;</li> <li>10.Кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау мақсатында Бизнестің жол картасы-2020, Өнімділік – 2020 бағдарламалар жұмыс жасауда;</li> <li>11.Қызметтер көрсету саласын дамыту бағдарламасы бойынша сауда базарларын және бөлшек сауданы, электрондық сауданы жаңғыртуды мемлекеттік қолдау</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1.ШОБ үшін қаржы ресурстары қолжетімділігінің мәселелері;</li> <li>2.ШОБ субъектілерінде меншік айналым қаражатының, кепілдік мүлкінің жеткіліксіздігі</li> <li>3.ШОБ субъектілерінің инновациялық белсенділігінің төменділігі;</li> <li>4.Бизнесті дамытуда әкімшілік кедергілердің болуы;</li> <li>5.Бизнесте білім беру даярлығының жеткіліксіз деңгейі;</li> <li>6.Сауда қызметі шеңберінде көлеңкелі экономика үлесінің көптігі;</li> <li>7.Электронды сауданың әлсіз дамуы;</li> </ol>
Мүмкіндіктері (O)	Қауіп-қатер (T)
<ol style="list-style-type: none"> <li>1.Жаңа инвестициялық жобаларды сонымен қатар өндірісті кеңейтуге және жаңғыртуға бағытталған жобаларды республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландыру;</li> <li>2.Бәсекеге қабілетті жаңа өндіріс орындарын құру;</li> <li>3.Кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы аясында мемлекеттік қолдау шараларын қолдану есебінен шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды және оның тиімділігін көтермелеу;</li> <li>4.Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру есебінен жаңа жұмыс орындарын ашу;</li> <li>5.ЕАЭО аясында ШОБ және жаңа сауда форматтарын дамыту үшін стратегиялық инвесторларды тарту және бірігу.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1.Макроэкономикалық ортада қолайсыз өзгерістер: валюта курсы, капиталдың қымбаттауы, т.с.с.;</li> <li>2.Кәсіпкерлік белсенділіктің төмендеуі;</li> <li>3.Сыртқы экономикалық жағдайдың нашарлауы жағдайында ШОБ-пен байланыстағы жүйе құраушы компаниялардың өніміне сұраныстың азаюының ШОБ-қа әсері.</li> </ol>

**Саладағы негізгі мәселелер:**

- Аумақтағы базарлардың жоғарғы маңыздылығына тән сипаттылығы.
- Заманауи сауда форматтарының үлесінің төмендігі;
- Электрондық сауданың әлсіз дамуы;
- Кәсіпкерлердің бизнеске ынтасының жеткіліксіздігі;
- Көлеңкелі экономиканың сауда рыноктарының аясындағы кең көлемділігі;
- «Бизнестің жол картасы -2020» бағдарламасында заманауи сауда нысандары мен базарларды жаңғыртуға қолдау шарасы қарастырылса да, осы құралдарды пайдалану заңдылықтарының дамымауынан тежелуде.

**2.1.5. Өңіраралық ынтымақтастық**

Қызылорда қаласының өңіраралық байланысы оның қолайлы географиялық орналасуына, дамыған транспорттық инфрақұрылымына, технологиялық әлеуетіне, минералдық шикізаттың мол қорына, сондай-ақ «Батыс Европа-Батыс Қытай» халықаралық автожолының қала аумағынан өтуіне байланысты айқындалып отыр.

Қызылорда қаласының өнеркәсіп кәсіпорындары Қазақстанның басқа облыстарымен және басқа көршілес мемлекеттермен өңіраралық ынтымақтастық жағдайында жұмыс жүргізуде.

Тамақ өнеркәсібі, жеңіл өнеркәсіп салаларындағы және құрылыс бұйымдарын өндіру саласындағы жұмыс жасап тұрған бірқатар кәсіпорындар мәліметі негізінде 2012-2014 жылдардағы көрсеткіштеріне талдау жасау көрсеткендей (кесте 1), шикізат сатып алу және дайын өнімдерді жөнелту бойынша Қазақстанның солтүстік, батыс және орталық өңірлерімен, сондай-ақ Түркия және Қырғызстан мемлекеттерімен де сауда-экономикалық байланыс жүргізіледі.

Кесте 8. Өндірістік кооперация

Қалаға жеткізілетін өнімдер		
Өнімдер	Қызылорда қаласындағы тұтынушылар	ҚР басқа өңірлерінен тауар жеткізушілер
Ұн	«Зерновая долина» ЖШС	Орал, Ақтөбе
Қара күріш	Жергілікті күріш өңдеуші кәсіпорындар	Қызылорда облысының Сырдария, Жалағаш, Шиелі, Қармақшы аудандары
Цемент	«Құрылыс» АҚ	Шымкент қаласы
Қиыршық тас		Шымкент қаласы
Арматура		Павлодар қаласынан
Маталар, түймелер	«Озық» ЖШС	Алматы, Семей, Шымкент қалалары
Қаладан басқа өңірлерге шығарылатын дайын өнімдер		
Өнімдер	Қызылорда қаласының тауар жеткізушілері	Басқа өңірлердегі тұтынушылар
Макарон өнімдері (жайма, кеспе)	«Зерновая долина» ЖШС	Қызылорда облысы
Ақталған күріш	Жергілікті күріш өңдеуші кәсіпорындар	Қостанай, Көкшетау, Ақтау, Солтүстік Қазақстан, Орал облыстары
Арнайы киім	«Озық» ЖШС	Астана қаласы, Түркіменстан, Қырғызстан мемлекеттері
Темір бетон бұйымдары, тауарлы бетон	«Құрылыс» АҚ, «Алагер» ЖШС	Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстары

Қызылорда қаласында өткізілетін «Байқоңыр» инвестициялық форумдары нәтижесінде басқа мемлекеттермен өзара ынтымақтастық меморандумдары қабылдануда.

Агроөнеркәсіп саласы бойынша облыстағы күріш шаруашылығын дамыту жөнінде Ресейдің Краснодар өлкесімен келісімге қол жеткізілді. Польша Республикасымен күн және жел энергетикасы саласында, құрылыс, транспорт, жеңіл өнеркәсіп салаларында бірқатар инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға, оның ішінде Қызылорда қаласында жолаушылар терминалы құрылысын салу туралы келіссөз жүргізілуде. Сондай ақ, Қытай мемлекетінде ауыл шаруашылығын дамыту мақсатында өткізілген жоғары және

жаңа агротехнологиялар жетістігі жәрмеңкесіне жергілікті кәсіпорындар қатысып, сауда-экономикалық ынтымақтастыққа қол жеткізді.

Жергілікті тауар өндірушілердің басқа өңірлерде өткізілетін форум, көрме, жәрмеңкелерге белсенді қатысуы және ынтымақтастық байланысын дамытуы Қазақстанның өзге өңірлерімен және басқа мемлекеттермен тиімді сауда-экономикалық байланысын одан әрі дамытуға мүмкіндік беретін болады.

#### SWOT-талдау:

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
1. Құрылыс индустриясын дамытуға пайдалы қазбалардың мол әлеуетінің бар болуы; 2. Қала аумағында тамақ өнімдерін шығаруға ауылдық округтер мен елді мекендердегі мал және егін шаруашылығы дамытуға қолайлы жағдайдың жасалуы; 3. Қала аумағында күріш, бақша, көкөніс өнімдері, мал азығындық дақылдар өндіріледі.	1. Өңіраралық кооперация субъектілеріне қызмет көрсететін өңіраралық ақпараттық инфрақұрылым дамымауы; 2. Өңіраралық ынтымақтастық саласына мониторинг жүргізудегі қиындықтар
Мүмкіндіктер (O)	Қауіптер (T)
1. «Батыс Европа-Батыс Қытай» транзиттік коридорының елеулі әлеуеті. 2. Жоғарытехнологиялық, бәсекеге қабілетті өндірістерді құру және дамыту; 3. Өңіраралық байланыстың дамып, халықаралық деңгейге жету мүмкіндігі; 4. Қазақстан аумағында жүзеге асырылатын ірі өндірістік жобаларға қазақстандық мазмұнды арттыру.	1. Кәсіпорындардың жоғары қосылған құнды өнім өндіруге бағытталмауы; 2. Экономикалық дағдарыс салдарынан отандық өнімдерге сұраныстың әлсіз болуы.

#### Саладағы негізгі мәселелер:

- өндірілетін өнім ассортиментінің аздығы;
- бәсекеге қабілетті өнімді өндіруді шектейтін электрэнергия тапшылығы;
- кәсіпорындардың технологиялық базасының төмендігі.

## 2.1.6. Инновация және инвестициялар

#### Инвестициялар

2014 жылы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі өткен жылмен салыстырғанда облыстың барлық аудандарында төмендеген. Қызылорда қаласында 2014 жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 141,7 млрд.теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 11% төмендеген (кесте 9). Басты себебі облыс территориясында «Батыс Европа – Батыс Қытай» және «Бейнеу-Бозой-Шымкент» сияқты көлемді жобалардың аяқталуына байланысты.

Кесте 9 – Қала және аудандар бөлінісінде 2014 жыл бойынша негізгі капиталға инвестиция салу мәліметі

№	Атауы	Негізгі капиталға инвестиция салу мың теңге	2013 жылға (%)	Жалпы инвестиция көлеміндегі үлес салмағы (%)
1	Қызылорда облысы	262 583,0	67,9	100
2	Қызылорда қаласы	141 668,0	89,0	54,0
3	Арал ауданы	23 488,0	43,2	8,9
4	Қазалы ауданы	10 178,0	41,7	3,9
5	Қармақшы ауданы	28 857,0	56,2	11,0
6	Жалағаш ауданы	6 376,0	64,3	2,4
7	Сырдария ауданы	32 118,0	79,3	12,2
8	Шиелі ауданы	9 885,0	33,7	3,8
9	Жаңақорған ауданы	9 989,0	53,7	3,8
10	Байқоңыр қ.	24,0		

Дегенмен облыс бойынша көрсеткіштегі Қызылорда қаласының үлесі 54% құрайды. Қаржыландыру көздері бойынша негізгі капиталға салынған қаржының 76% кәсіпорындар мен ұйымдардың жеке қаражаты есебінен игерілген. 2012-2014 жылдар ішінде жеке қаражат есебінен игерілген инвестицияның үлесі 63,8%-дан 76%-ға артты.

Қызылорда қаласында инвестициялық саясаттың негізгі басымдығы инвестициялық жобалардың жүзеге асырылуына шетелдік және отандық инвесторларды тарту үшін қолайлы жағдай қалыптастыруға ықпал жасау болып табылады.

Елбасының «Нұрлы жол-болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңғырту саласында, инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруда шетелдік қаржы институттарымен ынтымақтастықты нығайту туралы тапсырмасына сәйкес қаржы ұйымдарымен қарым қатынас орнатылып, Еуропалық қайта құру және даму банкімен Қызылорда қаласының инфрақұрылымын дамытуға негізделген несиелік келісімдерге қол қойылды.

Нәтижесінде келісімдер бойынша Қызылорда қаласының электр, жылу және су желілерін, көшелерді жарықтандыру жүйесін қайта жаңғырту, тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу зауыты жобалары аясында, қала бойынша 63 млрд. теңгеден астам қаржыны құрайтын 8 жоба жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан Қызылорда қаласындағы ауыз сумен және жылумен жабдықтауды қайта жаңғырту жобалары үшін 2,6 млрд.теңге көлемінде гранттық қоса қаржыландыру ұсыну арқылы қолдау көрсетіледі.

Жобаларды жүзеге асыру су және жылуды тиімді пайдалануды және энергия үнемдеуді арттыруға, шығындарды азайтып, экологиялық стандарттарды жақсартуға мүмкіндік береді.

Азия Даму банкімен жалпы құны 179,0 млрд.теңгені құрайтын «Қызылорда қаласының сол жағалауының инфрақұрылымын дамыту» жобасы бойынша жобалау жұмыстары жүруде. Бүгінгі күні Азия Даму Банкімен осы жобаны жүзеге асыру бойынша келісімдерге қол жеткізілді.

Ауыл кәсіпкерлеріне қаржылық қолдау көрсетуге ықпал жасау мақсатында Өңірлік инвестициялық орталық құрылды, сонымен қатар «Байқоңыр» ӘКК жанынан Инвесторларға қызмет көрсету орталығы жұмысын бастады.

Қызылорда қаласының аумағында құрылған индустриалды аймақты қажетті инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында «Бизнестің Жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде 2,2 млрд.теңге бөлінді. Бүгінгі күні Индустриалдық аймаққа жалпы көлемі 116,2 гектарды құрайтын 8 жобаға жер телімдері бөлінді. Оның ішінде «Қызылорда қаласында табақша шыны шығару және өңдеу зауытының құрылысы» жобасы бойынша жобаның құрылтайшылары «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ және «Steward Engineers» компаниясы. Жобаның құрылыс жұмыстарын жүргізуші мекеме «Шымкентхим Монтаж» ЖШС-гі. Жобаның құны- 42,1 млн теңге, жаңадан 362 жұмыс орны ашылады. Қуаттылығы – тәулігіне 600 тонна, жылына 175 мың тонна табақша шыны. Жобаға Қызылорда қаласы Титов мөлтек ауданындағы Индустриялық аймақтан 50 га жер телімі 49 жыл мерзімге табысталды. Жобаны іске асыру мерзімі - 2014-2017 ж.ж. Қазіргі таңда зауыттың құрылыс жұмыстары жүргізілуде.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Бизнестің Жол картасы-2020» бағдарламасы шеңберінде индустриалды аймақта электрмен қамту жүйесі құрылысын салуға 1,5 млрд.теңге бөлініп, 35/10 подстанция, 2 трансформатор және 1 АРУ құрылыстары салынды.

#### **Саладағы негізгі мәселелер:**

- Кен өндіру секторында инвестициялардың басым болуы;
- Инвесторларға қызмет көрсету орталығында көрсететін қызметтерінің төмен деңгейі;
- Бюджеттік инвестицияларды дамытуға арналған шығыстардың қысқаруы сыртқы экономикалық ахуалдың нашарлауына себепші.
- Инвестиция тартуда жеке меншік әріптестікті дамыту.

#### **Инновациялар**

Технологиялық инновацияларды дамыту аймақта нақты сектордағы кәсіпорындар базасында жүзеге асырылуда. 2015 жыл басынан бері 2 инновациялық жоба іске қосылды. Атап айтқанда:

1) «Жан Арай Жем» ЖШС - қуаттылығы тәулігіне 80 тонна құрама жем шығаратын зауыт. Өңіріміздегі «Петкус» германиялық технологияны пайдалана отырып, құрама жем шығаратын бірінші зауыт.

2) «РМЗ Шапағат» ЖШС – қуаттылығы жылына 35 мың шаршы метр каркасты-панелді тұрғын үй құрастыратын үй құрылысы комбинаты. Бұл зауыт «WEILER» германиялық технологиясын пайдалану арқылы құрылыс материалдарын шығарады.

Кесте – 10. Инновациялық қызметтің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Инновациялық белсенді кәсіпорындардың саны	бірлік	54	60	60
Инновация саласындағы белсенділік деңгейі	%	16,6	11,6	11,4
Инновациялық өнімдер мен көрсетілетін қызметтер көлемі	млрд. теңге	2,9	4,5	2,7
Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелерді орындайтын қызметкерлердің саны	адам	176	189	234
ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған ішкі шығындар	млн. теңге	179,5	186,0	232,1

2013 жылы Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетінде ашылған инновацияны коммерцияландыру бөлімі өңіріміздегі Инновацияларды дамытудың қоғамдық институты болып табылады. Бұл бөлім Шымкент қаласындағы өңірлік технопаркпен байланыс орнатылған. Келешекке арналған инновациялық жобалар, әзірлемелер, технологиялар саны – 14 жоба.

Университет жанында жұмыс жасайтын зертхана базасында материалтану бойынша Ресей мемлекетінің ғалымдарының қатысуымен зерттеулер жүргізіледі.

Сонымен қатар, «Ы. Жахаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы» ғылыми зерттеу институты күріш тұқымының сорттарын яғни «Маржан», «Янтарь», «Ару», «ГС-98», «Тугискенский-1», «Каз Ветта» бірегей тұқымдарды өндіреді. Қазіргі уақытта институт «КАЗ.ЕР-6» және «КАЗ.НИИР-5» сорттары бойынша Сырдария, Казалы, Жалағаш аудандарында өндіріп жатыр. Жақында жаңадан өндірілетін сортқа «Сәлима» және «Айсәуле» атауларын беру жоспарлануда.

2014 жылы өңірімізде келесі зияткерлік меншік нысандары тіркелді: инновациялық патенттер – 5; селекциялық жетістіктер – 1; пайдалы модельге патент – 1; компьютерлік бағдарламалар - 3.

#### **Саладағы негізгі мәселелер:**

- Инновациялық қызметтің маңызын халық және бизнестің жеткіліксіз түсінуі;
- Шағын және орта бизнестегі инновациялық белсенділіктің төмен деңгейі;

Аймақтың инновациялық жүйе шеңберінде, ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының жергілікті университеттермен арасындағы нашар байланысты ескергенде, ұйымдасқан желілік өзара іс-қимылдың болмауы.

#### **SWOT – талдау**

<b>Күшті жақтары (S)</b>	<b>Әлсіз жақтары (W)</b>
1.Экономиканы әртараптандыру стратегиясын машина жасау, АӨК, құрылыс материалдары өндірісі, металлургияны дамыту арқылы жүзеге асырудың оң нәтижелері; 2. Барлық секторды дамыту үшін экспортқа бағдарланған мұнай-газ индустриясының әлеуетін пайдалану; 3. Өнеркәсіп саласында кадр даярлау бойынша көп салалы оқу орындарының және еңбек ресурстарының бар болуы; 4. Индустриялық аймақты дамыту арқылы инвестициялық тартымдылығын арттыру; 5.Мемлекеттік университетінің жанындағы технологияларды коммерцияландыру бөлімінің жұмысы арқылы инновацияларды ынталандыру; 6. Технологиялық даму драйвері болатын ірі өндіріс кәсіпорындарының бар болуы.	1.Тау-кен өнеркәсібінің өңдеуші өнеркәсіптен басым болуы – тиісінше 3% - 94,4% ; 2.Өнеркәсіпті әртараптандыру деңгейінің төмендігі; 3.Өнімдердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі, жергілікті кәсіпорындарда тапсырыс көлемінің төмендігі; 4.Инновациялық технологияны енгізу қарқынының жеткіліксіздігі. 5.Инновациялық қызметтің маңызын халық және бизнестің жеткіліксіз түсінуі; 6.Шағын және орта бизнестегі инновациялық белсенділіктің төмен деңгейі.
<b>Мүмкіндіктері (O)</b>	<b>Қауіптері (T)</b>
1. "100 нақты қадам" шеңберінде өнеркәсіпті дамыту; 2. 2015-2019 жылдарға арналған ҰИИД бағдарламасы шеңберінде өнеркәсіпті қолдау; 3. Бизнестің жол картасы-2020 бағдарламасы арқылы саланы қолдау; 4. 2020 жылға дейінгі ҚР инновациялық даму тұжырымдамасы және оны іске асырудың Жол картасы шеңберінде даму перспективалары; 5. Баламалы энергетика нысандарын салу арқылы инновациялық даму. 6. Ресей мен шетелдік жоғары оқу орындарының гранттары есебінен металлургия саласына кадрлар даярлау	1.Өңірдің инновациялық белсенділік төмен қарқыны нәтижесінде өнеркәсіптің бәсекеге қабілеттілігінің төмен болуы; 2.Энергия тапшылығы әсерінен көрші мемлекеттерге аймақтарға тәуелді болуы; 3.Облыстағы ресурстарды ретсіз пайдалану әсерінен минералдық-шикізаттың сарқылуы.

## **2.2 - Бағыт: Әлеуметтік сала**

### **2.2.1. Білім беру**

Қызылорда қаласының білім саласы Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсат, міндеттеріне және нысаналы индикаторларына сәйкес дамып келеді.

### Мектепке дейінгі білім.

Жыл сайын мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны артуда. 2012-2014 жылдар аралығында 6 мемлекеттік, 54 жеке меншік және 6 шағын орталықтар ашылды.

Бүгінгі күні қала бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны 173. Оның ішінде мемлекеттік балабақша саны-24, мектеп жанынан ашылған және жеке шағын орталық-40, жеке балабақша-109. Барлығы 15377 бала қамтылып, барлық 3 пен 6 жас аралығындағы 16897 баланың 91 пайызын құрап отыр.

2012-2014 жылдары республикалық және жергілікті бюджеттерден барлығы 1120 орынды құрайтын 5 балабақшаның құрылысы жүргізіліп, іске қосылды. 2015 жылы Қызылорда қаласы Көшербаев көшесінің бойынан 280 орындық мемлекеттік балабақша құрылысы жүргізілуде.

Жалпы қазіргі таңда қайтаруға тиісті 18 балабақшаның 5 ғимараты білім бөлімінің теңгеріліміне берілсе, 13 балабақша ғимаратын қайтару жұмыстары жүргізілуде.

Қайтарылған балабақшалардың ішінен 2014-2015 жылдары Талсуат ауылдық округіндегі 90 орындық «Заңғар» балабақшасы және Қызылорда қаласында 140 орындық «Баларман» балабақшасы ашылды.

Сонымен қатар, Ақжарма ауылдық округіндегі 100 орындық «Гүлдәурен» балабақшасы, Ақсуат елді мекеніндегі 140 орындық «Жауқазын» балабақшасы, №14 «Самал» балабақшасында қосымша 100 орындық 4 топ ашуға жұмыстар жүргізілуде.

Кесте 11. 3 пен 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту

Жылдар	Барлық мектепке дейінгі білім беру ұйымы	3 пен 6 жас аралығындағы бала саны	Мектепке дейінгі білім беру ұйымындағы 3 пен 6 жас аралығындағы бала саны	Балабақшамен қамту %	1 мен 6 жас аралығындағы кезекте тұрған бала саны
2012 жыл	99	18785	13338	71,0	18224
2013 жыл	112	19460	14576	74,9	18426
2014 жыл	146	16596	14489	87,3	12615
2015 жыл	173	16897	15377	91,0	10064

### Үш жылда атқарылған шаралар нәтижесінде:

- мектепке дейінгі тәрбие берумен қамту 91,0% (16897 баланың 15377-і балабақшамен қамтылған).
- мектепке дейінгі даярлықпен қамту 100%.
- Қызылорда қаласы бойынша кезекте тұрған бала саны – 10064 бала, оның ішінде 3-6 жас аралығындағы бала саны – 3818.

### Жалпы орта білім.

Қазіргі таңда 55 жалпы білім беретін мектеп және 1 кешкі мектеп жұмыс жасайды. Олардың ішінде 7 мектеп-лицей (№№ 3, 5, 10, 15, 23, 136, 264), 3 мектеп-гимназия (№1, №9, №212), 1 «Мұрагер» дарынды балаларға арналған мектебі (№2) бар. Қамтылған бала саны - 48440.

Кесте 12 Жалпы орта білім беру көрсеткіштері

Жылдар	Барлық мектеп саны	Оның ішінде инновациялық мектеп саны	Оның ішінде кешкі мектеп	Қала мектептері	Ауыл мектептері	Барлық бала саны
2014	54	11	1	39	14	45950
2015	56	11	1	41	14	48440

2015-2016 оқу жылында қала мектептерінде білім алатын 48440 оқушыға 5658 мұғалім дәріс береді. Олардың 5299-і жоғары білімді және 359-і арнаулы орта білімді мұғалімдер. Педагогтардың 698-і жоғары санатты, 1910-і I санатты, 1547-і II санатты мамандар. Жоғары және I санатты мұғалімдердің үлесі – 46,0%.

2014-2015 оқу жылында қала мектептерінде 5334 мұғалім оқушыларға дәріс берді. Олардың ішінде жоғары білімдісі- 4982, аяқталмаған жоғары -52, орта арнаулы – 300 мұғалім. Жоғары санатты-481, бірінші санатты -1946, екінші санатты-1499 мұғалім жұмыс жасайды. Қаладағы білім беру ұйымдарында 2014 жылы жоғары және бірінші санатты педагог кадрларлардың үлесі барлық педагогтардың 40,9 пайызын құрайды.

Қазіргі уақытта қала мектептерінің орыс бөлімінде кадр жетіспеушілігі байқалып отыр, сондықтан да Қызылорда қаласындағы 14 аралас мектепте және 1 орыс мектебінде (№198 орта мектеп) орыс бөлімінде зейнеткер мұғалімдер жұмыс жасауда.

Кесте 13 Педагог кадрлардың біліктілігі жөнінде мәлімет

Жылдар	Барлық мұғалім саны, бірлік	Жоғары білімді, бірлік	Арнаулы орта, бірлік	Жоғары санатты, бірлік	I санатты, бірлік	II санатты, бірлік	Жоғары және I санат үлесі%
2014	5334	4982	352	481	1946	1499	40,9
2015	5658	5299	359	698	1910	1547	46,0

«Назарбаев зияткерлік мектебі» мен Кембридж университетінің бірлесіп жасаған бағдарламасы бойынша қалалық білім бөліміне қарасты мектептерден барлығы 2014-2015 оқу жылында 285 мұғалім біліктілік арттыру курсынан өтіп қазіргі кезде жаңа технологиямен жұмыс жасауда.

I (озық) - деңгейден 51 мұғалім, II (негізгі) - деңгейден 43 мұғалім, III (базалық) - деңгейден 177 мұғалім, басшылықтан 14 мектеп директоры деңгейлік бағдарлама бойынша толық курстан өтіп сертификатталды.

Сонымен қатар «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы»АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының базасынан қысқа мерзімді курстардан барлығы 411 мұғалім біліктілік арттырды.

2012-2014 жылдары ішінде республикалық және жергілікті бюджеттерден барлығы 3550 орынды құрайтын 7 мектеп құрылысы салынып, іске қосылды. Нәтижесінде Қызылорда қаласы бойынша үш ауысымды оқытатын мектептер жойылды. Апатты жағдайда деп танылған №172 орта мектептің жаңа ғимараты салынуда. 2016 жылдың наурыз айында беріледі деп жоспарлануда.

Қала бойынша 55 мектептің тек 11 мектебінде физика кабинетімен, 20 мектепте химия кабинетімен, 22 мектеп биология кабинетімен жабдықталған. Мектептерді жаңа модификациядағы пән кабинеттерімен жабдықтау пайызы – 40 % құрап отыр.

Кесте 14 Қызылорда қаласы бойынша мектептер желісі

жылдар	Мектеп саны	Қала/ ауыл мектептер саны	Электронды оқыту жүйесі	Жаңа модификациядағы пән кабинеттері		
				физика	химия	биология
2012 жыл	51	38/13	20	9	11	20
2013 жыл	53	39/14	20	11	16	21
2014 жыл	53	39/14	20	11	20	22
2015 жыл	55	41/14	20	11	20	22

Жыл сайын мектеп оқушыларының арасында ҰБТ бойынша орташа балл көрсеткіші 2012 жылы 69,1 болса, 2013 жылы ҰБТ-ден орташа балл -76,8, 2014 жылы - 75,2 балл, 2015 жылы орташа балл - 81,0 құрады.

2014 жылы «Алтын белгіге» - 39 бала иеленсе, 2015 жылы 84 бітірушінің 49-ы өз білімдерін дәлелдеп, олардың саны 10 балаға артты.

«Электрондық оқыту» жүйесін енгізу шеңберінде қала мектептерін жаңа модификациядағы пән кабинеттерімен жабдықтау жалғастырылды. Химия кабинеті – 43,5%, биология кабинеті – 49%, физика кабинеті – 51%.

Қаланың «электрондық оқулықтар» жүйесін енгізу бойынша республикалық пилоттық жобаға қосылған 20 мектебінде жабдықтар орнатылды, бірыңғай локальдық желісіне қосылды, электрондық журнал мен күнтізбелік тақырыптық жоспарын қалыптастыру бағытында, оқушылар мен педагогтар қоғалысы бойынша статистикалық есептегі жұмыстары атқарылып жатыр.

Қаланың барлық мектептері Интернет желісінің ақпараттық ресурстарын белсенді түрде пайдаланып отыр. 2013 жылдан бастап қаланың 20 мектебі 4 тен 10 Мбит/сек жылдамдығындағы интернет желісіне қосылды.

#### Балардың құқықтары мен мүдделерін қорғау

Тұрмысы төмен отбасы балаларын ыстық тамақпен қамту - 100 пайыз, ыстық тамақпен қамтылған оқушылар саны - 5063 бала. Тасымалдауды қажет ететін 390 оқушы мектептерге бөлінген автобустармен 100 пайызға тасымалдануда.

Балаларды қосымша біліммен қамтуды көбейту мақсатында балалардың спорт, өнермен шұғылданыуына арналған №264 мектеп базасында қосымша білім беру орталығы, №267 орта мектеп жанынан және Тасбөгет кентінде №176 мектеп жанынан 2 «Оқушылар үйі» ашылды.

Кесте 15 Қосымша білім беру ұйымдары

	2012 г.	2013 г.	2014 г.	2015 г.
Жалпы саны	4	4	4	5
Қамтылған бала саны	2165	2374	2486	2525
Қамту пайызы	5,4	5,4	5,2	5,6

Қызылорда қаласына қарасты №5 балабақшада көзі нашар көретін балаларға арналған 1 топ, №50 балабақшада тіл мүкестігі бар балаларға арналған 1 топ, «Сыр жұлдызы» балабақшасында құлағы нашар еститін балаларға арналған 1 топ жұмыс жасайды.

Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін «Мұрагер», №№ 4, 7, 211, 222 мектептер жанынан 5 логопедтік пункт, №264 орта мектеп базасында және «Сыр жұлдызы» балабақшасы жанынан мүгедек балалар үшін арнайы инклюзивті топ ашылды.

Сонымен қатар, қаладағы 2 қосымша білім беру орталығына және 13 мектепте пандустар орнатылып, балалардың ғимаратқа кіріп-шығуына жағдай жасалған. Бұл бағытта жұмыстар ағымдағы жылы жалғастырылуда. Жыл сайын мүмкіндігі шектеулі балалар үшін «Жұлдызай» шығармашылық фестивалі, «Ыбырайхан LTD» ЖШС ұйымдастыруымен сурет байқауы өткізіліп, жеңімпаздары марапатталуда.

Кесте 16 Инклюзивті білім берумен қамту жайлы мәлімет

Жылдар	Мүмкіндігі шектеулі балалар саны	Оның ішіндегі мектепте оқитыны	Пайыздық көрсеткіш
2014	1237	492	39,8
2015	1390	375	26,9

Мектептерде және балабақшаларда инклюзивті топтар желісін арттыру үшін қазіргі уақытта арнайы материалдық-техникалық базамен жабдықтау және білікті мамандармен қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр.

## SWOT – талдау

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
1. 3 пен 6 жас аралығындағы баланы мектепке дейінгі білім беру ұйымымен қамтудың өсуі (71%-дан 91%-ға) 2. Қызылорда қаласы бойынша үш ауысымды және апатты мектептердің болмауы. 3. Білім беру нысандарының жыл сайын құрылысының салынуы. 4. Ұлттық бірыңғай тестілеудің орташа балының өсуі (69,1%-дан 81%-ға) 5. Қызылорда қаласының мектеп бітірушілері Ресейдің жоғары оқу орындарында білім грантымен оқуы	1. Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында 1 жас пен 3 жас аралығындағы бөбекжай топтарының жетіспеушілігі; 2. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын мамандармен қамтамасыз ету деңгейінің төмендігі. 3. Білім беру ұйымдарын материалдық-техникалық базасының төмендігі.
Мүмкіндіктері (O)	Қауіптері (T)
1. Педагогтардың біліктілігін арттыру курстарының тұрақты жүргізілуі 2. Жаңа білім нысандарының іске қосылуы 3. Мектепке дейінгі ұйымдармен қамтуды 100 пайызға жеткізу	1. Интернет желісіне қолжетімдік бағасының жоғары болуы

## Саладағы негізгі мәселелер:

- 1 мен 3 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту;
- Мектепке дейінгі тәрбие бойынша жоғары санатты мамандардың жетіспеушілігі;
- Орыс бөлімі бойынша кадр жетіспеушілігі,
- Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасайтын мамандардың болмауы;
- Мектептердің материалдық-техникалық базасының жетіспеушілігі;
- Кең жолақты Интернет желісіне қосылуы;
- Инклюзивті білім берумен қамту пайызының төмендігі.

## Жастар саясаты

Қалада 68458 жас болса, олардың мүддесін қорғайтын 40-қа жуық жастар ұйымдары қызмет атқарады. Мемлекеттік жастар саясатын қала көлемінде жүзеге асыру үшін жыл сайын арнайы әлеуметтік тапсырыстар орнатылып келеді. Соңғы үш жыл ішінде осы мақсатқа бөлінген қаржы көлемі өсуде. 2012 жылы 4,9 млн. теңге бөлінсе, 2014 жылы 3,5 есеге ұлғайтылып 16,7 млн. теңгені құрады.

Кесте 17. Қызылорда қаласындағы жастар саны туралы ақпарат

	Жалпы халық саны	Жастар саны	Ер	Әйел
Қызылорда қаласы	260524	68458	-	-
Тасбөгет кенті	30771	4923	-	-
Белкөл кенті	3259	908	-	-
Қызылжарма ауылы	6730	1320	615	705
Ақжарма ауылы	2073	485	254	231
Талсуат ауылы	1716	406	187	219
Ақсуат ауылы	4482	1169	662	507
Қызылөзек ауылы	3450	852	478	374
Қосшыңырау ауылы	2935	787	304	483
Қарауылтөбе ауылы	1862	305	184	121

Мемлекеттік жастар саясаты саласында Қызылорда қаласы бойынша 10 әлеуметтік маңызы бар жоба жүзеге асырылады. Атап айтқанда

- «Эрудит» жас көшбасшылар мектебінің қызметін ұйымдастыру;
- Қаладағы жоғары және орта орнаулы оқу орындары арасында «Студент көктем-2015» өнер фестивалін ұйымдастыру;
- Жастар апталығын және «Сыр жастары – жасампаздық жаршысы» атты дәстүрлі жастар форумын өткізу;
- Жастар сыйлығына байқау ұйымдастыру;
- Жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған шараларды ұйымдастыру;
- «Қала жастарына әлеуметтік-құқықтық кеңес беру қызметі жұмысын ұйымдастыру»;
- «Қалада аула клубтарының қызметін ұйымдастыру»;
- «Математика саласында үздік жетістік көрсеткен жастарға арналған сыйлық үшін байқау ұйымдастыру»;
- «Жастардың құқықтық сауатын көтеру арқылы құқық бұзушылықпен қылмыс деңгейін төмендету мақсатында жұмыстарды ұйымдастыру».
- «Жастар арасында мәдени – көпшілік шаралар ұйымдастыру».

Қалалық ішкі істер басқармасының берген мәліметіне сәйкес 14-29 жас аралығындағы жастармен жасалған қылмыс саны 2014 жылдың 9 айында 1879 болса, 2015 жылдың 9 айы бойынша 215 қылмыс тіркелген. Оның ішінде 4-і кісі өлтіру, 25-і ұрлық, 19-ы бұзақылық. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 88,5 пайызға төмендеп отыр. 215 қылмыстың 32-і жасөспірімдермен жасалған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1 ғана қылмысқа азайып отыр. 32 жасөспірімнің ішінде маргиналдар саны – 13-ті құрап отыр. Жас ерекшеліктері 16-дан асқандар.

Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің берген мәліметіне сәйкес 2015 жылдың 1 қазанына дейін жұмыс іздеуші ретінде 4286 жас хабарласса, есепті айдың соңына тіркелген жастар саны – 821, оның ішінде 216 жас кент, ауылдық округтерден. Жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту мақсатында жыл басынан бері 7 рет «Бос жұмыс орындары жәрмеңкесі» ұйымдастырылып, бүгінгі күнге 1966 жұмыссыз жастар тұрақты жұмысқа орналасса, 30 адам әлеуметтік жұмыс орындарына, 625 адам қоғамдық жұмыстарға тартылды.

Жұмыссыздарды кәсіби мамандыққа оқыту және даярлауға еңбек нарығының сұранысына ие болған 17 мамандық түрлері бойынша 245 адам оқуға жолданды.

«Жұмыспен қамту – 2020 жол картасы» бағдарламасы аясында «Жастар тәжірибесіне» биылғы жылға 84 адамды жіберу жоспарланса, жыл басынан бері 90 мекемеге 213 жастар жолданып, оның ішінде 47 жас тұрақты жұмысқа орналасты.

Әлеуметтік жұмыс орындарына биылғы жылға 167 адамды қамту жоспарланса, жыл басынан бері 48 мекемеге 91 жастар жіберіліп, оның 20-сы тұрақты жұмысқа орналасты.

2015 жылдың 5 ақпанында бағдарлама аясында салынған 2 пәтерлік 7 үй берілді. Оның ішінде 9 отбасы 16-29 жас аралығындағы жетімдер қатарынан.

## SWOT – талдау

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
1. Қаладағы 14-29 жас аралығындағы жастардың мемлекеттік саясатқа жоғары деңгейде қатысып, белсене араласуы; 2. Қала әкімдігі жанында жастар саясаты жөніндегі кеңестің болуы; 3. Жастар саясатын жүзеге асыруға мемлекеттік-әлеуметтік тапсырыс шеңберінде бөлінетін қаржы жылдан жылға артып келе жатыр; 4. Жастар ұйымдары көбейіп, іс-шараларға белсене атсалысуда	1. Білікті мамандардың аздығы
Мүмкіндіктері (O)	Қауіптері (T)
1. Жастардың жұмыс жоспарын әзірлеу; 2. Жастар саясатын жергілікті деңгейде жүзеге асыру, іс-шаралардың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету.	1. Жастар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың көптеп орын алуы; 2. Дәстүрлі емес діни бірлестіктердің жастарды өзге ағымдағы діни ұйымдарға тартуы

### Саладағы негізгі мәселелер:

- Мемлекеттік жастар саясаты бойынша ведомствоаралық және салааралық өзара байланыстың әлсіздігі;
- Жастар саясатының ақпарат және мамандармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі;
- Жастардың халықаралық тәжірибе алмасуларының әлсіз дамуы.

## 2.2.2. Денсаулық сақтау

Қызылорда облысында Саламатты Қазақстан мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың нәтижесінде денсаулық сақтау ұйымдары мен басқару органдарының қызметінде кейбір көрсеткіштерге қол жеткізді. Қызылорда облысы бойынша халықтың өмір сүруі ұзақтығы 68,98 жасқа өскен, 2011 жылы 71,06 жас ал 2014 жылы (Республика бойынша -70,45 жас).

Қызылорда облысы бойынша 2015 жылы 1 қаңтарына халық саны 753 148 адамды құрады және 2013 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда (726 711 адам) 103,6 пайызға (26 437 адамға) өскен. Бұл көрсеткіш сонымен қатар облыста туу көрсеткішімен байланысты: 2012 жылы 1000 адамға шаққанда 25,9 дан 2014 жылы 1000 адамға шаққанда 27,29- ға дейін өскен (23,13-ҚР) немесе 5,4 пайыз.

Облыс бойынша өлім жітім деңгейі 2014 жылы (1000 тұрғынға шаққанда) 6,10 құрады, мемлекет бойынша орташа көрсеткіш -7,65. Өлімнің басты себептерінің бірі қан қан айналым жүйесі аурулары болып табылады.

Кесте 18. Қызылорда облысы бойынша 2012-2014 жылдары 1000 туылғанға өлім жітім деңгейі

Аудан	Өлу көрсеткіші			Сәби өлімі		
	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Қазақстан Республикасы	8,41	8,08	7,65	13,45	11,31	9,83
Қызылорда облысы	6,57	6,01	6,10	18,75	14,37	12,01
Арал ауданы	7,17	6,27	6,63	11,96	12,28	7,38
Қазалы ауданы	6,48	6,65	6,35	23,41	12,02	8,97
Қармақшы ауданы	7,27	6,42	6,35	23,05	18,32	14,05
Байқоңыр қаласы	4,25	3,95	3,85	20,02	8,52	19,35
Жалағаш ауданы	6,51	5,81	6,62	18,63	17,70	7,12
Сырдария ауданы	6,24	5,76	6,03	21,41	19,69	10,87
Шиелі ауданы	6,28	5,87	6,02	19,59	11,38	11,60
Жаңақорған ауданы	5,57	5,20	4,88	19,64	16,47	9,91
Қызылорда қаласы	7,08	6,34	6,50	17,67	14,56	14,14

Қызылорда қаласы бойынша сәби өлімі 1000 тірі туылғанға 2012 жылы 17,67-ден 2014 жылы 14,14-ке төмендеген. Ең жоғары көрсеткіштер Қармақшы ауданы мен Қызылорда қаласында анықталған. Сәби өлімінің негізгі себептері перинаталдық кезеңінде болған.

#### **100 мың тірі туылғандарға шаққандағы аналар өлім-жітімін төмендету:**

Ана өлім көрсеткіші облыс бойынша 100 000 тірі туылған нәрестелерге шаққанда салыстырмалы жылмен 52,8%-ға (2013ж-10,6; 2014жыл-5,0) төмендеді. Қызылорда қаласы бойынша ана өлімі 2013 жылмен салыстырғанда 9,4-ке төмендеген. (2013 ж-12,9, 2014 жыл-11,7)

Жүкті, босанған әйелдерге және балаларға перинаталды көмек өңірлендіру сатысымен жұмыс жасауда. Облыстық денсаулық сақтау басқармасының «Жаңа туылған нәрестелердің және критикалық жағдайда тіркелген балалардың регионализация» бұйрығына сәйкес барлық нәрестелер, әсіресе жаңа туылған күніне жетпеген нәрестелер бірінші тәулікте үшінші сатыға-облыстық перинаталды орталыққа санитарлы авиация арқылы тасымалдауда. ҚР ДСМ-нің №536 бұйрығына сәйкес ұрықтың туа бітті ақау бар тіркелген екі қабат әйелдер төртінші сатыға жіберіліп, нәрестелерге неонаталды хирургтармен ота жасалынуда (ОПО-20 нәрестеге ота жасалынды, 4 нәресте Шымкент қаласына жіберілді). «Жол картасы» аясында облыстық перинаталды орталықта 5 төсектік неонаталды хирургия жұмыс атқаруда.

0-14 жас арасында балалар және екі қабат әйелдер арасында критикалық жағдайдағы мониторинг жүргізілуде. Телемедицина және санитарлы авиация аудандар көлемінде кеңінен қолданылуда. Күнделікті жүктілікке қарсы екі қабат әйелдердің тізімі жанартылып, мониторинг жүргізілуде.

Екі қабат әйелдердің туа бітті ақауға тексеру жұмыстары жандандырылып, халықаралық тиімді технологиялар кеңінен қолдануда.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек деңгейінде 22 жанұяны жоспарлау және 20 балалардың дені сау кабинеттері жұмыс атқаруда.

Біліктілік жетілдіру Алматы мемлекеттік дәрігерлердің білімін жетілдіру институты мен облыстық денсаулық сақтау басқармасының өзара әрекеттестігінің негізінде 70 дәрігер (25 неонатолог, 20 акушер-гинеколог, 25 ЖТД) и 50 акушерка ана мен бала денсаулығын жақсарту тақырыбына біліктілігін арттырды. Сонымен қатар, 3 дәрігер неонатолог қайта даярлаудан өткізілді.

Халықаралық ұйымдарды қатыстыра отырып, Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының бағдарламаларын облыс көлеміне енгізіп, «Балалар шағындағы ауруларды ықпалдастыра емдеу» (ИББДВ), «Эффективті жаңа перинатологиялық технологиялары» тақырыптарында 5 мастер класс өткізілді. Жергілікті бюджеттен бөлінген қаражаттарға емдеу алдын алу ұйымдарға ана мен балаға көмек көрсету мақсатында (босану ұйымдар-2 кювез, 5 апарат ИВЛ, 3-Sipar т.б.) 25 медициналық құрал жабдықтармен жабдықталды.

Мүгедек балалар және денсаулығын шектеулі балалардың оңалту бағдарламасы бойынша Астана қаласындағы “Республикалық оңалту орталығының” Қызылорда қаласында 50 төсектік филиалы ашылып жұмыс жасауда. 12 ай қорытындысы бойынша-886 бала сауықтырылды.

Өңірдің денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелерін қамтитын «2013-2014 жылдарға арналған Жол картасы» бекітілді. «Жол картасында» денсаулық сақтау саласындағы қазіргі негізгі проблемалары анықталып, оларды шешу жолдары қарастырылды. Жол картасында басымдық берілген негізгі бағыттарды бірі – ана өлімі мен сәбилер өлімі республикалық көрсеткіштен жоғары деңгейде сақталуда.

Осы көрсеткіштерді төмендету үшін төмендегі іс-шаралар қарастырылған:

- Санитарлық авиация бригадаларының құрамын ауыр халдегі аналар мен сәбилерге шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті акушер-гинеколог, анестезиолог, неонатолог мамандарымен толықтыруға - 4828 мың теңге қаралып, нәтижесінде бригада қосымша штаттық бірліктермен толықтырылып жұмысын атқаруда.
- Аудандық ауруханалардың босану бөлімшелерін акушер-гинекологтар мен анестезиолог-реаниматолог мамандарымен тәулік бойы кезекшілікті ұйымдастыруға - 27051 мың теңге қаралып, нәтижесінде босану бөлімшелерінде тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылып жұмыстарын атқаруда.
- Босану ұйымдарына қажетті неонатолог мамандарын даярлау және қайта даярлаудан өткізуге 13819 мың теңге қаралып, нәтижесінде неонатология мамандығы бойынша 14 жас маман жұмысқа қабылданып жұмыс атқаруда.

014 жылдың қорытындысы бойынша телемедицина арқылы 429 ана мен балаға консультация берілді, облыстық балалар ауруханасына және облыстық перинаталдық орталыққа 175 бала, Республикалық орталыққа 145 бала және 132 ана жолданды.

#### **1000 тірі туылғандарға шаққандағы балалар өлім-жітімін төмендету:**

2014 жылдың қорытындысы бойынша 19991 нәресте дүниеге келіп өткен жылмен салыстырмалы 717 нәрестеге артық туылды (2013ж-19274).

Облыс бойынша сәби өлім көрсеткіші 1 000 тірі туылған нәрестеге шаққанда 18,3%-ға төмендегені байқалады ( 2013ж-14,7, 2014 жыл-12,0). Қызылорда қаласы бойынша сәби өлім көрсеткіші 2013 жылмен салыстырғанда 49,1-ге төмендеген. (2013 жыл-21,4, 2014 жыл-10,9).

1. 2011-2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі бекітілген іс-шараларды орындау мақсатында жұмыстар жүргізу.

2. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарына сәйкес алғашқы медициналық санитарлық көмек көрсететін мекемелеріндегі дәрігерлердің (терапевт, педиатр) «Жалпы тәжірибелік дәрігер» статусына жыл аяғына дейін штаттық кестесің нормативке келтіру, жас мамандарды тарту және тұрақтандыру.

3. Бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсететін мекемелерінде ұрпақты жастағы әйелдердің денсаулығын жақсарту, экстрагениталды аурулардың алдын-алу, емдеу және жүктілікке абсолюттік көрсеткіші бар әйелдердің отбасын жоспарлау жұмыстарын ұйымдастыруын күшейту.

4. Мамандардың біліктігін үнемі көтеру.

#### **100 мың тұрғынға шаққандағы жаңадан пайда болған қатерлі ісік аурулардан болатын өлім-жітімді төмендету:**

қатерлі ісіктермен аурушандық көрсеткіші облыс бойынша 100 мың адамға шаққанда 134,9 (2013 жылы – 138,1) құрап, 2,4%-ға төмендеп отыр.

Өмірінде бірінші рет қатерлі ісікпен ауырған 1005 науқас диспансерлік есепке алынды (2013 жылы -1012). Қызылорда қаласы бойынша 2014 жылы бірінші рет қатерлі ісікпен 440 науқас диспансерлік есепке алынған. 2013 жылы 369 науқас тіркелген.

Скрининг жұмыстарының жүргізілуіне байланысты онкологиялық ауруларды I-II сатысында анықтау 48,2%, яғни ерте анықтаудың жақсару тенденциясы байқалады.

Онкологиялық ауруларды асқынған, яғни IV сатысында анықтау 2012 және 2013 жылдары 14,1% деңгейінде тұрақтанып отырса, 2014 жылдың 10 айында 12,3%-ға төмендеген. Қазақстан Республикасының көрсеткіштері осы жылдары 14,1% деңгейінде.

2012 жылы скрининг жұмыстарын жүргізу мақсатында 61428 адам жоспарланған, осы жоспардың 99% орындалып, 22 (0,03%) адамда қатерлі ісік анықталған. 2013 жылы 71615 адам жоспарланып, 46 (0,06%) адамда қатерлі ісік анықталса, 2014 жылы 101748 адам скринингтен өтіп, 33 (0,03%) адамда қатерлі ісік анықталған. Дерттердің 83% -89% I-II сатысында анықталуда. Қатерлі ісіктерді анықтау Еуропалық стандарттарға сай келеді.

Қатерлі ісіктерден өлім көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 0,2% өсіп отыр (2014 жылы - 85,6; 2013 жылы - 85,5). Өлім-жітім туралы 2012 – 2014жж. сәйкестегенде мақсатты индикаторлар – 93, 90 және 89-ды құрады. Қызылорда қаласы бойынша 2013 жылмен салыстырғанда өлім-жітім 2,8-ге жоғарылап отыр (2013 жыл-94,7, 2014 жыл-97,4).

#### **15-49 жас ерекшелігі тобындағы адамның иммун тапшылығы вирусының таралуы, 02-0,6% шегінде .**

ЖИТС-тің алдын алу шараларын тұрғындар арасында кеңінен насихаттау мақсатында Орталық мамандары арқылы аймақтық баспаларда 38 мақала жарияланды. Онлайн-вебсайтқа 72 материал жолданды, барлығы 11 пресс релиз бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрді. Облыстық деңгейде 9 телебағдарлама және 13 рет облыстық деңгейде радиобағдарламалар өткізілді. АИТВ-ң алдын алу шараларына байланысты 1 бейнеролик 2 тілде 889 рет эфирге шықты, 13 семинар сабақтары өткізіліп 56 журналист оқыту бағдарламасымен қамтылды.

Облыс орталығында мінез-құлқы қатерлі топ өкілдеріне арналған (инъекциялық есірткі тұтынушылар, жыныстық қатынас қызметкерлері, ерлермен жыныстық қатынас жасайтын ерлер) 2 стационарлық, 1 жылжымалы сенім пункттері арқылы 1875 инъекциялық есірткі тұтынушы (болжамды саны 3300) қабылданып 446513 дана шприц, 141528 презерватив, 325 жыныстық қатынас қызметкері (болжамды саны 350) қабылданып оларға 97056 дана презерватив, 120 ерлермен жыныстық қатынас жасайтын ерлер (болжамды саны 650) қабылданып оларға 34151 презервативтер таратылды. Мінез-құлқы қатерлі топ өкілдері арасынан дайындалған 13 аутич-қызметкер және 162 клиент арасында АИТВ/ЖИТС-тың алдын алу шараларына байланысты 9 семинар, 881 мини-сессиялар өткізілді. Мінез-құлқы қатерлі топ өкілдері арасында жүргізілген іс-шаралар нәтижесінде инъекциялық есірткі тұтынушылардың 54 пайызы, жыныстық қатынас қызметкерлерінің 92 пайызы, ерлермен жыныстық қатынас жасайтын ерлердің 20 пайызы профилактикалық бағдарламамен қамтылды.

Салауатты өмір салтын насихаттау барысында темекі шегудің алдын алу заңдылықтарын сақтап және әлеуметтік маңызы бар аурулардың алдын алу мақсатында белсенді ақпаратты-коммуникациялық жұмыстар жүргізілуде және барлық қазақстандық қоғамдастықты салауатты өмір салтын қалыптастыруға тарту секторларының қарым-қатынасын жақсарту жұмысы қолға алынды.

### SWOT- талдау

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Халықтың өмір сүру ұзақтығының жоғары болуы (орта республикалық көрсеткіштен жоғары);</li> <li>2. Демографиялық көрсеткіштердің жақсаруы: нәресте өлім-жітімінің төмендеуі, ортареспубликалық деңгейден төмен болуы, туу көрсеткішінің жоғарылауы;</li> <li>3. Халыққа медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде түрлері бойынша жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетілуінің қолжетімділігінің жақсаруы;</li> <li>4. Кардиохирургиялық қызметтің дамуы;</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Халық денсаулығына аймақтағы экологиялық жағдайлардың әсері;</li> <li>2. Медициналық кадр жетіспеушілігі және біліктілік деңгейінің төмен болуы;</li> <li>3. Әлеуметтік маңызы бар аурулар деңгейінің жоғарылауы;</li> <li>4. Медициналық көмек сапасының төмен болуы;</li> <li>6. Денсаулық сақтау ұйымдарының жабдықталу деңгейінің жеткіліксіздігі.</li> </ol>
Мүмкіндіктер (O)	Қауіптер (T)
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Денсаулық саласында, оның ішінде ауылдық елді мекендерде жоғары квалификациялы мамандарды тарту арқылы сала қызметінің сапасын жақсарту;</li> <li>2. Аурушандық деңгейін азайту мақсатында аймақтың экологиялық жағдайын жақсарту;</li> <li>3. Көрсететін медициналық қызметтің сапасын жақсарту, денсаулық сақтау мекемелерін жарақтандыруын жоғарылату үшін денсаулық сақтау саласын қаржыландыруды кеңейту.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Денсаулық сақтау ұйымдарының материалды-техникалық базасын төмендігі мен дәрігерлік кадр тапшылығының деңгейінен халыққа медициналық қызметтің толық емес және сапасыз көрсетілуі;</li> <li>2. Экологиялық жағдайдың нашарлауы әлеуметтік маңызы бар аурулар деңгейінің жоғарылауына әкелуі;</li> </ol>

#### Саладағы негізгі мәселелер:

- Қалада халықты денсаулығын қорғау саласы бойынша белсенде тенденциялар байқалады: халықтың өлім жетімінің төмендеуі байқалады, демографиялық көрсеткіштерінің жақсаруы, халыққа көрсетілетін медициналық қызмет түрлерінің сапасы мен қолжетімділігі. Сонымен қатар, көкейкесті мәселелері болып:
- халықтың денсаулық жағдайына әсер ететін аймақтың экологиялық жағдайының қолайсыздығы;
- халықтың әлеуметтік маңызы бар аурумен әсіресе туберкулезбен ауыратын жоғары деңгейдегі аурушандық;
- көрсетілетін медициналық қызмет сапасының жеткіліксіздігі;
- кадрлық сұрақтардың шешімін таппағандағы (медициналық кадрлар біліктілігі деңгейінің жеткіліксіздігі мен тапшылығы);
- денсаулық сақтау ұйымдарында материалды-техникалық жабдықтау деңгейінің жеткіліксіздігі;
- Халықтың өз денсаулығына деген жауапкершілігінің төмендігі.

### 2.2.3. Жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау

Қызылорда қаласында 2014 жылы экономикалық белсенді халық саны 123,1 мың адамды құрап (жалпы халық санының 45,3%), 2012 жылмен салыстырғанда 12,3% өсті, яғни 2012 жылы 109,6 мың адамдан 2014 жылы 123,1 мың адамға көбейді.

Соңғы үш жыл ішінде экономиканың тұрақты дамуы нәтижесінде және мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жаңа жұмыс орындарының ашылуына байланысты халықтың еңбекпен қамтылуы 117,7 мың адам құрап, 2012 жылдың деңгейімен салыстырғанда 12,3% өскен. 2014 жылы халықтың экономикалық тұрғыдан белсенділік деңгейі - 68,5% құрап, облыстағы орташа көрсеткіштен (68,3%) 0,2 пайыздық тармаққа жоғары болды.

Кесте 19 - Қызылорда қаласы бойынша экономикалық тұрғыдан белсенді халық және жұмыспен қамтылған халық саны

Көрсеткіштер	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Экономикалық тұрғыдан белсенді халық, мың адам	109,6	109,6	123,1
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	104,3	104,3	117,1

Экономикада жалдамалы қызметкерлер саны тұрақты өсіммен сипатталады, 2014 жылы 8%-ға артқан. Салалық құрылымы бойынша қызметкерлердің 19%-білім саласында, 16,8%-өнеркәсіпте, 12,6%-денсаулық сақтау саласында, 12,1%- құрылыста, 9,6%-мемлекеттік басқаруда, көлік саласында-8%, қызмет көрсету және саудада-12,2%, ауыл шаруашылығында-1,2%, қалған 8,5% экономиканың басқа салаларында еңбекпен қамтылған.

2012-2014 жылдар аралығында өз бетінше жұмыспен қамтылғандар 30,7%-ға, яғни 2012 жылы 28,8 мың адамнан 2014 жылы 19,9 мың адамға азайып, еңбекпен қамтылғандардың ішіндегі үлесі 2012 жылы 24,6%-дан 2014 жылы 17,0%-ға кеміді.

Кесте 20 - Кызылорда қаласы бойынша өз бетінше жұмыспен қамтылғандардың саны

Атауы	Өз бетінше жұмыспен қамтылғандар		
	Барлығы, адам	оның ішінде	
		өнімді	өнімсіз
2012 жыл	28816	21209	7607
2013 жыл	28816	21209	7607
2014 жыл	19960	14690	5270

2014 жылы статистикалық есеп бойынша экономикалық белсенді халық санының 4,8% - жұмыссыздарды құрайды. Жұмыссыздық деңгейі қаламен салыстырғанда ауылда 0,2 пайыздық тармаққа жоғары. Дегенмен, жұмыспен қамту органдарында тіркелген жұмыссыздық деңгейінің өсу тенденциясы қалыптасқан. 2012 жылы 473 жұмыссыз тіркеліп 0,4% құраса, 2014 жылы 810-ға жетіп, 0,7% деңгейінде. Бұл ретте, бірнеше факторлар әсер етуде, біріншіден, азаматтардың «Жұмыспен қамту-2020» Жол картасына қатысуға қызығушылығы артқан, екіншіден әлемдік экономикадағы тұрақсыздық салдарынан кәсіпорындарда жұмыстан босатылған азаматтарға мемлекет тарапынан әлеуметтік көмек төлеу қарастырылған.

Кесте 21. Кызылорда қаласы бойынша жұмыссыздық деңгейі

Атауы	жұмыссыздық деңгейі,%		Жастар жұмыссыздығының деңгейі (15-28 жас),%	
	қала	ауыл	қала	ауыл
2012 жыл	4,8	5,4	4,6	4,7
2013 жыл	1,8	5,4	4,6	4,7
2014 жыл	4,8	5,0	4,3	4,6

Жұмыссыздардың арасында кәсіби-біліктілігі бойынша басым үлесін орта білімді азаматтар, ұзақ уақыт бойы жұмыс істемегендер, біліксіз жұмысшылар, жұмыс тәжірибесі бір жылдан аз, тәжірибесі жоқ жастар құрайды. Жынысы бойынша жұмыссыздардың басым бөлігі - әйелдер.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес 2011 жылы «Жұмыспен қамту 2020» бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Осы мерзім ішінде бағдарламаның бірінші бағыты - инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету бойынша 920,1 млн. теңге бөлініп, **144** азамат жаңадан ашылған жұмыс орындарымен қамтылды.

Бағдарламаның екінші бағыты - ауылда кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру және тірек ауылдарды кешенді дамыту бойынша 864,3 млн. теңге бөлініп, 331 адам несие алды. **340** адам жаңадан ашылған жұмыс орындарымен қамтылды.

Бағдарламаның жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу үшінші бағыты аясында 2011-2015 жылдар аралығында кәсіптік оқытуды (біліктілігін арттыру, қайта даярлау, кәсіптік даярлау) 3557 адам жолданып, 3502 бағдарламаға қатысушы бітіріп шықты. Бітірушілер қатарынан 2020 адам (**1881-тұрақты**, 81-жастар тәжірибесі, 58-әлеуметтік жұмыс) жұмыспен қамтылды.

Әлеуметтік жұмыс орындарымен 2911 бағдарламаға қатысушы, жастар тәжірибесімен 2007 адам қамтылып, **1815 адам** және **598 жас маман** тиісінше тұрақты жұмыспен қамтылды.

Қоныс аудару бойынша бағдарлама іске қосылған уақыттан бастап 194 отбасы қоныстанып, **339 адам** жұмыспен қамтылды.

Жұмыспен қамту бөлімі арқылы 2012-2014 жылдар аралығында 13298 адам жұмысқа орналастырылды немесе жұмыс іздеуші ретінде хабарласқандардың санына шаққанда 43,0% құрайды, оның ішінен 6086 адам (2012 ж.- 2125 адам, 2013ж.- 2158 адам, 2014ж. - 1803 адам) қоғамдық жұмыстарға жіберілді.

Кесте 22. Кызылорда қаласы бойынша жұмысқа орналасқан азаматтар жөнінде мәлімет

Атауы	Хабарласқандар саны	Жұмысқа тұрғандар саны	Жұмысқа тұрғандар үлесі, %
2012 жыл	9440	4137	44,0
2013 жыл	9360	4306	46,0
2014 жыл	12062	4855	40,0

Әлемдегі қаржылық дағдарысқа байланысты қаладағы кәсіпорындарда қызметкерлердің қысқартылуы, ұжымдардың толық емес жұмыс күніне ауысуы, жұмысшылардың ақысыз демалысқа жіберілуі еңбек нарығына әсер етуде. Жұмыссыздық деңгейі 2012 жылмен салыстырғанда (4,7%) 2014 жылы 4,8% құрап, 1,0 пайыздық тармаққа өсті. Дегенмен жастардың жұмыссыздық деңгейі 2012 жылы 4,6%-дан 2014 жылы

4,3%-ға төмендеген. Жұмыс іздеуші ретінде хабарласқан мүгедектердің ішінен 293 мүгедек жұмысқа орналасты (48,3%).

«Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы шеңберінде 4 жыл ішінде **5117 адам** немесе жалпы бағдарламаға қатысқан азаматтардың ішінде 55,3% (барлығы - 9247 адам) тұрақты жұмыспен қамтылды.

Жыл сайын жұмыспен қамту органдарымен қаладағы еңбек нарығының сұраныстары анықталып, нәтижесінде еңбек нарығына техникалық және жұмысшы мамандарына қажеттілігі байқалады.

2015-2017 жылдарға еңбек ресурстары балансының болжамы бойынша жұмыс күшіне деген әлеуетті ұсыныс пен сұраныстың теңгерімділігін бағалау анықталды.

Жалпы Қызылорда қаласы бойынша жыл сайын еңбек ресурстары 1,5 мың адамнан 2,0 мың адамға дейін артық болып, бір жұмыс орнына орташа есеппен 4 немесе 5 жұмыссыз үміттенеді.

Әсіресе біліктілігі жоқ жұмыссыздар санатындағылар барынша көп. Олардың үлесі 2015 ж. -40%, 2016 ж.- 38% және 2017 ж.-36% құрайды.

Сонымен қатар жоғарғы білімді мамандар шамамен 1,0 мың адамға және орта деңгейлі білікті мамандар 1,1 мың адамға шамадан тыс артық.

Еңбек ресурстарының тапшылығы ірі және майда өндіріс орындарындағы білікті мамандардың, ауыл, орман шаруашылығы салаларының мамандарының және операторлар, аппаратшылар, машинистер, қызмет көрсету саласы, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы бойынша байқалады.

Қазіргі уақытта ірі және майда өндіріс кәсіпорындарының білікті мамандарына сұраныс 2015 ж.-1803 адамға, 2016 ж.-1106 адамға, 2014ж.-1464 адамға қажет.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2014 жылмен 2012 жылды салыстырғанда күнкөріс деңгейінен төмен табысы бар халықтың үлесі 3,3%-дан 3,2%-ға төмендеген. Қала бойынша 2014 жылға кедейлік деңгейі 3,2% құрайды, ал отбасының орташа адам саны 4,4 –ті құрайды.

2012-2014 жылдары халықтың әл ауқатын арттыруға және жұмыссыздық деңгейін төмендетуге бағытталған «Жұмыспен қамтудың Жол картасы-2020», «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижесінде еңбек нарығы оң көрсеткіштермен сипатталады.

Осы мерзімде қабылданған шаралар нәтижесінде халықтың аз қамтамасыз етілген топтарын әлеуметтік қолдау мақсатында мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақылар мен әлеуметтік көмек қаржыларының азаю тенденциясы байқалады. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар саны 20 пайызға, бөлінген қаржы тиісінше 19,2 пайызға азайған. Себебі бағдарлама шеңберінде жаңадан құрылған жұмыс орындарына бірінші кезекте мемлекеттік атаулы көмек алатын жұмыссыз азаматтар тартылды.

«Медициналық-әлеуметтік мекемелерде» (ұйымдарда) стационар және жартылай стационарлық үлгідегі ұйымдарда арнаулы әлеуметтік қызмет бірінші және екінші топтағы мүгедектерге, егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдарға, психоневрологиялық аурулары бар он сегіз жастан асқан мүгедектерге, психоневрологиялық ауытқулары бар мүгедек балаларға стандарт бойынша 8 бағытта қызмет көрсетіледі.

Статистика мәліметтері бойынша 2012-2014 жылдары номиналдық орташа айлық жалақының позитивтік өсуі орын алды. 2012 жылы 103442,0 теңгеден 2014 жылы 118215,0 теңгені немесе нақты көлем индексі 105,7% құрап, орташа облыстық көрсеткіштен 13,7 мың теңгеге артық болды.

#### SWOT – талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Халық санының өсуінің оң динамикасы</li> <li>2. Экономикалық белсенді халық санының өсуі</li> <li>3. Мүгедектердің денсаулығының сапасын жақсарту үшін және оңалту шараларын жүргізу мақсатында жаңа технологиямен жабдықталған Оңалту орталығы жұмыс жасайды;</li> <li>4. Үкіметтік емес ұйымдар психоневрологиялық патологиясы бар және тірек-қозғалыс аппараты бұзылған мүгедек-балаларға күндізгі стационар жағдайында арнайы әлеуметтік қызметтер көрсетеді;</li> <li>5. Мүгедектерге барлық өмір сүруге қажетті тіршілік объектілеріне және қызметтерде келіп кетуіне жағдай жасау мәселесін шешу (арнайы көше белгілері, пандустар және т.б.);</li> <li>6. Мүмкіндігі шектеулі адамдарға өз ісін ашуға барлық жағдайлар мен мүмкіндіктер жасалады.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Еңбек ресурстарын дайындау жүйесінің еңбек нарығы қажеттілігімен теңдестірілмеуі;</li> <li>2. Шағын несие алуға кепілдікке қоятын мүлктің болмауы;</li> <li>3. Мүгедектер санының өсуі, оның ішінде жүйесі бұзылған мүгедектердің өсуі (инсульт аурулары). Осыған сәйкес жартылай стационар мекемелерінде орынның жетіспеуі;</li> <li>4. Ауыр жұмысшылардың бос жұмыс орындарына сұраныс түсуіне байланысты мүгедектердің шектеулі мүмкіндігі.</li> </ol>
Мүмкіндіктері	Қауіптері
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Шағын несие алуға жұмыссыздар, өзін жұмыспен қамтығандар және аз қамтамасыз етілген азаматтар тарапынан сұраныстың көптігі;</li> <li>2. «Мүгедектерді оңалту орталығы» мемлекеттік мекемесінде орындарды көбейту;</li> <li>3. Мүгедектердің әлеуметтік белсенділігін арттыру;</li> <li>4. Қала көлемінде мүгедектерге алғашқы оңалту шараларын көрсету.</li> <li>5. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жаңа өндірістер ашу және жұмыс орындарын құру</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Әлеуметтік оңалту орталықтарына сұраныстың көбеюіне байланысты қосымша қаражат көзінің болмауы;</li> <li>2. Мүмкіндігі шектеулі азаматтардың енжарлығы.</li> <li>3. Әлемдік қаржылық дағдарыстың еңбек нарығына әсері</li> </ol>

**Жалпы жұмыссыздықтың өсу қаупі келесі жағдайда орын алуы ықтимал:**

- әлемдік нарықтағы мұнай бағасының төмендеуі, ол өндіруші салалардағы кәсіпорындардағы өндіріс көлеміне әсерін тигізеді. Осыған байланысты аталған кәсіпорындарда 1,5 мың адамға дейін қызметкерлердің жұмыстан босатылуы және толық емес жұмыс күніне ауысуына әкеліп соғуы мүмкін;
- автоматтандыру және өндірісті механикаландыру процестерінде жұмысшылардың арнайы категорияларының қысқартылуы мүмкін (жаңа технологияларды қолдана алмайтын) және облыс оқу орындарында дайындалмайтын мамандардың сұранысына, аймақтағы жаңадан ашылатын жұмыс орындарын мамандармен толықтыруға мүмкіндік бермейді және арнайы категориялы жұмысшыларға деген сұраныс пен ұсыныстың баланстық үйлесімсіздігіне әкеліп соғады;
- МИИДБ-ң индустрияландыру Картасына жоспарланған жобаларының енбеуі, «Өңірлерді дамыту-2020», «Агробизнес-2020» бағдарламалары жобаларының толықтай қаржыландырылмауы салдарынан 1,5 мың жұмыс орындарының ашылмауы мүмкін.

**Саладағы негізгі мәселелер:**

- Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды жұмыспен қамту және кедергісіз орта қалыптастыру мәселесін одан әрі жетілдіру мақсатында төмендегідей бірқатар шараларды жүзеге асыруды ұсынамын:
- Аймақтық үйлестіру кеңесінде ірі кәсіпорындар мен бизнес құрылымдарының мүмкіндігі шектеулі азаматтарды тұрақты жұмысқа орналастыру мәселесін арнайы қарауды;
- Мүгедектердің ғимараттарға еркін кіріп-шығуын қамтамасыз ету талаптарына сәйкестендіру, түгендеу (паспортизация) және пандустар орнату жұмыстарын жүргізу үшін құзырлы мекемелердің белсенділігін арттыру.
- Кейбір біліктіліктер мен кәсіптер бойынша кадрлардың үдемелі тапшылығының туындауына сәйкес, еңбек нарығындағы құрылымдық сәйкессіздікті арттыру;
- Сұраныстың жеткілікті болуына қарамастан жұмыс күшіне қатысты ұсыныстың тапшылығы (жұмысшы мамандарға бос жұмыс орындардың ұдайы болуы).

## 2.2.4. Мәдениет

Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты «Қалалық мәдениет үйлері, клубтар және халықтық ұжымдар» мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары, 2 қалалық (А.Тоқмағамбетов, М.Ералиева) мәдениет үйлері, 1 жабық зағиптар клубы, 1 шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық мәдени және демалыс паркі» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны және «Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесінде 13 қалалық, 8 ауылдық кітапханасы, барлығы 25 мекеме халыққа қызмет көрсетеді.

2012-2014 жылдары 5 мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтті, оның ішінде Қызылөзек және Абай ауылдық клубтары, С. Майқанова, М. Ералиева және А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйлері.

2013 жылы Қызылжарма және Ж.Маханбетов ауылдарында 150 орындық ауылдық клуб құрылысы салынып, пайдалануға берілді.

Қалалық мәдени-демалыс паркі жаңа аттракциондармен жабдықталып, бүгінгі күні 60-қа жуық аттракцион тұрғындарға қызмет көрсетеді.

2014-2015 жылдары ауылдық клубтардың және мәдениет үйлерінің материалдық техникалық базасы нығайтылды (сахна киімдері, көрермен орындықтары, бишілер костюмдері, жихаздар сатып алынды). 2014 жылы Қызылорда қаласының тарихын зерттеу, насихаттау мақсатында «Қызылорда қаласының тарихы» туралы кітабы шығарылды.

2014 жылы клубтарда 710 ісшара өткізіліп 280838 келушілер қатысты (2012 жылы клубтарда 565 ісшара өткізіліп 177550 келушілер қатысты). 2014 жылы Қызылорда қаласының тарихын зерттеу, насихаттау мақсатында «Қызылорда қаласының тарихы» туралы кітабы шығарылды.

**Кесте 23. 2013-2014 жылдары мәдениет ұйымдарына 1000 адамға шаққандағы келушілер**

Атауы	Өлшем бірлігі	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2014/2012%
Мәдениет үйлеріне келушілер	адам	530	555	560	105,6
Концерттік ұйымдарға келушілер	адам	250	280	308,2	123,3
Театрға келушілер	адам	170	230	289,2	170,0
Мұражайға келушілер	адам	132,1	138,1	144,2	109,0
Кітапханаға келушілер	адам	1000	1000	1009,1	101,0

Қала бойынша 21 көпшілік кітапхана, 1 мемлекеттік жоғары оқу орнының, 3 мемлекеттік арнаулы орта оқу орнының, 2 коммерциялық жоғары оқу орнының, 2 коммерциялық медициналық колледждің, 8 коммерциялық колледждің, 54 мектептің және 4 мемлекеттік техникалық колледж кітапханалары Қызылорда қаласының тұрғындарына қызмет көрсетеді.

Кесте №24 Қалалық кітапханалардың негізгі көрсеткіштері

Атауы	өлшем бірлігі	Көрсеткіштер			
		2012ж	2013ж	2014ж	2015ж
Кітап қоры	дана	612301	618348	625750	631750
Жаңа түскен кітаптар	дана	9760	8058	8102	1934
Кітапхана оқырмандары	адам	31348	31560	31964	32000
Кітап берілімі	дана	569543	573142	574102	575100
Келушілер саны	адам	267956	268832	270043	274543
Компьютермен қамтамасыз етілген кітапхана саны	дана	12	16	21	21
Жаңа технологиялар: компьютерлер саны	дана	37	47	50	50
Электрондық каталогқа енген кітаптар саны	дана	130451	137644	165359	193073

Қала кітапханаларында Интернет–зал, Интернетті қоғамдық пайдалану орталығы, Құқықтық ақпараттың Ашық Орталығы, Оқу-лингвистикалық орталық, «Ағылшын тілі балаларға» мектебі, Анықтама қызметі және тағы басқа бағдарламалар жұмыс істейді.

Кітапхана қызметінің дәстүрлі түрлерімен бірге жаңа ақпараттық қызмет түрлері ұсынылады – қашықтан қызмет көрсету, виртуалды анықтама қызметі, құжаттарды электронды түрде жеткізу.

2014 жылы музей экспонат саны 52896 дана, экскурсия 4956, лекция 226, көрме 164, келушілер саны 38603 адам (2012 жылы 50408 дана, экскурсия 4947, лекция 226, көрме 162, келушілер саны 38310 адам).

Қала кітапханаларында Интернет–зал, Интернетті қоғамдық пайдалану орталығы, Құқықтық ақпараттың Ашық Орталығы, Оқу-лингвистикалық орталық, «Ағылшын тілі балаларға» мектебі, Анықтама қызметі және тағы басқа бағдарламалар жұмыс істейді.

#### Қызылорда қаласының ескерткіштері

Қызылорда қаласы бойынша тарихи-мәдени мұра нысандары – 71, оның ішінде республикалық маңызы - 4 (Айтбай мешіті, Перовск Казанско-Богородный шіркеуі, Көтібар мұнарасы, Ы. Жақаев бюсті), жергілікті маңызда - 30 ескерткіш, алдын ала есепке алу тізіміне ұсынылғандар саны – 37. Оның ішінде – 16 ескерткіш, 19 ғимарат, 14 бюст, 6 мұнара, 8 кесене, 2 көпір, 2 мешіт, 1 шіркеу, 3 тұрғын үй.

Сақтау және пайдалану бағытында бірқатар шаралар жүргізіліп келеді. Бүгінгі күні барлық ескерткіштерге қорғау тақталары орнатылып, төлқұжаттары әзірленді.

2014 жылы облыстық бюджет есебінен бірқатар даңқты бабаларымызға және мемлекет қайраткерлеріне ескерткіштер орнатылып, ашылу салтанаттары ұйымдастырылды: темір жол вокзалының алдына Жанқожа батыр ескерткіші, Қызылорда политехникалық колледжінің алдына Мұстақым Ықсановтың бюсті, № 264 мектептің алдына Тәкей Есетовтің бюсті орнатылды.

#### SWOT- талдау

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
1. Мәдениет нысандарына келушілердің санын арттыру; 2. Мәдениет саласында сапалы қызмет көрсетуді ұлғайту.	1. Мәдениет нысандарының материалдық-техникалық базасының жетіспеушілігі; 2. Елді мекендердегі мәдениет нысандарының жетіспеушілігі және апаттық жағдайда болуы; 3. Мәдени мұра және тарихи ескерткіштерге қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу;
Мүмкіндіктер (O)	Қатерлер (T)
1. Мәдениет саласындағы көрсетілген қызмет барысында сапалы информациялық технологиялық тәжірибесін енгізу.	1. Мамандар жетіспеушілігі, қаржы тапшылығы.

#### Саладағы негізгі мәселелер:

- мәдениет нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайту;
- елді мекендердегі мәдениет нысандарының жетіспеушілігі және апаттық жағдайда болуы;
- мәдени мұра және тарихи ескерткіштерге қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттандырудың жеткіліксіз жағдайы;

## 2.2.5. Дене шынықтыру және спорт

Қызылорда қаласында тұрғындардың дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға арналған 535 спорттық ғимарат бар, оның ішінде 2 стадион, 6 спорттық кешен, 1 хоккей корты, 103 спорт залы, 3 бассейн, 2 ату тирлері, 10 теннис корты, 67 қосымша салынған және лайықталған ғимараттар, 340 қарапайым спорт алаңдары, 1 боулинг орталықтары жұмыс істейді.

Сонымен қатар Қызылорда қаласы бойынша 8 жасөспірім балалар үшін спорт мектептерінде спорттың 26 түрі бойынша жасөспірімдер спортпен айналысуда.

2012-2014 жылдар аралығында спорт объектілерін дамыту мақсатында Қызылорда қаласында спорт – сауықтыру кешенінің (мұз аренасының) құрылысы салынып, пайдалануға берілді. Қызылжарма және Белкөл елді мекендерінде спорт кешенін салуға жер телімдері бөлініп, рәсімделуде. Сонымен қатар көп қабатты тұрғын үйлер аулаларына 93 балалар спорт ойын алаңдары салынып, Қажымұқан Мұңайтбасов атындағы спорт клубы ашылды.

Кесте 25 Қызылорда қаласының спорттық сауықтыру нысандары 2012-2014 ж.

Атауы	Стадион			Спорт кешені			Жеңіл атлетика манежі			Ату тирі		
	2012	2013	2014	2012	2013	2014	2012	2013	2014	2012	2013	2014
Қызылорда қаласы	2	2	2	5	6	6	1	1	1	2	2	2
Облыс	9	10	10	9	10	13	1	1	1	92	86	83

Атауы	Жазықтықты құрылғылар			Теннис корттары			Хоккей корты		
	2012	2013	2014	2012	2013	2014	2012	2013	2014
Қызылорда қаласы	291	317	340	9	10	10	-	1	1
Облыс	1273	1344	1364	16	17	17	0	1	1

Атауы	Жүзу бассейні			Спорт зал			Орнатылған спорт зал		
	2012	2013	2014	2012	2013	2014	2012	2013	2014
Қызылорда қаласы	2	3	3	91	102	103	60	66	67
Облыс	3	4	4	317	340	357	198	199	207

Қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімі бұқаралық спорттық іс- шараларының күнтізбелік жоспарына сәйкес 2014 жылы 72 спорттық іс-шаралар, 42 оқу жаттығу жиындары, 59 облыстық деңгейдегі жарыстарға қатысты, оларға барлығы 87 мың адам қамтылды. 2013 жылы 69 спорттық іс- шаралар, 32 оқу жаттығу жиындары, 51 облыстық деңгейдегі жарыстарға қатысты, оларға барлығы 89 мың адам қамтылды. (2012 жылы 57 спорттық іс-шаралар, 11 оқу жаттығу жиындары, 49 облыстық деңгейдегі жарыстарға қатысты, оларға барлығы 76 мыңнан астам тұрғын қамтылды).

Кесте 26 2012-2014 жылы дене шынықтырумен, спортпен тұрақты шұғылданушы, бұқаралық спортқа қамтылған адамдар саны

Атауы	2012 жыл					2013 жыл					
	Жалпы			Спорт мектептері		Жалпы			Спорт мектептері		
	Халық саны	Спортпен шұғылданушылар саны		Мектеп жасындағылар	Спортпен шұғылданушылар үлесі	Халық саны	Спортпен шұғылданушылар саны	%	Мектеп жасындағылар	Спортпен шұғылданушылар саны	%
Қызылорда қаласы	253500	55449	22,0	43478,0	8,9%	258856	59961	23,2	45375	3991	8,8

Қызылорда облысы	725900	161997	22,3	134193	10,3%	737175	172473	23,4	134548	13844	10,3
------------------	--------	--------	------	--------	-------	--------	--------	------	--------	-------	------

кестенің жалғасы

Атауы	2014жыл					
	Жалпы			Спорт мектептері		
	Халық саны	Спортпен шұғылданушылар саны	%	Мектеп жасындағылар	Спортпен шұғылданушылар саны	%
Қызылорда қаласы	266343	66121	24,83	45358	4281	9,4
Қызылорда облысы	749500	184229	24,58	135080	14604	10,8

Жыл сайын бұқаралық спортпен шұғылданушылар саны артуда, 2012 жылы 55449 адамды құраса, 2013 жылы 4512 адамға өсіп 59961 адамды құрады, 2014 жылы олардың саны 6160 адамға өсіп, 66121 адамды құрады. Бұл көрсеткішке жетуге қаламызда салынып жатқан жаңа заман талаптарына сай спорт ғимараттары беруде.

#### SWOT – талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1.Аймақтың спорттық потенциалы жоғары. 2.Қала тұрғындарының арасында спортқа қызығушылығының артуы 3.Жұмыс жасап тұрған спорттық объектілердің қызметтерінің арту тенденциясы 4.Қала спортшыларының табыстарға жетуі 5.Қаладағы дене шынықтыру және спорттың дамуы	1.Спорт саласында материалдық-техникалық базаның әлсіз деңгейі. 2.Қолданыстағы спорт алаңдарының нормативтерге, техникалық эксплуатация талаптарына сәйкес еместігі.
Мүмкіндіктері	Қауіптері
1.Спорт инфрақұрылымдарын салу (спорт кешендері, алаңдарды салу) 2.Қалада біліктілігі жоғары кадрларды, биік деңгейдегі спортшыларды, спорттық резервті тәрбиелеу. 3.Қалалық және ауылдық спортпен инфрақұрылымдарын салуды жалғастыру (тұрғын үй аулаларында, демалыс парктерінде көпшілікке арналған спорттық алаңдарын салу). 4.Облыстық және республикалық спорт жарыстарына қатысу 5.Тұрмысы төмен отбасындағы балалардың спорт нысандарына қол жетімділігі.	1.Әлемдегі қаржылық дағдарыс жағдайында даму бюджетінің қысқаруы 2. Әлемдегі дағдарысқа байланысты жеке инвестиция есебінен салынып жатқан спорт нысандарының уақытында іске қосылмауы.

#### Саладағы негізгі мәселелер:

- Спорттық резервті спортшылардың дайындығын сапалы ұйымдастыруға материалдық-техникалық базаның жағдайы, сапалы спорттық жабдықтардың жетіспеушілігі мүмкіндік бермейді;
- Балаларға, жасөспірімдерге арналған клубтар жүйесі әлсіз дамыған;
- Материалдық техникалық базасының нашар жабдықталуы, спорттық құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілмеу, тиісті спорт нұсқаушысы бірлігіне қаражат бөлінбеу;
- Спорттық кешендердің жетіспеуі, қоғамдық демалыс орындарында және тұрғын үй аулаларында қарапайым спорт алаңдары мен жабдықтар жетіспейді.

## 2.2.6. Туризм

Қазақстан Республикасының туристік саласын 2020 жылға дейін дамыту Концепциясына сәйкес Қызылорда қаласы этномәдениет және экологиялық теризм түрлерін дамыту мақсатында Оңтүстік Қазақстан туристік кластеріне енгізілген.

Туризмнің дамуына «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізі бойында жол маңы сервистік орталықтарын салу, сонымен қатар, Қызылорда қаласы облыс орталығы болуына байланысты туризм саласын дамытуда «ЭКСПО-2017» іс-шарасын өткізуге «Байқоңыр» кешенінің тартымдылығы да зор үлесін қосуда.

Кесте 27 – Қызылорда қаласында туризм саласы дамуының негізгі көрсеткіштерінің динамикасы

	Көрсеткіш атауы	Өлш. бірлігі	2012ж	2013ж	2014ж
1	Қызылорда қаласы бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер саны: - резиденттер (өткен жылмен салыстырғанда өсу қарқыны)	Адам	18 997	24 065 (126,7%)	24 487 (101,7%)
	-резидент еместер (өткен жылмен салыстырғанда өсу қарқыны)		1356	1163 (86%)	1602 (137,7%)
2	Орналастыру орындарының саны (өткен жылмен салыстырғанда өсу қарқыны)	бірлік	24	31 (129,1%)	38 (122,6%)
3	Орналастыру орындарымен көрсетілген қызмет көлемі (өткен жылмен салыстырғанда өсу қарқыны)	Млн. теңге	608,2	755,2 (124,1%)	681 (90,2%)
4	Жұмысшылар саны (өткен жылмен салыстырғанда өсу қарқыны)	Адам	312	291 (93,3%)	310 (106,5%)

2014 жылдың қорытындысы бойынша орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер саны 2012 жылмен салыстырғанда 28,2%-ға өсті, яғни орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілер саны 2012 жылы – 20 353 адамнан 2014 жылы – 24 089 адамға өсті.

2014 жылы келушілерді орналастырумен шұғылданатын объектілердің саны – 38 бірлік, онда орналастыру орындары 499 нөмірге есептелген, олардың біржолғы сыйымдылығы 833 төсек-орынды қамтиды. Көрсетілген қызмет көлемі 681,0 млн. теңгені құрап, 2012 жылмен салыстырғанда 12 пайызға артты.

Жалпы 2011-2015 жылдарға арналған Аумақты дамыту бағдарламасының жүзеге асырылуы барысында өңірдегі туризмді дамыту ҰИИД 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында инфрақұрылымдық қамтамасыз ету, орналастыру орындарын дамыту жүйесі бағыттары арқылы іске асырылды.

**Инфрақұрылымдық қамтамасыз ету.** Қорқыт Ата халықаралық әуежайы терминалына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде (әлеуетті сыйымдылығы сағатына 250 жолаушы). Қызылорда – Мәскеу тұрақты әуе сапары іске қосылды, Пекин, Үрімші, Ыстамбұл және Дубай тікелей рейстерін ұйымдастыру үшін келіссөздер жүргізілуде.

«Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізі бойында жол маңы сервистік орталықтарын салуға жұмыстар атқарылуда. Көлік дәлізінде «ҚазАвтоЖол» АҚ-ң өңірлік филиалы, жергілікті әкімдіктермен келісілген 33 жол бойы сервистік нысан салынатын жер белгіленген, оның 6-уы қала үлесінде. Бизнесінің жол картасы-2020 бағдарламасы аясында қонақ үй кешенінің, жол бойы сервистік нысандарының жобалары жүзеге асырылуда:

- ЖК «Сейтжаппарованың» 1829 км (оң жақ, «В» санаты) «Батыс Еуропа-Батыс Қытай халықаралық автокөлік дәлізінің бойында «В» санатындағы сервистік қызмет көрсету кешенін салу» жобасының (қонақ үй, кафе, автокөлікке сервистік қызмет көрсету) құрылыс жұмыстары қарқынды түрде жүргізілуде. Қазіргі таңда, қонақ үй кешенінің және кафесінің құрылыс жұмыстары аяқталып, пайдалануға берілді.
- «Сырдария Авто» ЖШС-ң 1807 км (оң жақ, «А» санаты) «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі бойындағы «А» санатындағы қызмет көрсету орталығының құрылысы жобасы. Жоба

құны – 800 млн. теңгені құрап, жаңадан 80 адам жұмыспен қамтылатын болады. Қазіргі таңда жобаға 11 га жер телімі табысталған.

- ЖК «Б. Бәйменовтың» 1822 км (оң жақ, «С» санаты) қызмет көрсету кешені жобасы (кафе, ТЖО, жанар-жағар май құю бекеті). Қазіргі таңда кешеннің орналасу орны ауыстырылып, жер телімін қайта рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде.
- ЖК «Нұрымбетовтың» 1835 км («С» және «Д» санаттары) «Батыс Европа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі бойында «С» және «Д» санаттары бойынша жол бойы кешені құрылысының эскиздік жобасы (кафе, жанар-жағар май құю бекеті) облыстық сәулет және қала құрылысы Кеңесінде мақұлданды.
- «ҚазМұнайГаз Өнімдері» ЖШС-нің 1806 км(сол жақ, «С1» санаты) жанар-жағар май құю бекеті жұмыс жасап тұр.
- «Синойл» ЖШС 1803 км және 1823 км-де («D» санаты) халықаралық көлік дәлізі бойында 2 жанар-жағар май құю бекетін орналастыруды жоспарлауда.

#### **Орналастыру орындарын дамыту жүйесі.**

Қала аумағында «Арай» ойын-сауық кешені» іске қосылып, жұмыс жасауда. «Сәулет-Қызылорда kz» ЖШС-нің «Халықаралық стандарттарға сәйкес «Жібек жолы» қонақ үйінің құрылысы» жобасының жүзеге асырылуы жоспарлануда. Қонақ үй 100 орынға арналған 7 қабатты ғимарат.

Сонымен қатар туристік өнімдер жыл сайынғы өткізілетін инвестициялық форумдарда, пресс-турларда, туристік көрме және жәрмеңкелерде ұсынылуда.

#### **SWOT – талдау**

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
1. Саланы дамыту үшін табиғи-тынығу әлеуетін және мәдени-тарихи ескерткіштерін пайдалану; 2. «Қорқыт ата» халықаралық әуежайын қайта жаңғырту әлеуетті туристерге қызмет көрсетудің сапасын және жайлылығын арттырады; 3. Жыл сайын өткізілетін «Байқоңыр» инвестициялық форумының алаңы оқиғалық туризмді дамытуға, сонымен қатар туризм индустриясына инвестор тартуға мүмкіндік береді; 4. Жеке бизнестің қонақүйлік және мейрамханалық бизнеске инвестиция салымының оң өзгеріс серпіні.	1.Туризм орындарында инженерлік, транспорттық және әлеуметтік инфрақұрылым сапасының төмендігі; 2.Орналастыру орындарында келушілерге көрсетілетін қызмет сапасының төмендігі (қонақүйлер, кемпингтер, демалыс үйлері); 3. «Батыс Европа-Батыс Қытай» көлік дәлізі бойында сервистік нысандары инфрақұрылымының сапасы және санының жеткіліксіздігі; 4.Туристік салада ақпараттық инфрақұрылым дамуының жеткіліксіздігі (сайт, виртуалды карта, буклет, сілтеуіш).
Мүмкіндіктері (O)	Қауіп-қатер (T)
1. «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық автокөлік дәлізінің қала аумағынан өтуі; 2. ҚР-да қызмет көрсету саласын дамыту бағдарламасы аясында жасөспірімдер туризмін дамыту; 3. ЭКСПО-2017 іс-шараларына қатысу; 4. Туризм саласындағы ұлттық кәсіпқой қауымдастықтармен ынтымақтастық. 5. Қазақстан Республикасында туризмді дамыту Концепциясы аясында кластерлеудің келешегі	1. Әлемдік экономиканың бәсеңдеу себебінен туризм бизнесін қысқарту; 2. Ішкі туризмді дамыту саласында Қазақстанның басқа өңірлерімен бәсекелестік;

#### **Саладағы негізгі мәселелер:**

- Ішкі туризмнің дамуының әлсіздігі («Қызылорда - Байқоңыр» маршруты бойынша тұрақты экскурсия ұйымдастыру қажет, аз қамсыздандырылған отбасы балаларына және мүгедек балаларға арналған турлар ұйымдастыру арқылы мектеп туризмін дамыту);
- Туризм орындарында инженерлік, транспорттық және әлеуметтік инфрақұрылым сапасының жеткіліксіздігі;
- Орналастыру орындарында келушілерге көрсетілетін қызмет сапасының төмендігі (қызмет көрсетудің жергілікті стандартын шығару үшін туристік және қонақ үй бизнесінің жергілікті қауымдастығын дамыту қажет);
- Жол бойы сервистік нысандары инфрақұрылымының сапасының және санының жеткіліксіздігі;
- Туристік салада ақпараттық инфрақұрылым дамуының жеткіліксіздігі (мәдениетке, көрмеге байланысты барлық іс-шаралардың онлайн режимдегі күнтізбесін құру қажеттілігі).

## 2.2.7. Үштұғырлы тілді дамыту

Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру – аймақтағы ішкі саяси ахуалды айқындайтын бірден-бір көрсеткіш болып табылады және Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып ұлттық бірлікті нығайтудың, облыстағы тілдік ахуалды жаңғырту тиімді жағдай жасаудың маңызды факторы болып табылады.

Қызылорда қаласында мемлекеттік тіл саясатын іске асыру бойынша атқарылатын барлық іс-шаралар мемлекеттік тілді қолдану саласын Қазақстан халқының бірлігі мен аймақтың лингвистикалық қорын сақтаудың факторы ретінде кеңейтуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жағдайларды жасауға бағытталған.

Қазіргі таңда қалалық білім бөліміне қарасты 55 орта мектепте 2013 жылдан бастап бірінші сыныптан ағылшын тілі, үшінші сыныптан орыс тілі пәндерін оқыту енгізілген. Сонымен қатар Қызылорда облыстық дарынды балаларға арналған қазақ-түрік лицейінде, үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған «Мұрагер» мектебінде және «Назарбаев зияткерлік мектебінде» білім үш тілде беріледі.

2012 жылы қазақ тілін еркін меңгерген қала тұрғындарының үлесі 85 пайыз, 2014 жылы 90 пайызды құрады.

Жыл көлемінде мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру, мемлекеттік тілді меңгерген қала тұрғындарының үлесін арттыру мақсатында бірқатар іс-шаралар атқарылды. Оның ішінде түрлі байқаулар, көркемсөз оқулары, сайыстар ұйымдастырылды. А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет Үйінде «Биік шың, асу бермес Асқар ақын» атты, Оралхан Бөкей атындағы көркемсөз оқу шеберлерінің қалалық байқауы және «Ғашықтың тілі тілсіз тіл» атты «Жасай бер, қазақ тілі – ана тілім!» атты байқауы, өзге ұлт өкілдерінің «Тіл - татулық тірегі», «Мақсатым - тіл ұстартып өнер шашпақ» атты байқаулар өткізілді. Шаралар қаламыздағы өзге ұлт өкілдері мемлекеттік тілдің бүгінгі таңда қандай деңгейде екендігін саралап, дамыту мақсатында ұйымдастырылды.

Кәсіпорындар мен ұйымдарда мемлекеттік тілді қолдану деңгейі төмен, бұл мемлекеттік тілді қолдану саласын кеңейту бойынша көлемді жұмыстарды мейлінше белсенді енгізуді талап етеді.

Қызылорда қаласында іс өндірісі толығымен мемлекеттік тілге көшірілген.

Шығыс құжаттамада мемлекеттік тілді қолдану жөніндегі ақпарат 1-кестеде көрсетілген.

Кесте № 28 – 2013-2014 жылдары мемлекеттік тілді шығыс құжаттаманы қолданудың үлесі

Ұйымның атауы	Бірлік өлшемі	2012ж	2013ж	2014ж
Қызылорда қаласының әкімдігі	%	96	99,3	99,4

2011-2013 жылдарға арналған Қазақстан Республикасындағы тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасының мақсатты индикаторларының көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша жұмыстарды өткізу мақсатында түрлі кәсіби топтардың өкілдері арасында ҚАЗТЕСТ жүйесі бойынша мемлекеттік тілді білуге эксперименталды тестілеу жыл сайын жүргізіледі. Сонымен, 2015 жылғы ҚР Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының жұмыскерлерімен бірлесе отырып, Қызылорда қаласы әкімдігі қызметкерлерінен 132 адамның тестілеуден өтуі ұйымдастырылды. Нәтижелер талдауы төмендегіше: қарапайым деңгейде– 1, базалық деңгейде– 50, орта деңгейде– 34, ортадан жоғары деңгей – 47.

Қызылорда қаласы әкімдігінің жанынан ономастика жұмыстары бойынша жұмысшы топ жұмыс жасап келеді. 2014-2015 жылдар аралығында Қызылорда қаласында 10 көшеге атау берілді. 2015 жылы қалалық ономастикалық жұмысшы тобына еңбек және шығармашылық ұжымдар, қоғамдық бірлестіктер мен ынталы топтардың, жеке тұлғалардың атынан көшелерге атау беру жөніндегі 46 ұсыныс келіп түсті. Оның 35-і қалалық ономастика жұмысшы тобында қолдау тауып, 11 ұсыныс Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының қарауына жіберілді, 11-і облыстық ономастика комиссиясының қарауына ұсынылды, 11 ұсыныс мораторийдің аяқталуын күтуде.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының орындалуын бақылауға алу, маңдайша жазулары және жарнамалардың сай келуін ретке келтіру негізінде Қызылорда қалалық прокуратурасымен бірлескен іс-шаралар жоспары бекітіліп, маңдайша жазулары және жарнамалар ілінген нысандарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. 2015 жылы 17 көшеге рейд жасалып, 967 нысанға түсіндірме жұмысы жүргізіліп, бірнеше рет ауызша ескертілді, 211 нысанның жарнамасы қайта өзгертілді. Учаскелік полиция қызметкерлерімен сыртқы жарнамаларға рейд жүргізіліп, бірнеше нысанға хаттама толтырылды.

Қала көшелеріндегі аялдамаларға мемлекеттік тілде атау беру мақсатында тиісті мекемелер тарапынан аялдамалардың тізімдері жинақталып, аялдамалар мемлекеттік тілде жазылды. Қала ішілік жолаушылар тасымалдайтын көліктердің көрнекі ақпараттарын ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңының 21-бабына сәйкес жазылып ілінуіне және кондукторлардың аялдамаларды мемлекеттік тілде хабарлауына ықпал жасау мақсатында қоғамдық көліктерге жауапты өкілдердің қатысуымен көліктердің қала бағыттарындағы жауапты басшылары арасында жиын өткізіп түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қызылорда қаласында 11 этникалық бірлестік жұмыс жасайды. Олардың әрқайсысында жексенбілік үйірмелер ұйымдастырылады.

Үштұғырлы тілді насихаттау мақсатында үш тілді игерген жастар арасында «Тіл шебері» қалалық байқауы, «Тілдарын», «Тіл – тұнық ойдың кәусары» қалалық олимпиадасы, қазақ жастары арасындағы орыс тілі білгірлерінің «Тіл-барлық білімнің кілті», «Ой-сана» қалалық байқауы, орыс жастары арасындағы қазақ тілі білгірлерінің «Тіл-халық жанын танудың кілті», «Тіл-парасат» қалалық байқаулары өткізіледі.

Қызылорда қаласы бойынша 58 БАҚ есепке алынған. Оның 51-і – баспадан шығатын, 7-электронды БАҚ. 10 пайызы – орыс тілінде, 20 пайызы – аралас тілде, 70 пайызы – мемлекеттік тілде жұмыс жасайды.

#### SWOT – талдау

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Аймақтағы тілдің сан алуандылығын сақтай отырып, мемлекеттік тілдің кеңінен пайдаланылуы қамтамасыз етіледі;</li> <li>2. Іс жүргізудің мемлекеттік тілге аударылу процесі белсенді іске асырылады;</li> <li>3. Мемлекеттік тілді оқыту әдістемесімен қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру;</li> <li>4. Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру үшін бөлінген қаражаттың көлемінің өсуі.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мемлекеттік тіл туралы Заңның тілдерді пайдалануда бұзушылыққа барғандарға белгілі әкімшілік шаралардың болмауы;</li> </ol>
Мүмкіндіктер (O)	Қатерлер (T)
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мемлекеттік тіл мәртебесін маңызды фактор және ұлттық бірлікті нығайтудың негізгі басымдығы ретінде көтеру;</li> <li>2. Әлеуметтік-коммуникативтік тілдік кеңістікте мемлекеттік тілді қолданудың саласын кеңейту;</li> <li>3. Қазақстандықтардың лингвистикалық қорын сақтау және нығайту.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қоғамда мемлекеттік тілді игерудің біркелкі емес деңгейі;</li> <li>2. Жеке кәсіпкерлік нысандарындағы сыртқы көрнекі ақпараттарда Тілдер туралы заңның бұзылуы;</li> <li>3. Жүйелі аударманың болмауы.</li> </ol>

#### Саладағы негізгі мәселелер:

- мемлекеттік тілді игерудің қоғамдағы біркелкі емес деңгейі;
- тілді оқытудың бірыңғай әдістемесі мен стандарттарының, оқыту инфрақұрылымдары қызметтерінің бірыңғай стандарттарының, мемлекеттік тілді меңгеру үдерісін ынталандыру мен мониторинг жүйесінің болмауы;
- мемлекеттік тілді еліміздің әлеуметтік-коммуникативтік кеңестігіне енгізудің жетімсіздігі;
- ұйымдар мен кәсіпорындарда, қаржы институттарында, яғни банк салаларында мемлекеттік тілді қолданудың төмендігі;

## 2.2.8. Ішкі саясат

#### Ақпараттық саясат

Қала көлемінде мемлекеттік ақпараттық саясатты жүзеге асыруға бөлінетін қаржы жыл сайын өсуде, 2012 жылы осы мақсатқа 36,8 млн теңге бөлінсе, 2014 жылы 59,1 млн.теңге бөлініп, 61 пайызға артты. Оның ішінде баспа құралдарына бөлінген қаржы 2 есеге артса, электронды ақпарат құралдарына бөлінген қаржы 1,5 есеге өскен.

Ақпараттық саясат бойынша есепті кезеңде Қызылорда қаласында 57 бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) есепке алынып, жұмыс жасауда. Оның 7-еуі электронды, 50-і баспа БАҚ.

Жыл басынан бері 28 баспасөз мәслихаты, 46 арнайы бағдарлама, 62 пресс-тур ұйымдастырылды.

«Қазақстан-Қызылорда», «Қоғам-TV» телеарналары арқылы Елбасы Жолдауына орай 20 сюжет және облыс, қала әкімдерінің имеджін көтеру мақсатында 100 ден астам бейне сюжеттер көрсетілді. Елбасы Жолдауын ақпараттық-насихаттық қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары және ақпараттық сүйемелдеуге арналған медиа жоспары негізінде Жолдаудан туындайтын міндеттерге сәйкес іс-шаралар ақпараттандырылып, Жолдауға байланысты түрлі санаттағы тұрғындар пікірлерін жариялау ұйымдастырылды.

#### Үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс

Қазіргі күні облыс көлемінде әділет органдарына тіркелген үкіметтік емес ұйымдардың саны 831 болса, Қызылорда қаласы бойынша 596 үкіметтік емес ұйым белсенді қызмет атқаруда. 2005 жылмен салыстырғанда әділет органдарына тіркелген ҰЕҰ саны 2,6 пайызға өссе, белсенді қызмет атқарушы қоғамдық ұйымдар 1,8 пайызды көрсетуде.

Қалалық бюджеттен үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік маңызды жобаларын жүзеге асыруға бөлінген қаржы жылдан жылға ұлғайып келеді. Атап айтқанда, осы мақсатқа 2012 жылы 5,8 млн. теңге бөлінсе, 2013 жылы 8,6млн. теңге, 2014 жыл 8,1 млн теңге қаржы бөлініп жұмыстар атқарылған.

«Қала көлемінде діни экстремизмнің және адам саудасының алдын алу бағытында ақпараттық түсіндірме шараларын ұйымдастыру», «Ұлтаралық қарым-қатынасты нығайту бағытында ақпараттық-түсіндірме және мәдени шаралар ұйымдастыру», «Мүгедек балаларға қол өнер үйрету жұмыстарын ұйымдастыру» бағыттарында жұмыстар атқарылуда.

Қала әкімдігі жанындағы үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл және әріптестік жөніндегі кеңес қызметі тұрақты ұйымдастырылуда.

#### **Ұлтаралық келісім**

Қызылорда облысында 70 ұлт өкілдері тұрады. Облыс тұрғындарының 92,3%, қазақтар, 3,7% - орыстар, 2,2% - кәрістер болса, 1,6% өзге ұлт өкілдері.

Облыс орталығында «Славян ұлттық-мәдени орталығы», «Қызылорда облысының корейлер Ассоциациясы», «Қызылорда облыстық өзбек қоғамдық-мәдени орталығы», «Вайнах» Қызылорда облыстық еврей қоғамдық-мәдени орталығы», «Қазақстандағы облыстық орыс қоғамдық-мәдени орталығы», «Қызылорда облыстық қырғыз қоғамдық-мәдени орталығы» қоғамдық бірлестігі секілді 11 этномәдени орталықтар жұмыс жасауда.

Қала бойынша қоғамдық келісім Кеңесі жұмыс жасауда және ұлттық мерекелер кең көлемде атап өтілуде.

2015 жылдың желтоқсан айында облыс орталығында «Достық» үйі пайдалануға берілетін болады.

Кесте 29. Этномәдени орталықтарының саны

	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл
Этномәдени бірлестіктер	11	11	11	15
«Достық» үйі	-	-	-	-

#### **Діни ахуал**

Қызылорда қаласындағы діни ахуалды тұрақты болып саналады. 2015 жылдың қыркүйегінде «Сыр медиа» ЖШС жанындағы ақпараттық-талдау орталығының жүргізген сауалнамасы кезінде «Сіз бүгінгі таңда тұрғылықты жеріңіздегі діни ахуалды қалай сипаттайсыз?» деген сұраққа тұрғындардың 54% «тұрақты», 27,1% «қалыпты» деп жауап берген. Яғни, қаладағы діни ахуалдың тұрақтылығын 81,1 пайызға теңестіруге болады. Бұл дегеніміз қаладағы діни ахуалдың тұрақтылығына әсер ететін әлдеқандай діни тұрғыдан оқиғалар орын алмағанын, діни ортаның өзінде көзқарастар қайшылықтарының жоқтығын көрсетеді.

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013 - 2017 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес, қала бойынша 2015 жылы 254 іс-шара ұйымдастырылды.

#### **Саяси партиялар**

Қызылорда қаласы бойынша республикалық саяси партиялар мен саяси ұйымдардың 6 филиалы тіркеліп қызмет қызмет атқаруда, атап айтқанда

1. «Нұр Отан» партиясының Қызылорда қалалық филиалы;
2. Қазақстанның Коммунистік партиясының Қызылорда облыстық филиалы;
3. Қазақстан Коммунистік Халық партиясының Қызылорда облыстық комитеті;
4. Қазақстан социал-демократиялық «Ауыл» партиясы қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы;
5. Жалпыұлттық социал демократиялық партиясының Қызылорда облыстық филиалы;
6. Қазақстан демократиялық «Ақ жол» партиясының Қызылорда облыстық филиалы.

Аталған партия өкілдіктерінің қатысуымен саяси партиялар мен саяси ұйымдардың бірігуін қамтамасыз ету мақсатында азаматтық қоғам бастамаларын дамыту, қоғамдық процестерді одан әрі демократияландыруға бірлесіп атсалысу бағытында іс-шаралар ұйымдастырылуда.

Қала әкімдігі жанында қоғамдық келісім кеңесі құрылып, құрамына мемлекеттік орган қызметкерлерімен қоса, саяси партия, үкіметтік емес ұйымдар, жастар ұйымдарының өкілдері, ардагерлер кеңесінің мүшелері енгізілген. Кеңес отырыстарының күн тәртібіне азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтау, ішкі саяси тұрақтылықты нығайту мәселелері шығарылып, тиісті шешімдер қабылдануда.

#### **Гендерлік саясат**

Қызылорда қаласында әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат бойынша қала әкімдігі жанынан құрылған комиссия жұмыс жасайды. Комиссия құрамын беделді тұлғалар құрайды, олар мемлекеттік орган басшылары, жергілікті мәслихат депутаттары, кәсіпкерлер, журналистер, ҰЕҰ мүшелері. Комиссияның негізгі мақсаты - әйелдердің азаматтық белсенділігін арттыру, жоғары білімді, саяси мықты әйел кадрларды мемлекеттік басқару ісінде ер азаматтарға лайықты бәсекелес болуы керек.

Бүгінгі күні қалада 268,9 мың тұрғын болса, соның 137,5 мыңы немесе 51 пайызы әйелдер. Мектептерде 5658 ұстаз болса, соның 4937-і немесе 87 пайызы әйелдер. Бизнес саласында жемісті еңбек етіп жүрген адамдардың 27 пайызын әйелдер құрайды.

Қала әкімдігіне қарасты салалық бөлімдер мен мекеме басшыларының ішінде 2 басшы, қалалық мәслихат депутаттарының 4-і, қалаға қарасты 55 мектептің 32-сінің директоры, сонымен қатар «Өнер»

музыкалық мектебінің, Оқушылар сарайының директорлары да әйел азаматтар.

Елімізде азаматтық белсенділік танытып, өзекті мәселелер бойынша ұтымды ұсыныстар беріп, қажетті шешімдердің қабылдануына ықпал етіп жүрген әйел азаматтар басқаратын 68 үкіметтік емес ұйымдары жұмыс жасайды.

Қала әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат комиссиясы үкіметтік емес сектормен, депутаттық корпуспен және жергілікті БАҚ бірлескен жұмыстарын жалғастырып, гендерлік саясаттың мемлекеттік бағдарламасын бұдан әрі қарай іске асыра береді.

## **2.3 - Бағыт: Қоғамдық қауіпсіздік және тәртіп**

### **2.3.1.Қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті қамтамасыз ету**

Қызылорда облысында криминогенді ахуал тұрақты қалыптасқан. Тіркелген қылмыстардың басым бөлігі Қызылорда қаласында (жалпы қылмыстардың 68,5%), Қазалы (6,2%), Шиелі және Жаңақорған (5,7%) аудандардың үлесінде.

Кесте 30. 2012-2014 жылдары және 2015 жылдың 9 айында тіркелген қылмыстар саны

Қала, аудан	2012ж.	2013ж.	+, (%)	2014ж.	+, (%)	2014 ж. 9айы	2015 ж. 9айы	+, (%)
Қызылорда облысы	9781	11297	15,5	9918	-12,2	7504	9033	20,4
Қызылорда қ-сы	7182	8100	12,8	6971	-13,9	5296	6184	16,8
Арал ауданы	390	543	39,2	408	-24,9	316	371	17,4
Қазалы ауданы	525	571	8,8	594	4,0	395	564	42,8
Қармақшы ауданы	311	353	13,5	305	-13,6	247	328	32,8
Жалағаш ауданы	219	299	36,5	296	-1,0	230	265	15,2
Сырдария ауданы	276	366	32,6	360	-1,6	263	290	10,3
Шиелі ауданы	462	549	18,8	536	-2,4	420	513	22,1
Жаңақорған ауданы	416	516	24,0	447	-13,4	337	513	52,2

2013 жылы тіркелген қылмыстардың 15,5% (9781/11297) өсім алуының негізгі себебі – қылмыстар туралы арыз – шағымдарды есептен жасыруды болдырмау мақсатында толығымен тіркеу арқылы, облыс көлемінде нақты статистикалық мәліметтерге қол жеткізу болып табылды.

Барлық ІІО-да арыз – шағымдарды электрондық түрде тіркеу тәртібі енгізіліп, «on-line» режимінде прокуратура органдарына қосылды. Әрбір арыз-шағымға полициямен талон – хабарлама беріліп, прокуратураның «Call-центр» арқылы азаматтар өздерінің арыздары бойынша қабылданған шешімді қарау мүмкіндігі туды.

2012-2014 жылдары өңірімізде жасөспірімдер қылмыстылығының тұрақты төмендеуі байқалғанымен, 2015 жылдың 9 айында бұл санаттағы қылмыстардың өсім алуына жол берілді (кесте).

Кесте 31. 2012-2014 жылдары және 2015 жылдың 9 айында жасөспірімдермен жасалған қылмыстар туралы мәлімет

Қала, аудан	2012ж.	2013ж.	+, (%)	2014ж.	+, (%)	2014 ж. 9айы	2015 ж. 9айы	+, (%)
Қызылорда облысы	151	145	-4,0	78	-46,2	56	73	30,4
Қызылорда қ-сы	76	83	9,2	47	-43,4	33	32	-3,0
Арал ауданы	23	6	-73,9	5	-16,7	4	3	-25,0
Қазалы ауданы	13	10	-23,1	5	-50,0	5	5	0,0
Қармақшы ауданы	8	7	-12,5	2	-71,4	0	5	100
Жалағаш ауданы	2	10	400	0	-100	0	2	100
Сырдария ауданы	3	9	200	4	-55,6	4	4	0,0
Шиелі ауданы	17	12	-29,4	10	-16,7	7	14	100
Жаңақорған ауданы	9	8	-11,1	5	-37,5	3	8	166,7

2015 жылдың 9 айында жасөспірімдердің өсім алуының негізгі себептерінің бірі - қылмыс жасаған жасөспірімдердің ата-аналары мен мұғалімдері тарапынан баланың жүріс-тұрысына бақылаудың төмендігі, қылмыс жасаған жасөспірімдердің жанұядағы әлеуметтік жағдайдың төмендігі (жалпы қылмыстың 34,2% немесе 25 қылмыс еш жерде оқымайтын және жұмыс істемейтін жасөспірімдермен жасалған).

2015 жылдың 9 айында ата-ана құқығынан айыру жөнінде 12 әкімшілік материал сотқа жолданды (есепте 272 қолайсыз отбасы тұр). Соттармен 6 адам ата-ана құқықтарынан айырылып, 6 ата-анаға 6 айға шектеу қойылды.

Жасөспірімдердің арасында қылмыстылықтың алдын алуда «мектеп» полицейлерін тиімді пайдаланудамыз. Мектептерде жалпы 110 «мектеп» полицейлері қызмет атқаруда.

2013-2014 жылдары және 2015 жылдың 9 айында облысымызда бұрын сотты болғандармен жасалған қылмыстар саны өсім алған (кесте).

Кесте 32. 2012-2014 жылдары және 2015 жылдың 9 айында бұрын сотты болғандармен жасалған қылмыстар саны туралы мәлімет

Қала, аудан	2012ж.	2013ж.	+, - (%)	2014ж.	+, - (%)	2014 ж. 9айы	2015 ж. 9айы	+, - (%)
Қызылорда облысы	266	174	-34,6	217	24,7	170	381	124,1
Қызылорда қ-сы	173	118	-31,8	147	24,6	123	181	47,2
Арал ауданы	16	16	0,0	6	-62,5	6	28	366,7
Қазалы ауданы	11	7	-36,4	18	157,1	13	34	161,5
Қармақшы ауданы	12	8	-33,3	3	-62,5	0	26	100
Жалағаш ауданы	16	5	-68,8	1	-80,0	0	18	100
Сырдария ауданы	16	4	-75,0	20	400	10	30	200
Шиелі ауданы	11	5	-54,5	10	100	8	23	187,5
Жаңақорған ауданы	11	11	0,0	12	9,1	10	41	310

Өсім алудың бір себебі, өткен жылдары орын алып, 2015 жылы ашылып, аяқталған 41 қылмыстық істер болып отыр (2012 ж - 1, 2013 ж - 4, 2014 ж - 36).

Атап өту қажет, 125 тұлғаның қылмыс орын алған уақытта соттылық мерзімі өткен.

Формальді түрде әкімшілік қадағалау жүргізілген жалпы 207 тұлғаның 7-не (2014 ж - 8) «В» тармағы бойынша әкімшілік қадағалау орнатылған.

Одан бөлек, шартты түрде босатылған 7 тұлға (249 тұлғаның 2,8%-ы) соттың шешімімен түзеу мекемелеріне қайтарылды.

2013-2014 жылдары және 2015 жылдың 9 айында өңірімізде көше қылмыстылығын төмендеу тенденциясы қалыптасты (кесте).

Кесте 33. 2012-2014 жылдары және 2015 жылдың 9 айында өңірімізде көше қылмыстылығы туралы мәлімет

Қала, аудан	2012ж.	2013ж.	+, - (%)	2014ж.	+, - (%)	2014 ж. 9айы	2015 ж. 9айы	+, - (%)
Қызылорда облысы	1773	2200	24,1	1901	-13,6	1398	1360	-2,7
Қызылорда қ-сы	1396	1716	22,9	1504	-12,4	1094	1025	-6,3
Арал ауданы	36	50	38,9	40	-20,0	26	19	-26,9
Қазалы ауданы	103	122	18,4	89	-27,0	61	115	88,5
Қармақшы ауданы	61	63	3,3	46	-27,0	36	34	-5,6
Жалағаш ауданы	46	60	30,4	54	-10,0	45	32	-28,9
Сырдария ауданы	12	37	208,3	31	-16,2	24	25	4,2
Шиелі ауданы	69	56	-18,8	68	21,4	53	47	-11,3
Жаңақорған ауданы	50	96	92,0	69	-28,1	59	63	6,8

Қала көлемінде үнемі түрде жүргізілетін жедел – профилактикалық іс-шаралардың нәтижесінде өңірімізде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде оң септігізін тигізді.

2015 жылдың басынан қала көлемінде «Құқық тәртібі», «Қауіпсіз аула», «Түнгі қала», «Көше», «Жасөспірім-Заң-Қауіпсіздік», «Балалар түнгі қалада» және тағыда басқа 40-тан астам жедел-профилактикалық іс-шаралар жүргізілді.

Жыл сайын автокөлік санының артуына орай, жол қозғалысының қауіпсіздігі күшейтілуде.

Тек соңғы 10 жыл ішінде облыс көлемінде автокөліктер саны 2,2 есеге көбейіп, 142 мың 075 бірлікті құрады (2005ж – 64 241) (кесте).

Кесте 34. 2012-2015 жылдары автокөліктер саны.

Қала, аудан	2012ж.	2013ж.	2014ж.	2015ж.
Қызылорда облысы	122 795	128 370	135 676	142 075
Қызылорда қ-сы	61216	64247	69222	72953
Арал ауданы	6446	7285	8021	8522
Қазалы ауданы	7660	8193	8723	9199
Қармақшы ауданы	10078	9007	9304	9467
Байқоңыр қ.	9303	6458	7289	7321
Жалағаш ауданы	3835	4184	4670	4927
Сырдария ауданы	4653	5048	5539	5745
Шиелі ауданы	11301	12273	13091	13755
Жаңақорған ауданы	8303	9169	9817	10186

2013-2014 жылдары және 2015 жылдың 9 айында облыс көлемінде жол апаттарының саны азаюда (Кестелер).

Кесте 35. Жол-көлік оқиғалары туралы мәлімет

Қала, аудан	2013ж.			2014ж.			+/- (%)		
	ЖКО	Қайтыс болды	Жарақат алды	ЖКО	Қайтыс болды	Жарақат алды	ЖКО	Қайтыс болды	Жарақат алды
Қызылорда облысы	443	116	576	367	83	463	-17,2	-28,4	-19,6
Қызылорда қ-сы	207	25	272	187	16	211	-9,7	-36,0	-22,4
Арал ауданы	28	12	32	29	9	39	3,6	-25,0	21,9
Қазалы ауданы	39	13	38	41	8	44	5,1	-38,5	15,8
Қармақшы ауданы	26	6	41	18	4	27	-30,8	-33,3	-34,1
Жалағаш ауданы	16	9	17	23	4	38	43,8	-55,6	123,5
Сырдария ауданы	32	10	50	17	9	35	-46,9	-10,0	-30,0
Шиелі ауданы	49	16	64	35	26	48	-28,6	62,5	-25,0
Жаңақорған ауданы	46	25	62	17	7	21	-63,0	-72,0	-66,1

Кесте 36. Жол-көлік оқиғалары туралы мәлімет

Қала, аудан	2014ж. 9 айы			2015ж. 9 айы			+/- (%)		
	ЖКО	Қайтыс болды	Жарақат алды	ЖКО	Қайтыс болды	Жарақат алды	ЖКО	Қайтыс болды	Жарақат алды
Қызылорда облысы	277	70	363	274	75	327	-1,1	7,1	-9,9
Қызылорда қ-сы	145	12	171	138	20	152	-4,8	66,7	-11,1

Арал ауданы	18	9	23	30	11	28	66,7	22,2	21,7
Қазалы ауданы	34	7	37	26	11	19	-23,5	57,1	-48,6
Қармақшы ауданы	12	2	21	11	3	26	-8,3	50,0	23,8
Жалағаш ауданы	13	3	23	4	0	9	-69,2	-100	-60,9
Сырдария ауданы	14	8	31	21	10	32	50,0	25,0	3,2
Шиелі ауданы	26	23	38	26	9	34	0,0	-60,9	-10,5
Жаңақорған ауданы	15	6	19	18	11	27	20,0	83,3	42,1

100 жарақат алғандардың жол-көлік оқиғаларына шаққандағы көрсеткіш кестеде көрсетілген.

Кесте 37. 2013-2014 жылдары және 2015 жылдың 9 айында 100 жарақат алғандардың жол-көлік оқиғаларына шаққандағы көрсеткіш

Қала, аудан	2013ж.	2014ж.	2015ж. 9 айы
Қызылорда облысы	16,8	15,2	18,6
Қызылорда қ-сы	8,4	7,0	11,6
Арал ауданы	27,3	18,8	28,2
Қазалы ауданы	25,5	15,4	36,7
Қармақшы ауданы	12,8	12,9	10,3
Жалағаш ауданы	34,6	9,5	0,0
Сырдария ауданы	16,7	20,5	23,8
Шиелі ауданы	20,0	35,1	20,9
Жаңақорған ауданы	28,7	25,0	28,9

2015 жылы орын алған жол апаттарының салдарынан қайтыс болғандар санының өсім алуына сәйкес, «Автобус», «Қауіпсіз жол», «Абайлаңдар балалар!», «Мас жүргізуші-қылмыскер» және тағы да басқа жедел профилактикалық іс-шаралар өткізіліп, арнайы құрылған мобильді топтар қызмет атқаруда. Нәтижесімен 2015 жылдың соңына дейін жол апаттарының ауыртпалық көрсеткішін төмендетуге шаралар қабылданады.

Есепті мерзім ішінде Ішкі істер органдарының қызметкерлерімен үнемі жолдар зерделеніп, анықталған кемшіліктерді жоюға жол және коммуналдық мекемелеріне 644 ұйғарымдар жолданып, нәтижесінде ұйғарымдардың талаптарын орындамаған 79 лауазымды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Қылмыстық және әкімшілік кодекстерге келтірілген өзгерістерге және теріс қылықтар енгізілуіне орай, 2015 жылдың 9 айында анықталған есірткіге қатысты құқық бұзушылықтар саны 3 еседен астамға өсім алған (34/104). 20 есірткі затын өткізу, 14 есірткі құралдарын аса ірі көлемде сақтау деректері анықталған.

ҚР 2012-2016 жылдарға арналған есірткіге және есірткі бизнесіне қарсы күрес салалық бағдарламасы аясында 2015 жылдың 9 айында жалпы 344 әртүрлі іс-шара өткізілді, оның ішінде 18 семинар, 122 лекция, 41 конкурс пен 20 дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

Одан бөлек, 15 пресс-конференция мен брифингтер өткізіліп, бұқаралық ақпарат құралдарында 464 материал, жергілікті арналарда 75 бейнесюжет жарық көрді.

Облыс көлемінде есірткі құмарлар саны 10% төмендеді (1047/941). Есірткі құмарлардың есірткі заттарын асыра пайдаланып, қайтыс болу деректері орын алған жоқ.

Мемлекеттік басқару жүйесін оңтайландыру жөнінде Елбасының тапсырмасына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2012-2016 жылдарға арналған нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес салалық бағдарламасының қысқартылуына және жаңадан жергілікті полиция қызметінің енгізілуіне орай, есірткіге қарсы күрес бағытындағы облыс әкімдігі жанындағы ведомствоаралық штаб жұмысының маңыздылығы өсім алады.

Қабылданған шаралар нәтижесінде, есірткі құмарлар саны азайып, жалпы ахуал тұрақталды.

### SWOT-талдау:

Күшті жақтары (S):	Әлсіз жақтары (W):
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Өңірде криминогенді ахуалды жақсарту;</li> <li>2. Азаматтардың құқықтары мен бостандығын, заңды мүдделерін қорғайтын жағдай жасалған;</li> <li>3. Қылмыстар туралы хабарламалар мен арыздарды толығымен тіркеу;</li> <li>4. Өңірде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін тиісті деңгейде ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасы нығайтылған;</li> <li>5. Жолда жүру ережелерін анықтау шараларын жандандыру арқылы жол апаттарының санын азайту;</li> <li>6. Қабылданған шаралар нәтижесінде, өңірімізде есірткі ахуалы тұрақтанып, есірткі тұтынушылар азайды;</li> <li>7. «Мектеп» инспекторлары институтын одан әрі жетілдіру.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балалар үшін арналған арнайы аулааралық клубтар, спорттық секциялардың жоқтығы;</li> <li>2. Ішкі істер органдарына тиісті типтік үлгідегі ғимараттармен қамтамасыз етілмеуі мен қолданыстағы ғимараттарды қайта құруылмауы;</li> <li>3. Жол инфрастр�ктурасының жетілмеуі;</li> <li>4. Жол жүрісінің қатысушыларының әсіресе автокөлік жүргізушілері тәртібінің төмендігі, жүргізушілерді даярлау деңгейін көтеруді қажет етеді;</li> <li>5. Жол апаттарының салдарынан оның ауыртпалық көрсеткіштерінің жоғарылауы.</li> </ol>
Мүмкіндіктер (O):	Қауіп-қатер (T):
<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жергілікті тұрғындар мен азаматтар қоғамдықтарының институттарына сүйене отырып, жалпы мемлекеттік жүйе құру;</li> <li>2. Жол апаттарын төмендету үшін жол тораптарының инфрастр�ктурасын жетілдіру, құрылысы мен жөндеу жұмыстарын жүргізу;</li> <li>3. Информациялық жүйелер және электронды базаларды құру мен модернизациялау;</li> <li>4. Қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға уақылыты ден қою;</li> <li>5. Заңсыз көші-қондылық арналарының алдын алу мақсатында республикалық «Заңсыз келуші», «Нелегал» атты жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізу.</li> </ol>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қазақстанмен шекаралас елдерде әлеуметтік-саяси ахуалының тұрақты болмауы көші-қон ағынына әкеліп, олардың негізінен ұрлық, есірткі қылмыстары мен қару-жарақтардың тасымалының көбеюіне соқтыруы мүмкін;</li> <li>2. Орталық Азия елдерінің біліксіз еңбек мигранттарының Ресейден Қазақстанға ауытқуы.</li> </ol>

#### Саладағы негізгі мәселелер:

- Жергілікті тұрғындар мен азаматтық қоғамдардың институттарын негізге ала отырып, құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі жалпы мемлекеттік тиімді жүйесі құрылмаған;
- Бейімделмеген ғимараттарда орналасуы, оның ішінде ішкі істер органдары жеке құрамының әскери және арнайы дайындық шараларын өткізу үшін ғимараттардың қарастырылмауы;
- Бейнебақылау жүйесін жетілдіру;
- Ішкі істер органдары жеке құрамының тұрғын үй мен басқа да әлеуметтік мәселелерін жақсарту;
- Заңсыз көші-қондылық процестерінің жоғарылауы.
- Жол-көлік оқиғаларының ауыртпалығына төмендегідей мән-жайлар әсерін тигізуде:
- жолдардың кең ауқымы мен техникалық жай – күйінің төмендігі;
- автокөлік паркі мен оның жылдамдық сипаттамаларына сәйкес, жол тораптары мен инфрақұрылымының төмендігі;
- облыстағы автокөлік санының күрт өсуі;
- жол-көлік оқиғаларының өсім алуының негізгі себептерінің бірі – жол қозғалысының қатысушылары, оның ішінде автокөлік жүргізушілер даярлығының төмендігі.

### 2.3.2. Төтенше жағдайларға қарсы іс-қимыл инфрақұрылымы

Қызылорда қаласы климаттық жағдайы, табиғи төтенше жағдайлар–су басу, далалық өрт, қауіпті метеорологиялық, т.б. апаттарға бейім аумақ.

Қазіргі кезде жүргізіліп жатқан алдын-алу шараларына қарамастан табиғи және техногендік төтенше жағдайлардың және ондағы адам шығыны мен материалдық шығыны келесі кестеден көруге болады.

Кесте 38. Қызылорда қаласы бойынша 2012-2014 жылдары төтенше жағдайлардың өсу динамикасы

Корсеткіштер	2012 жыл		2013 жыл		2014 жыл	
	Облыс	Қала	Облыс	Қала	Облыс	Қала
Орын алған төтенше жағдайлар мен оқиғалар саны, барлығы	814	282	645	246	766	236
о.і. төтенше жағдайлар	112		89		85	
Жарақат алғандар, адам барлығы	327	7	245	13	398	4

о.і. төтенше жағдайларда	154		91		207	
Қайтыс болғандар, адам барлығы	78	8	58	7	69	7
о.і. төтенше жағдайларда	78	8	58	7	69	7
Келтірілген материалдық шығын, млн теңге	341,6	86 170 147	288,0	158 619 272	161,0	20 712 679
о.і. төтенше жағдайларда	0		0		0	0

Соңғы жылдары төтенше жағдайлар мен төтенше оқиғалар салдарынан болатын адам және материалдық шығындардың қала көлемінде төмендемегені байқалуда. Бұл жағдайды одан әрі жақсартып, адам және материалдық шығындардың төмендету үшін топан су, жер сілкінісі, өрт және ашық су айдындарын бақылауға мүмкіндік жасайтын инфрақұрылымдарды жақсартуымыз қажет.

Қала аумағының оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай өтетін Сырдария өзенінің ұзындығы 1762 км құрайды. Өзен арнасы бойында жалпы ұзындығы 88,5 км болатын қорғаныс дамбысы тұрғызылған. Сонымен қатар, өзен бойында 1 гидротехникалық құрылыс салынған. Атап айтқанда, «Қызылорда су торабы» (су өткізу мүмкіндігі 1750 т.м./сек жаз айларында, 650-700 т.м./сек).

Жыл сайын қысқы-көктемгі су тасқыны Сырдария өзені бойындағы түрлі су шаруашылығы нысандары, гидротехникалық құрылыстар мен қорғаныс дамбыларының жағдайларына кері әсерін тигізеді.

Қала көлемінде табиғи және техногендік төтенше жағдайлардың алдын-алу және оның зардаптарын жою, қауіпті аймақта тұрғындарына көмек көрсету, өрт қауіпсіздігін сақтау бағытында іс-шаралар жүргізіліп отырады.

Қаланың тасқын суға байланысты төтенше жағдайлардың алдын-алу және оның зардаптарын жою жөніндегі жұмысшы тобы 17 қауіпті аумақты анықтаған.

Сондай-ақ, жыл сайын Конго-Қырым безгегінің алдын-алу бойынша іс-шаралар өткізіледі.

Тасқын су басу мүмкін жоғарғы аумақта 140 мың адам тұрады және 8 әлеуметтік-мәдени, өндірістік нысандар орналасқан. Олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 8 км қорғаныс дамбысы құрылысын салу қажет.

Қала көліміндегі мемлекеттік өртке қарсы күрес қызметі жоқ елді-мекендердің өрт қауіпсіздігінің төменгі деңгейін қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдардың күшімен 2 өрт қауіпсіздігін сақтау бекеттерін құрып, 3 өртке қарсы техникалар алу арқылы олардың материалдық-техникалық базасын тиісті нормаға жеткізу қажет.

Қызылорда қаласында 2012 бақылау нысандары тіркелген. Оның ішінде, 162 нысаны жоғарғы тәуекел дәрежесіне, 320 нысан орта тәуекел дәрежесіне, 1530 нысан төмен тәуекел дәрежесіне жатады.

2015 жылы барлығы – 189 нысанға өрт техникалық тексеру жүргізілді (2014 жылы - 210 нысан), олардың 180 нысаны жоғары тәуекел дәрежесі (2014 жылы - 186 нысан), орта тәуекел дәрежесі-7, (2014 жылы -15 нысан), 2 нысан төмен тәуекел дәрежесіне (2014 жылы - 9 нысан) жатады.

Оның ішінде 89 жоспарлы және 100 нысанға жоспардан тыс өрт – техникалық тексеру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, орын алған қандайда төтенше жағдайлар кезінде азаматтық қорғаныс қызметі бойынша шұғыл әрекет ету мақсатында, қала көлеміндегі мекемелерде бекітілген жоспарға сәйкес (мектептер, жоғары оқу орындарда, денсаулық сақтау мекемелерінде) оқу жаттығулар өткізілді. Атап айтқанда, облыстық психоневрологиялық ауруханада, облыстық наркологиялық ауруханада өткізілді.

Қызылорда облысы Төтенше жағдайлар департаменті «Өрт сөндіру және авариялық құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесімен 2015 жылдың қазан айында жүргізілген маусымдық тексеру қорытындысы бойынша, қазіргі таңда Қызылорда қаласы мен әртүрлі нысандардағы 932 дана өрт гидранттарының 405 дана өрт гидранты (43,5 пайыз) жарамсыз күйде. Оның ішінде қала көшелеріндегі орналасқан 772 өрт гидрантының 349 өрт гидранты, елді мекендердегі 60 өрт гидрантының 23 өрт гидранты, әртүрлі нысандарда орналасқан 100 өрт гидранттарының 33 өрт гидранты түрлі себептермен пайдалануға жарамсыз жағдайда екендігі анықталды. Оған қоса, барлығы 48 су қоймасының 10 су қоймасы жарамсыз күйде болып отыр. Атап айтатын болсақ, қаладағы орналасқан 8 дана су қоймасының 2 жарамсыз, елді мекендердегі 7 су қоймасы жарамды, әртүрлі нысандардағы 33 су қоймасының 8 су қоймасы пайдалануға жарамсыз.

Осы орайда, Қызылорда қаласының Төтенше жағдайлар басқармасы тарапынан жылдың суық мезгілі қыс айларында халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, өрт немесе өзге де төтенше оқиғалар орын алғанда олардың зардаптарын дер кезінде аз шығынмен жою үшін, өрт гидранттары мен су қоймаларының техникалық жағдайын хабарлай отырып, жұмыс қабілеттілігін жақсартуда нәтижелі шаралар қабылдау бағытында жұмыстар жүргізілуде.

## SWOT – талдау

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
<p>1.«Қазгидромет» РМК филиалының метеорологиялық және гидрогеологиялық жағдайына мониторинг жасауы</p> <p>2.Төтенше жағдайлар кезінде азаматтық қорғаныс қызметі бойынша шұғыл әрекет ету мақсатында, қала көлеміндегі мекемелерде бекітілген жоспарға сәйкес (мектептер, жоғары оқу орындарда, денсаулық сақтау мекемелерінде) оқу жаттығулардың өткізілуі</p> <p>3.Сырдария өзені бойында дамбы салып бекіту жобасының жүзеге асырылуы.</p>	<p>1.Табиғи және техногенді төтенше жағдай туындағанда тұрғындарды жедел, әрі толық мәліметпен хабардар ету жүйесінің әлсіздігі;</p> <p>2.Құтқару қызметі мен азаматтық қорғаныс саласының төтенше жағдайларды құтқару жұмыстарын тиісті деңгейде жүргізуі үшін қажетті техникалармен толыққанда қамтамасыз етілмеуі;</p> <p>3.Қосымша басқару пункттерінің толыққанды жасақталмауы.</p>
Мүмкіндіктер (O)	Қауіптер (T)
<p>1.Төтенше жағдай туындағанда зардап шеккен азаматтарды күнделікті қажетті заттармен қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органның материалдық-техникалық базасын нығайту;</p> <p>2.БАҚ арқылы азаматтық қорғаныс саласы бойынша көрнекі құралдарды пайдалана отырып кең көлемді түсіндіру жұмыстарын жүргізу.</p> <p>2.Су тасқыны кезінде қауіпті аумақтардағы су құрылыстарын тұрақты түрде жөндеу, жаңғырту жұмыстарын жүргізу.</p>	<p>1.Су тасқынынан елді-мекендер мен инженерлік құрылыстардың зиян шегуі мүмкін аумақтардың болуы.</p>

### Саланың негізгі мәселелері:

- Қызылорда қаласы мен әртүрлі нысандардағы 932 дана өрт гидранттарының 405 дана өрт гидранты (43,5 пайыз) жарамсыз күйде болуы.
- Қаланың аумағы жылдан жылға кеңейуіне орай, қала көлеміндегі мемлекеттік өртке қарсы күрес қызметі жоқ елді-мекендердің өрт қауіпсіздігінің төменгі деңгейін қамтамасыз ету үшін жергілікті атқарушы органдардың күшімен 2 (Аль-Фараби тұрғын ауданы және Талдарал елді мекенінде) өрт қауіпсіздігін сақтау бекеттерін құрып, тиісті өртке қарсы техникалар алу арқылы олардың материалдық-техникалық базасын тиісті нормаға жеткізу.
- Сырдария өзенінде жеке қайықтарды меншік иелерімен заң бұзушылық талаптарына тосқауыл қойып, өзеннің сол жағалауында орналасқан тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, тасымалдау мәселесін шешу.
- Су айдындарында далалық өрттерді сөндіруге өрт сөндіру автокөліктерінің сумен қамтамасыз етуге пирстер орнату.

## 2.4 - Бағыт: Инфрақұрылымдық кешен

### 2.4.1. Байланыс және коммуникация

#### Телекоммуникация.

Қызылорда қаласы бойынша 2015 жылдың 10 айына байланыс қызметінің есептелген табыс мөлшері 1 708,8 млн.теңгені құрады, 2015 жылдың аяғына табыс мөлшері 2 050,6 млн.теңгені құрайды деп жоспарланып отыр. Тіркелген желілер саны 1 қарашаға 40978 бірлікті құрады, өткен жылмен салыстырғанда 17% немесе 7323 бірлікке аз. Интернетке Кең жолақты қатынау қызметі бойынша саны 19943 бірлікті, өткен жылмен салыстырғанда 9% немесе 3717 бірлікке аз. Нарықта ұялы байланыс операторларының енуінің ұлғайуы, мобильдік байланыстың дамуы нәтижесінде, тіркелген байланыс желісінен абоненттердің кетуі көп орын алып, абоненттер саны азаюда.

Интернеттің жаппай дамуы, қолданысқа енуі жоғары жылдамдықты Интернетке қатынау қызметтеріне сұранысты тудырды. Осыған орай 2010 жылдан бастап «Қызылорда қаласында FTTx желісін салу» кезеңдік жобасы бойынша Қызылорда қаласының барлық көпқабатты үйлеріне оптикалық талшықты желілері салынды. Сонымен қатар, Саулет, Ипподром, Арай және ЦОН маңы микроаудандарындағы жеке секторларға FTTx технологиясы бойынша жоғары жылдамдықты iD Net қызметі қол жетімді. Қазіргі таңда iD Net қызметінің абоненттер саны 10393 бірлікті құрады, өткен жылмен салыстырғанда өсуі 722 бірлікті немесе 7% ды құрады. ID-TV сандық теледидар абоненттер саны 1 қарашаға 4582 абонентті, өткен жылмен салыстырғанда өсуі 1800 бірлікті немесе 64% ды құрады.

Интернетке Кең жолақты қатынау қызметінің енуі 100 тұрғынға шаққанда – 8 % құрады. 100 тұрғынға шаққанда телефония қызметінің енуі 17% ды құрады.

2014 жылдан бастап LTE 4G технологиясын дамыту негізінде Қызылорда облыстық телекоммуникациялар дирекциясы мобилді нарыққа шықты. Қазіргі таңда LTE 4G технологиясы негізінде «Әмбебап нөмір», iD Net Wireless қызметтерін ұсынуда. 1 қарашаға «Әмбебап нөмір» қызметін пайдаланушылар саны 821-ді құрады, iD Net Wireless қызметін пайдаланушылар 405 абонентті құрады.

LTE 4G, FTTx технологияларының дамуы негізінде жаңа инновациялық қызмет түрлері немесе VAS қызметтерін дамыту, сатуға шығарылып жатыр. Ағымдағы жылдың 1 қарашасына «Ата-ана бақылау» қызметі – 1463 бірлікті, «Бағдарламаларды жалға алу» қызметі – 591, ID-TV Online қызметі – 630, HD арналары қызметі – 66, FMS топтамасындағы қызметтер – 958 бірлікті құрады.

#### **Ұлттық телерадиохабар тарату**

2014-2016 жылдарға арналған Ұлттық сандық телерадиохабарларын тарату қызметін ілгерілету бойынша іс-шаралар жоспарына сәйкес келесідей көрсеткіштерге қол жеткізу жоспарланған:

2014 жылы халықты отандық телеарнамен қамту көрсеткішін 47 пайызға немесе 20175 абонентке жеткізу;

2015 жылы – 71% пайыз немесе 30476 абонент

2016 жылы – 95% пайыз немесе 40778 абонент.

2015 жылдың 30 қыркүйегіне ұлттық телеарнаға қосылған абоненттер саны 24320 немесе 56,6% пайызға жетті. Қала көлемінде ұлттық сандық телерадиохабар тарату қызметіне қосылу бойынша мәлімет 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 39 – Қала көлемінде ұлттық сандық телерадиохабар тарату қызметіне қосылу бойынша мәлімет.

Қала атауы	Отбасы саны	2014 жылы 47% қамтудың шегі	2015 жылы 71% қамтудың шегі	Қосылған абоненттер		2015 жылы 71% қамту үшін қосылуы қажетті абоненттер саны
				Саны	%	
Кызылорда	42 925	20 175	30 476	24320	56,6	-6156
Ақжарма	399	187	283	224	56,1	-59
Ақсуат	808	470	573	545	67,4	-28
Белкөл	646	379	458	238	36,8	-220
Қосшыңырау	513	241	364	133	25,9	-231
Қарауылтөбе	276	129	195	239	86,5	+44
Қызылжарма	1152	541	817	1083	94	+266
Қызылөзек	214	288	151	108	50,4	-43
Талсуат	380	178	269	345	90,7	+76
Тасбөгет	4062	1909	2884	2291	56,4	-593
Барлығы қала бойынша	51 375	24 497	36 470	29 526		6944

#### **Халықтың компьютерлік сауаттылығы**

Қызылорда қаласының тұрғындарының компьютерлік сауаттылық деңгейі – адамдардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білуі, күнделікті кәсіби жұмысында қолдануы болып табылады. Ақпараттық технологиялармен жұмыс жасай білу деңгейін көтеру ақпараттық қоғамның баршаға қолжетімділігін арттыруға алып келеді.

Осы ретте білім беру ұйымдарында 6 мен 15 жас аралығындағы азаматтарды білім беру стандарттарына сәйкес деңгей бойынша оқытып, оларға арнайы компьютерлік сауаттылық курстары өткені жөніндегі сертификат беріледі.

Сонымен қатар 2015 жылы қала тұрғындарының компьютерлік сауаттылық деңгейін арттыру мақсатында 14-74 жас аралығындағы азаматтардың (орта және жоғары оқу орындарында оқитын, мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік мекеменің қызметкерлері, әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлері және мемлекеттік сайланбалы қызмет атқаратын адамдар санаттарына жататын азаматтардан тыс) 75% арнайы компьютерлік (сандық) сауатталық курстарынан өтті. (2014 жылы 14-74 жас аралығындағы қала тұрғындарының 56% компьютерлік (сандық) сауаттылық курстарында оқытылды.

### SWOT- талдауы:

Мықты жақтары(S):	Әлсіз жақтары (W):
Ақпараттық қоғамның дамуы. Барлық жерде интернет желісін ендіру	Телекоммуникация нарығында нақты бәсекелестің жоқтығы; Ұялы байланыс тарифінің жоғары болуы; Ауылдық округтердегі тұрғындардың төмен деңгейде ақпараттануы; Ауылдық округтерде, коммуникациялық байланыстар жылдамдығының төмен болуы
Мүмкіндіктері (O):	Қауіпі (T):
Күнделікті өмірде азаматтардың және мекемелердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдануға көшуі; Ақпараттық технологияларды қолдануда тұрғындардың қызығушылығы. Тұрғындарды әмбебап байланыс қызметімен қамтамасыз ету;	Тұрақты байланыс желісі абоненттерінің санының ұялы байланысқа ауысуына байланысты азаюы; Тұрғындардың электронды мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндігінің болмауы.

#### Саладағы негізгі мәселелер:

- Телекоммуникация және почта байланысы инфрақұрылымының дамуы заманауи әлемдік деңгейге сәйкес еместігі;
- Ұялы байланыс саласында бәсекелестіктің артуына байланысты тұрақты байланыс желісі абоненттерінің ұялы байланыс пайдасына басымдық беріп, тұрақты байланыс желісінен кетуі.

### 2.4.2. Құрылыс

Соңғы үш жыл ішінде құрылыс жұмыстарының көлемі 16,4% артып, 2014 жылы 51574,6 млн.теңгені құрады және өткен жылмен салыстырғанда 110,1% өсім қамтамасыз етілді. Жалпы облыстағы көрсеткіштің ішінде Қызылорда қаласының үлесі 50% құрады. Тұрғын үй құрылысына жұмсалған инвестициялар 31,4 млрд.теңге көлемінде немесе облыстағы көрсеткіштің 69 пайызын құрады.

Қалада құрылыс саласын дамыту «Тұрғын үй жинақ құрылыс банкі» АҚ, «ҚИК» ИК АҚ, «Самұрық Қазына» АҚ желілері бойынша 2020 жылға дейінгі «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы негізінде жүзеге асырылуда.

Кесте 40. 2012-2014 жылдары іске қосылған тұрғын үйлер туралы мәлімет

№	Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
1	Жаңа тұрғын үй құрылысының көлемі	шаршы метр	174052	139316	142856
2	Оның шінде: арендалық тұрғын үй	шаршы метр	5400	8900	13000

2012-2014 жылдары қаржыландырудың барлық көздері есебінен жалпы 456,2 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға тапсырылса, оның ішінде халық қаражаты есебінен іске қосылған тұрғын үй көлемі 343,7 мың шаршы метр немесе 75,3 пайызы. Мемлекеттік бюджет есебінен пайдалануға тапсырылған тұрғын үй көлемі – 112,5 мың шаршы метрді құрады. Осы мерзім ішінде салынған пәтерлердің жалпы саны 3477-ні құрады.

Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде 2012-2014 жылдар аралығында пайдалануға тапсырылған тұрғын үйлердің 75 пайызы Қызылорда қаласына тиесілі болды. Осы мерзім ішінде қала бойынша 4,6 мың адам немесе 984 отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілді, оның ішінде:

Кезектегі отбасыларға арналған арендалық тұрғын үй - 1 269 адам немесе 270 отбасы;

Жас отбасыларға арналған арендалық тұрғын үй – 1 282 адам немесе 270 отбасы;

Кредиттік тұрғын үй - 940 адам немесе 200 отбасы;

«Еңбекпен қамту-2020» бағдарламасымен - 912 адам немесе 194 отбасы.

Медицина қызметкерлеріне қызметтік тұрғын үй - 235 адам немесе 50 отбасы.

2015 жылы Қызылорда қаласы бойынша барлығы 187,8 мың шаршы метрді құрайтын 2652 пәтерлі 52 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. (Ұлттық қордан, республикалық, жергілікті бюджеттерден, «Бәйтерек» Девелопмент» АҚ, «Самұрық Қазына» жылжымайтын мүлік қоры АҚ-ы арқылы 171,4 мың шаршы метрді құрайтын 2474 пәтерлі 48 көп қабатты және жергілікті инвесторлар есебінен 16,4 мың шаршы метрді құрайтын 178 пәтерлі 4 тұрғын үйлер).

Жыл басынан бері Ипподром мөлтек ауданындағы 300 пәтерлі 6 ипотекалық тұрғын үй (28,2 мың шаршы метр) және Жаппасбай батыр көшесі бойынан кезекте тұрғандар үшін 120 пәтерлі 2 тұрғын үй (8,1 мың шаршы метр) және Арай мөлтек ауданында 16,4 мың шаршы метрді құрайтын 240 пәтерлік 5 тұрғын үй пайдалануға берілді.

2015 жылдың аяғына дейін барлығы 1248 пәтерді құрайтын 23 көпқабатты тұрғын үйді пайдалануға тапсыру көзделуде. Оның ішінде жергілікті инвесторлар есебінен барлығы 16,4 мың шаршы метрді құрайтын 178 пәтер болатын 4 тұрғын үйлер.

Нәтижесінде жыл ішінде барлығы 1908 пәтерді құрайтын 36 көпқабатты тұрғын үйді (136,7 мың шаршы метр) пайдалануға тапсыру көзделуде, яғни өткен жылдармен салыстырғанда тұрғын үйді тапсыру көлемі 4,5 есеге ұлғайтылып, құрылыс жұмыстарына салынатын инвестиция көлемі 21,7 млрд.теңгені құрайтын болады.

2016 жылы барлығы 744 пәтерді құрайтын 16 көпқабатты тұрғын үйді (51,1 мың шаршы метр) пайдалануға тапсыру көзделуде. Оның ішінде:

СПМК-70 мөлтек ауданындағы 18,4 мың шаршы метрді құрайтын 270 пәтерлік 5 тұрғын үй («Бәйтерек» Девелопмент» АҚ);

Жаппасбай Батыр көшесіндегі 4 мың шаршы метрді құрайтын 60 пәтерлік 1 тұрғын үй (апаттық үй);

Титов қыстағындағы 12,1 мың шаршы метрді құрайтын 180 пәтерлік 3 тұрғын үй (жас отбасылар үшін);

Тасбөгет кентіндегі 1,8 мың шаршы метрді құрайтын 24 пәтерлік 1 тұрғын үй (кезектегі азаматтарға);

Шүкіров көшесі бойындағы 14,8 мың шаршы метрді құрайтын 210 пәтерлік 6 тұрғын үй («Самұрық Қазына» жылжымайтын мүлік қоры АҚ );

Тұрғын үймен қамтудың әлеуметтік норма бойынша көрсеткіші 1 тұрғынға орташа 18 шаршы метрді құрайды. Қызылорда облысы бойынша 1 тұрғынға 19,5 шаршы метр, оның ішінде қала бойынша 21,7 шаршы метр.

Тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің орташа нақты құны жеке тұрғындармен салынған үйлерді қосқанда 47,2 мың. теңгені құрайды. Оның ішінде Қызылорда қаласы бойынша 57,1 мың теңге.

Тұрғын үй құрылысы қаланың бекітілген бас жоспарына, тұрғын үй кварталының жұмыс жобасына және жасалынған жоба құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Кесте 41. 2012-2014 жылдары Қызылорда қаласында салынған әлеуметтік нысандар

		Оның ішінде қызмет түрлері бойынша				
Жыл	Барлығы	Білім саласы	Денсаулық саласы	Мәдениет саласы	Спорт саласы	Басқалар
2012	9	6	3		-	
2013	13	7	2	2	1	
2014	2	-	2		-	

#### SWOT- талдау:

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
1.Қаланың Бас жоспарының, жұмыс жобасының бар екендігі; 2.Саладағы жұмыс атқаратын мекемелер, мамандармен қамтамасыз етілуі. 3. Арендалық тұрғын үй құрылысының 4 есе өсуі; 4. Қала бойынша тұрғын үй құрылысы бюджет есебінен ғана емес, сонымен қатар АҚ «ИО КИК», АҚ «Самұрық Қазына» және жеке инвесторлар есебінен жүргізілуі; 5.Мемлекеттік қала құрылысының кадастрлық мәліметтері	1.Құрылыс материалдық базасының құрылыс заттармен қамтамасыз етуі; 2. Жоба- сметалық құжаттамалардың өз көлемінде толық жасалмауы; 3. Арендалық тұрғын үй құрылысының және инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымының жұмыстарының толық қанды қаржыландырылмауы; 4. Қала құрылысы және архитектураның құрылыс салатын жерлерді дұрыс анықтамауы, жеке және заңды мекемелерге қалай болса солай бөліп беруі, қала құрылысының регламенттерінің орындалмауы.
Мүмкіндіктері (O)	Қауіптері (T)
1.Тұрғындарды «Өңірлерді дамыту 2020» бағдарламасы шеңберінде тұрғын үймен қамтамасыз ету 2.Әлеуметтік саладағы құрылыстарды біркелкі жобалады пайдалану; 3.Жаңа үлгідегі құрылыс материалдарымен, құрылыс заттарын қолдану; 4.Құрылыс жұмыстарын қатаң қадағалауды күшейту, мамандарды талапқа сай әзірлеу.	1.Тұрғын үй құрылысы және инфрақұрылымды қаржыландыру көздерін қысқарту; 2.Құрылыс заттарының қымбаттауы құрылыстың құны мен сапасына әсер етуі 3.Апаттық үйлердің көбейуі; 4.Білікті мамандардың басқа салаға ауысып кетуі:

#### Саладағы негізгі мәселелер:

- жеке және заңды тұлғалармен тұрғын үй және басқа нысан құрылысын салу барысында қала құрылысы регламенттерін сақтамау,
- жобалау-сметалық құжаттамасының жеткіліксіз деңгейі сияқты мәселелер.

### 2.4.3. Аумақты кеңістіктік ұйымдастыру

Қызылорда қаласы бүгінгі күнге дейін оң жағалауда дамыды. Экономикалық-географиялық тиімді жерде, Ұлы Жібек жолы бойындағы керуен жолдарының қиылысында орналасуына байланысты қала құрылғаннан бастап сауда орталығының функциясын атқарды. Бүгінгі күні Қызылорда қаласы Ресей Федерациясымен, Орта Азия елдерімен және Қазақстанның өзге өңірлерімен ыңғайлы байланысы бар ірі әкімшілік, өнеркәсіпті және мәдени орталық.

Қызылорда қаласы арқылы Ақтөбе-Алматы автомагистралі, Орынбор-Ташкент темір жолы өтеді.

Бекітілген бас жоспарға сәйкес 2025 жылы халық саны 310-350 мың адамға жетеді. Халықтың өсу қарқынын ескере отырып, 2050 жылға халық саны 475,0-500,0 мың адамды құрауы мүмкін. Осыған байланысты тұрғын үй құрылысы үшін қосымша аумақтар қажет. Қазіргі уақытта көпқабатты тұрғын үй құрылысы дарияның оң жағалауында салынуда. Қаланың қарқынды дамуы, халықтың жылдам өсу қарқыны қала аумағының кеңеюіне және оның функциясының күшеюіне қажеттілігін тудырып отыр.

Бүгінде қаланы сол жағалауды дамыту арқылы Жаңа Ұлы Жібек жолының орталығы - заманауи «жаңа қала» құрылысы салынады. Сол жағалаудағы 1532 га аумақ Сырдария өзені мен «Батыс Европа - Батыс Қытай» халықаралық автожолының арасындағы аумақта орналасқан және болашақта «өсу нүктесі» қалыптасатын болады.

Жалпы алғанда, сол жағалаудағы 1532 га аумақты толық игергенде қала құрылысында 4-5-9 қабатты тұрғын үйлердің тығыз салынған жағдайында 154,2 мың халықты орналастыруға мүмкіндік береді. Қаланың негізгі магистральдарының бірі Мұратбаев көшесі сол жағалаудағы тұрғын аудандарымен байланыстыратын болады. Қазіргі уақытта Мұратбаев көшесінен сол жағалауды байланыстыратын Сырдария өзені арқылы автомобиль көпірінің құрылысы салынуда. Сол жағалаудағы аумақтың оңтүстік-батыс шекарасы арқылы «Батыс Европа - Батыс Қытай» халықаралық автожолы салынған. Оң және сол жағалауды байланыстыратын қаланың транспорттық жүйесін дамыту заманауи жаңа әкімшілік, сауда, ғылыми және тұрғын үй кешендерімен толыққан, тарихи орталықтың функцияларын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Сол жағалаудағы аумақта кешенді құрылыс салу қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыруға, тұрғын үй, әкімшілік ғимараттары, мәдени-ойын сауық, сауда-көрме, спорттық, коммуналдық, басқа да ғимараттар құрылысына жеке отандық және шетелдік инвесторларды тартуға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар осы аумақта қаланың болашақтағы дамуы үшін тарихи музей, мәдени-спорт кешендері, стадион, цирк, драмалық театр және басқа да нысандар, жаңа парктер, скверлер орналастырылады.

Жобалау барысында келесі шектеулер бар: Сырдария өзені бойы және су қорғау аймағы, бейіттер және жекелеген көмінділер. Осыған байланысты күзет және санитарлық қорғау аймағын ұйымдастыруды талап етеді.

Қызылорда қаласын өндіріс орталығына «өсу нүктесіне» айналдыруды көздейтін индустриалды аймақ құру үшін Титов қыстағынан 760 га жер телімі және «Өндірістік алаңға» бұрынғы ЦКЗ аумағынан 44 га жер телімі табысталаып, жобаларға жер телімдері бөлінуде. Индустриалдық аймақты инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мақсатында электрмен қамтамасыз ету жүйесінің құрылысы жүргізілуде.

Бұл индустриалдық аймақтарда ірі өндірістік жобалар орналастырылуда. Олардың қатарында «Бәйтерек» Ұлттық Басқару Холдингі» АҚ-ның «Шыны шығару зауытының құрылысы» жобасы, «Ұзақов» ЖК-нің «Қабырға және жаяу жүргінші жолдардың материалдары өндірісін құру» жобасы, «Экосервис-К» ЖШС-нің «Қызылорда қаласында құбырларды пенополиуретанды полиэтилен және мырышпен қаптап жылу сақтандыру», Қызылорда қаласында жылдық қуаттылығы 150 мың тонна болатын «Ферроқорытпа зауытын салу» жобалары бар. Ферроқорытпа зауытының болжамдық құны 250 млн. АҚШ доллары, құрылысқа салынатын инвестиция көлемі 211,5 млн. АҚШ долларын құрайды.

Қазіргі уақытта шыны зауытының құрылысы басталып, зауытты іске қосу 2017 жылға жоспарланды.

### 2.4.4. Жол және көлік

#### Қоғамдық көлік

Қызылорда қаласында қоғамдық көліктерде жолаушылар мен багажды тасымалдауды тұрақты ұйымдастыру жұмыстарын мемлекеттік және жеке әріптестік аясында құрылған «Байқоңыр» ӘКК» ҰК АҚ-ның 100% еншілес мекемесі «Қызылорда» Автобус паркі» ЖШС-гі жүргізеді. Бүгінгі таңда қалада қалаішілік 25 бағыттағы және қаламаңына қатынайтын 6 бағыттағы барлығы 788 автокөліктер 2 ауысыммен қызмет көрсетуде, оның ішінде 418 – кіші сыйымдылықтағы, 370 – орта және үлкен сыйымдылықтағы автобустар.

Жолаушылар тасымалы көлемінің өсу динамикасы тікелей қолданылатын көліктерге байланысты. Орта және үлкен сыйымдылықты көлік құралдарының жетіспеушілігінен кіші сыйымдылықты көліктерді тарту көше қозғалысының қарқындылығына апарып соқтырды. Нәтижесінде қала бойынша орташа эксплуатациялық қозғалыс жылдамдығы 20 км/сағ дейін төмендеді.

Қалақұрылысының дамуы және автомобилизация процестерінен туындаған қоғамдық көлік тасымалы саласындағы проблемалардың, оның ішінде аялдама кешендерінің жетіспеушілігі, жол-көше тораптарында жүктеменің аса көп болуы, жол қозғалысында кептелістің орын алуы және жолда жүру қауіпсіздігінің төмендеуіне әкеліп соқтыруда.

Қызылорда қаласында жолаушылар тасымалы қызметі сапасын арттыру мақсатында «Байқоңыр»

әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ-мен қалалық автобус паркін жаңартудың 2013-2015 жылдарға арналған 2 кезеңдік жобасы әзірленген болатын.

Жобаның бірінші кезеңінде газомоторлы отында жұмыс істейтін қазіргі заманға сай қалалық кластағы 30 автобус сатып алынды. Үлкен сыйымдылықтағы автобустар № 1 және № 18 бағыттарға қосылды. Жаңа автобустар таза табиғи отынын пайдаланып, мүгедектер үшін арнайы жабдықталған.

Жобаның екінші кезеңінде «Байқоңыр ӘКК» АҚ, қала әкімдігі және Еуропалық қайта құру және даму банкі арасында жасалған үш жақты меморандумның негізінде қосымша 100 дана заманауи қалалық кластағы автобус әкелу және көгілдір отын өңдейтін кіші станциясы бар жаңа автобус паркін салу көзделген.

Бүгінгі таңда, автобус паркі құрылысының жоба-металық құжаттамасы әзірленіп, жобаға сәйкес құрылыстың жалпы құны 2 870,9 млн.теңгені құрайды. Құрылыс жұмыстарына 106,0 млн.теңге бөлініп, мердігер «КомСтройМонтаж» ЖШС-мен атқарылуда. Аяқтау мерзімі 2016 жылға жоспарланды.

Қаланың бас жоспарына сәйкес Мостовой көшесінің бойымен оңтүстік өндіріс аймағының солтүстігіне қарай жаңа автобус паркінің құрылысына белгіленген 5 га жер телімін тазалау, тегістеу жұмыстары жүргізілді және газ құю бекеті, 100 автобусқа арналған тұрақ, көлік жуу бекетінің жұмыстары аяқталады.

Кесте 42. 2012-2014 жылдардағы Қызылорда қаласы бойынша автомобиль көлігімен тасымалданған жолаушылар санының және жүк тасымалының өзгеру динамикасы.

Көрсеткіштер	өлшем бірлігі	2012 жыл		2013 жыл		2014 жыл	
			%		%		%
Жолаушы тасымалдау	млн. жолаушы	168,6	120,5	182,9	108,5	206,3	112,8
Жүк тасымалдау	млн. тонна	45,3	101,0	48,5	107,1	48,8	100,6

Статистика мәліметтеріне сәйкес соңғы үш жылдағы автомобиль көлігімен тасымалданған жолаушылар және жүк тасымалының оң өзгеріс динамикасын байқауға болады.

2014 жылы барлық меншік түріндегі тасымалдаумен айналысатын кәсіпорындармен 206,3 млн. жолаушы тасымалданып, өткен жылмен салыстырғанда 12,8% өсім қамтамасыз етілсе, 2012 жылмен салыстырғанда 37,8 млн. жолаушыға немесе 22% артық тасымалданды. Облыс бойынша тасымалданған жолаушылардың 80 пайызы Қызылорда қаласының үлесінде.

Бүгінгі күні қаладағы аялдама кешендерінің тозығы жетіп, ауыстыруды қажет етеді. 2013-2014 жылдары барлығы 108 аялдама орнатылды. Бұл жалпы қажеттіліктің 42% ғана құрайды. Қалған 225 аялдаманы орнату кезең кезеңмен жүргізіледі.

Жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жол қатынастарын реттейтін бағдаршамдардың маңызы зор. Бүгінгі күні қала көшелерінің қиылыстарында және көшелерде барлығы 33 бағдаршам объектілері орналасқан, оның ішінде 31-і жаңа үлгідегі бағдаршам. Қосымша көше қиылыстарына 15 комплект және көше бойларына 10 комплект бағдаршам қажет етіледі.

Бүгінгі күні ұзындығы 116,1 км болатын 50 көшеде жаяу жүргінші жолдары жөндеуден өткізілген. Қызылорда қаласы бойынша 765 көше бар екенін ескерсек 6,5% ғана қамтылған. Бұл жұмыстар кезең-кезеңмен жүргізілетін болады.

### Автомобиль көлігі

Қызылорда қаласы аумағы арқылы Қытаймен, оңтүстік-шығыс Азия елдерімен, батыс және шығыс Еуропамен, Ресеймен байланыстыратын «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автожолы өтеді. Сондай-ақ осы жол арқылы еліміздің оңтүстігімен (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстары) және Батыс Қазақстанмен байланыс орнатылған. Сонымен қатар сыртқы республикалық маңызды автомобиль жолдары: Самара-Шымкент автожолы Қызылорда қаласын Батыс Қазақстанмен автомобиль байланысымен қамтамасыз етеді; Қызылорда-Павлодар автожолы Қызылорда қаласын Орталық Қазақстанның аудандарымен автомобиль байланысын қамтамасыз етеді; Қызылорда-Шымкент-Алматы Қызылорда қаласын Оңтүстік Қазақстанның аудандарымен байланыстырады. Сонымен қатар, қала аумағы арқылы қаланы аудан орталықтарымен байланыстыратын Жалағаш бағытындағы және Шиелі бағытындағы автотрассалар өтеді.

Қала көшелері тұрғын аудандары арасын, әкімшілік-мәдени орталықтарын, негізгі жұмыс орындары нысандарын негізгі көлік байланысымен қамтамасыз етеді. Қазіргі таңда жалпы ұзындығы 612 км болатын 765 көше бар. Оның ішінде ұзындығы 485,1 км құрайтын 586 көше – асфальт жабындысымен, ұзындығы 88,4 км болатын 92 көше – тас жол және ұзындығы 37,6 км болатын 87 көше қара жол.

Соңғы үш жыл ішінде қала көшелеріне 11,3 млрд.теңге бөлініп, 210 км құрайтын 215 көшеге қайта жаңғырту, күрделі және орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 2011 жылы 67%, 2012 жылы – 68,8%, 2015 жылы 76,6% артты.

Тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Абай даңғылы бойында, Болашақ университеті қасына және Жайна базары аумағына жаяу жүргіншілер көпірі салынды.

Қала экономикасының дамыту міндеттері қуатты көлік-коммуникация желісін құруды және оны жаңартуды талап етеді. Осы мақсатта қалалық бюджеттен төмендегі жобалардың жоба металық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы алынған:

«Қызылорда-Жезқазған трассасынан индустриялық аймаққа дейін айналма жол құрылысын салу» - құны 1 180 829,8 мың теңге;

«Қызылорда қаласында индустриялық аймақтан қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына дейін» - құны 170 188,8 мың теңге.

Бұл жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде болашақта индустриялық аймақпен көлік байланысын қамтамасыз етеді және үлкен салмақты жүк көліктерінің қозғалысын Қызылорда қаласынан айналып жүруіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар қаланың орталық көшелеріндегі көлік ағынын азайту нәтижесінде жол көлік оқиғаларын 15% азайтуға, орталық көшелерді жөндеуге кететін жыл сайынғы бюджет шығындарын үнемдеуге мүмкіндік болады. Экономикалық тұрғыдан әсері жобаларды жүзеге асыру мерзімінде жаңа жұмыс орындарының ашылуымен, жобаны аяқтаған соң қаланың сол жақ бөлігінде шағын және орта бизнес нысандарының ашылуына байланысты жаңа жұмыс орындары, жаңа өндіріс орындарының іске қосылуымен сипатталатын болады.

#### **Теміржол көлігі.**

Жолаушылар және жүк тасымалында көлік қатынасының негізгі түрлерінің бірі темір жол көлігі. Қызылорда қаласы аумағын «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ филиалының Қызылорда жол бөлімшесінің Арыс-Ақтөбе темір жол магистралі кесіп өтеді. Темір жол көлігімен тасымалдау Қызылорда учаскелік темір жол станциясы арқылы жүзеге асырылады.

Темір жол арқылы қала Қазақстанның батысындағы Ақтөбе облысымен (Сексеуіл ст), оңтүстігінде Оңтүстік Қазақстан облысы арқылы Алматы қаласы мен Алматы облысымен (Түркістан ст), орталық Қазақстанда Қарағанды облысымен (Қоскөл ст) байланысады.

Қосжолды темір жол желісі – қаламызды және Республикамызды Қырғызстанмен, Тәжікстанмен, Өзбекстанмен және Ресеймен байланыстыратын көлік дәлізі болып табылады.

Соңғы үш жыл ішінде өңірімізде темір жол көлігінің әлеуеті айтарлықтай өсіп, ірі жобаларды іске қосу арқылы темір жол желісі дамыды. Атап айтқанда, «Жезқазған-Бейнеу» жаңа темір жолының құрылысы салынды. Аталмыш жолдың 517 шақырымы Қызылорда облысы аумағымен өтеді. Нәтижесінде Ақтау теңіз порты арқылы батыс өңірлермен және Азия елдерімен қатынасатын поезд маршруттарының ұзындығы орташа 600 шақырымға қысқарды.

2014 жылғы 30 желтоқсаннан бастып «Қызылорда-Астана» бағыты бойынша жоғары жылдамдықтағы «Тұлпар-Тальго» жолаушылар поезды жүргізілді. Жылдамдығы сағатына 120-140 км аталмыш поездар Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды облыстарына және Астана қаласына дейін қала халқының уақытын орташа 2-3 сағатқа үнемдеуге мүмкіндік береді.

#### **Әуе көлігі.**

Әуе көлігі қала экономикасында энергетикалық кешенді, мұнай өндірісін, құрылыс материалдары өндірісін одан әрі дамыту мақсатында республиканың өзге өңірлерімен және шет елдермен іскерлік байланыстарын қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады.

Әуе көлігімен тасымалдауды Қызылорда қаласынан оңтүстік-батысқа қарай 12,5 км аумақта орналасқан Қорқыт ата әуежайы жүзеге асырады. Бүгінгі таңда, Қорқыт Ата әуежайы сағатына 150 жолаушыны өткізіп, аптасына барлығы 24 рейс, оның ішінде: Астана қаласына – 9, Алматы қаласына – 12, Қарағандыға – 3 рейс орындалуда.

«Қорқыт ата» әуежайын заманауи талаптарға сәйкестендіру мақсатында сағатына 250 жолаушыны жіберу мүмкіндігі бар халықаралық үлгідегі жаңа жолаушылар терминалының құрылысы жүргізілуде (жобалық құны – 6,2 млрд.теңге).

2014 жылғы қазан айынан бастап Қорқыт Ата әуежайына халықаралық ұшуларды қамтамасыз ету мәртебесі беріліп, «Tajik Air» авиакомпаниясының «Қорғантабе-Мәскеу» бағытындағы ұшақтар жиілігі аптасына 3 рет техникалық қонуға қабылдануда.

2015 жылдың 8 маусымынан жаңа «Қызылорда-Анталия-Қызылорда» чартерлік рейсі және 27 мамырдан бастап «Қызылорда-Москва» рейсі ашылды. Болашақта аптасына 2-3 рет Үрімші қаласына (ҚХР) тұрақты халықаралық авиарейстерді ашу жоспарлануда, сонымен қатар Дубай қаласына (БАӘ) маусымдық чартерлерді ашу мүмкіндіктері қарастырылуда.

Кесте 43. Әуе көлігінің көрсеткіштерінің өзгеру динамикасы

	2012ж		2013ж		2014ж	
	адам	%	адам	%	адам	%
Жолаушы тасымалдау	72259,0	-	75923,0	105,1	81081,0	106,8

«Қорқыт ата» әуежайының авиациялық тасымалдау және транзиттік мүмкіндіктерін дамыту қажеттілігі ескеріле отырып, 2010 жылы «Қызылорда қаласының «Қорқыт ата» әуежайының ұшу-қону жолағын қайта жаңарту және сервистік және әуеайлақ арнайы техникасымен қайта жарақтандыру» инвестициялық жобасы жүзеге асырылып, қаланың авиакатынастары арқылы қолжетімділігін арттыратын кең фюзеляжды самолеттерді қабылдауға мүмкіндік алды. Қазіргі уақытта Қызылорда қаласы әуежайының жаңа жолаушылар терминалы құрылысының жұмысы жалғасуда.

## SWOT – талдау

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
1. Жақсы және қанағаттанарлық деңгейдегі жолдардың үлесінің өсуі (67%-дан 74%-ға) 2. Қала маңындағы елді мекендер бағытында тұрақты автобус қатынасының бар болуы 3. Қала аумағы арқылы Батыс Европа-Батыс Қытай халықаралық автодәлізінің өтуі 4. Сырдария өзені арқылы автомобиль көпірінің құрылысының салынуы 5. Автомобиль көлігімен жолаушылар тасымалы өсімі (2014ж-112,8%) 6. Қала аумағы арқылы Қырғызстанмен, Тәжікстанмен, Өзбекстанмен және Ресеймен байланыстыратын қосжолды темір жол көлік дәлізінің өтуі. 7. Қорқыт ата Әуежайының халықаралық мәртебесін алуы 8. Әуе көлігімен тасымалданған жолаушылар санының өсуі (2014ж-106,8%)	1. Қоғамдық жолаушылар тасымалында кіші сыйымдылықты автокөліктердің басымдығы; 2. Көліктік қызмет көрсету сапасының төмендігі 3. Автокөлік инфрақұрылымының тозуы 4. Темір жол арқылы жол өткелдерінің болмауы 5. Жаяу жүргінші жолдардың (тротуар) жетіспеушілігі. 6. Электрленген темір жолдың болмауы. 7. Тұрақты халықаралық авиа қатынастардың болмауы
Мүмкіндіктері (O)	Қауіптері (T)
1. «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жол құрылысының салынуы 2. Айналма жол құрылыстарының салынуы 3. Қала аумағы арқылы транзиттік тасымал көлемінің артуы 4. Қоғамдық көлік тасымалына заманауи жабдықталған автобустар сатып алу 5. Жаңа автовокзал құрылысын салу 6. Қорқыт ата әуежайында халықаралық үлгідегі жолаушылар терминалдың іске қосылуы 7. Тұрақты халықаралық авиақатынастардың ашылуы.	1. Әлемдегі дағдарыс жағдайында даму бюджетінің қысқаруы 2. Энергиятасымалдаушылар бағасының өсуіне байланысты транспорт шығындарының өсуі

### Саладағы негізгі мәселелер:

- Қоғамдық жолаушылар тасымалдауда кіші сыйымдылықты автокөліктердің басымдығы (53%);
- Автокөлік инфрақұрылымының заманауи талаптарға сәйкес келмеуі (автовокзал құрылысын салу, аялдамалар орнату, т.б.);
- Инженерлік желілер мен коммуникацияларға жөндеуден кейінгі қайта қалпына келтіру жұмыстарының сапасыз жүргізілуі
- Темір жолдар арқылы жол өткелдерінің болмауы
- Жаяу жүргінші жолдардың (тротуар) жетіспеушілігі.
- Автожолдардың тозуы.
- Темір жол инфрақұрылымының техникалық жағдайы;
- Тасымалдау бағасына айтарлықтай әсер ететін электрленген темір жолдың болмауы.
- Аэропорттың техникалық жағдайы, төмен өткізгіштік қабілеті;
- Тұрақты халықаралық авиақатынастардың болмауы қаланың әлеуметтік-экономикалық байланысын шектейді, қол жетімділікті қиындатады.

## 2.5. Бағыт: Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы

### 2.5.1. Электрмен жабдықтау.

Қалада электр энергиясының тапшылығы орын алуда. Орта есеппен қалада энергия тапшылығы 60 МВт және одан жоғары болады.

Электрэнергиясының тапшылығы Жамбыл ГРЭС-і, АО «Қарағанды ЖЭО» АҚ-ы мен «ЕкібастұзГРЭС-і» ЖШС-і секілді сыртқы энергия өндірушілерінен электр энергиясын сатып алуы арқылы өтелуде.

Кесте 44. Электр энергиясымен қамтамасыз етілуі

№	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2012 ж	2013 ж	2014 ж
1	Электр энергиясын өндіру	мың.кВт.с	72 040	80 112	81 154
2	Тұтынылған электр энергиясының көлемі	мың.кВт.с	360168	389 161	418 898
3	Электр энергиясының тапшылығы / артықтығы	мың.кВт.с	288 128	309 049	337 744
4	Импорттық	мың.кВт.с	288 128	309 049	337 744
5	Экспорттық	мың.кВт.с	0	0	0

Қалада негізгі электр қуатын өндірушілер – ҚЖЭО (82%), «СКЗ-У» ЖШС-і (10%), «Кристалл менеджмент» ЖШС-і (8,0%). Отынның негізгі түрлері - табиғи газ, резервтік отын – отындық мазут, мұнайлы ілеспе газы.

Қалада электр энергиясын тұтыну көлемі 2014 жылды өткен жылмен салыстырғанда 29 737 мың кВт/сағатқа, 2012 жылмен салыстырғанда 58 730 мың кВт/сағатқа артты.

Барлық кернеудегі электр тораптарының ұзындығы 1555,1 шақырымды құрайды және трансформаторлық қосалқы станциясының 70%-ның тозығы жеткен.

Сонымен қатар, 2012-2014 жылдар аралағында инженерлік инфрақұрылымды дамыту және жайластыру бағдарламасы шеңберінде республикалық бюджеттен бөлінген қаржыға 5 дана КТПН, 2 дана РП, 3 дана ТП және 24 км электр желілері құрылысы салынды.

Электр энергияның тиімділікті арттыру, ысыраптарды азайту бағытында тиісті жұмыстары атқарылуда.

Бүгінде Қызылорда қаласының тұтынушыларының электрмен жабдықталуы орталықтандырылып, негізгі энергиямен жабдықтаушы ұйымы болып «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамымен жүзеге асырылуда.

«Қызылорда жылу электр орталығы» МКК, белгіленген қуаты 113 МВт-ымен, қаланы электрмен жабдықтаушы көзі болып табылады (КТЭЦ-6 - 67 МВт, КОГТЭС – 46 МВт және 220/35/10 кВ «Қызылординская» қосалқы станциясы). Қызылорда қаласы бойынша электр энергиясының таратылуы қалалық қосалқы станциялар арқылы жасалады, қаламызда 220/35 кВ электрмен жабдықтау жүйесі дамыған.

## 2.5.2. Сумен жабдықтау

Қызылорда қаласына және елді мекендерге бас тоған су тазартудың 2 кешені, 684,8 шақырым ауыз су жүйелері, 335,1 шақырым кәріз жүйелері, 58 дана кәріздік насос станциялары, ағынды суларды биологиялық тазарту станциясының 2 кешені, 92 дана ұңғыма, II-ші көтерілімдегі 12 дана насос станциялары, судың қысымын көтеруге арналған 7 дана насос станциялары қызмет көрсетеді.

Жалпы ауыз су жүйесі – 684,8 шақырымды құрайды, оның ішінде қысымды ауыз су жүйесі – 61,2 км, магистралды ауыз су жүйесі – 491,6 км, квартал аралық ауыз су жүйесі – 131,9 км. Ауыз су жүйелерінің орташа тозуы – 146,8 км немесе 21,4% құрайды.

Бүгінгі күні ауыз сумен қамтылғаны 196,3 мың адам. Оның ішінде су есептегіш құралдарымен қамтылғаны 181,1 мың адам немесе 92,2 пайызды құрайды.

2014 жылы халыққа берілген барлық ауыз су көлемі 12526,3 мың куб метр жылына, соның ішінде су шығыны 18,7%.

Кесте 45. 2012-2014 жылдардағы халықтың ауыз сумен қамтамасыз етілу деңгейі

№	Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	2012 ж	2013 ж	2014 ж
1	Орталықтандырылған ауыз су жүйелеріне халықтың қол жеткізу үлесі	%	75	74,3	75,0
2	Орталықтандырылған ауыз суға қосылған елді мекендер саны	бірлік	13	13	13
3	Пайдаланылған ауыз су көлемінің ысырабы	%	17- 18	17-18	17-18

Жалпы ауыз су жүйелерінде 2012 жылы 386 апаттық ақау орын алса, 2013 жылы 255 ақау, 2014 жылы 37 ақау, яғни 2012 жылмен салыстырғанда 9,5 пайызға төмендеген.

Бүгінде халық ауыз су жүйесімен жер беті және жер асты су көздерінен қамтамасыз етілуде:

жер беті су көздері – Сырдария өзенінен жобалық қуаттылығы тәулігіне 56,5 мың текше метр, нақты беріліп отырғаны 25,3 мың текше метр.

жер асты су көздері 92 дана ұңғыма бойынша жобалық қуаты тәулігіне 44,3 мың текше метр, нақты өнімділігі 25,6 мың текше метр.

Жалпы 2014 жылы барлық ауыз су көлемі 12920,7 мың куб м/жылына берілсе, оның жер асты ауыз су ұңғымаларынан 6586,3 мың куб м/жылына, ал қалған 6334,45 мың куб м/жылына ауыз су тазалау имараты арқылы берілген.

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны және «Қызылорда Сыр суы» ЖШС-і ауыз сумен қамтамасыз ету және кәріз суларды әкету, тазарту қызметтерін көрсетеді.

Сонымен қатар 2012 жылы Тасбөгет қыстағына модульдық биологиялық тазарту станциясы салынып, қолданыстағы бас су жинау қоймасының №1 сүзгі станциясы қайта жаңғыртылды және 27,4 шақырым ауыз су жүйесі жүргізілді.

2013 жылы 13 шақырым ауыз су қайта жаңғыртылып, 25 су бұрғылау ұңғымалары бұрғыланды және 506 су есептегіш құралдары орнатылды. Мұнымен қоса Тасбөгет, Белкөл кенттері мен Қызылөзек ауылдық округінде 40 шақырымға жуық ауыз су жүйесінің құрылысы жүргізіліп, 901 отбасы су есептегіш құралдарымен қамтылды.

2014 жылы қаланың шет аймақтарына (Әл-Фараби, Саяхат, Сәулет, Тасбөгет, Арай-2, т.б) 98,5 шақырым ауыз су жүйесі, 1503 су есептегіш құралдары орнатылды.

Сондай-ақ «Сәулет», «Жаңа ауыл» аудандарында 2,8 шақырым ауыз су, 0,9 шақырым электр желісінің құрылысы салынып, КБИ, Арай, Титов аудандарында ауыз су жүйесінің жоба сметалық құжаттары әзірленді.

«Ақбұлақ» бағдарламасы аясында қала ішінде және 5 ауылдық округте 18 су бұрғылау ұңғымалары бұрғыланып, Ақсуат, Абай, Айнакөл, Ақжарма, Қараөзек елді мекендерінде 49,8 шақырым ауыз су жүйесі, 74,5 шақырым сервистік желілер тартылып, 1750 су есептегіш құралдары орнатылды.

Кесте 46. Кәріз суды әкету қызметі

№	Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	2012 ж	2013 ж	2014 ж
1	Су бұру қызметтеріне халықтың қол жеткізу үлесі	%	31	32,3	33,9
2	Кәріз суды әкету қызметімен қамтылған елді-мекен саны	дана	1	1	1
3	Тазалаудан өткен суды екінші рет пайдаланылған су көлемі (тазартылған)	%	0	0	0

Орталықтандырылған кәріз су жүйесіне қосылған халықтың үлесі 33,9%-дық құрайды (Орталықтандырылған кәріз су жүйесіне қосылған тұтынушылардың 238400 адамынан 81042 адамы қамтылған). Тозығы жеткен кәріз су жүйесінің желісі 26,5%-ды құрап отыр. (Барлығы 335,1 км, оның 88,7 км тозығы жеткен).

Жалпы кәріз су жүйесі – 335,0 шақырымдық құрайды, оның ішінде қысымды кәріз су жүйесі – 210,2 км, ағынды кәріз су жүйесі – 41,6 км, квартал аралық кәріз су жүйесі – 83,2 км.

«Қызылорда қаласындағы ауыз су мен кәріз су жүйелері мен имараттарын 2015 жылға дейін қайта жаңғырту және кеңейту» жобасы бойынша 2009 жылдан бастап барлығы 27 дана кәріз насосты станциялары қайта жаңғыртылды. Кәріз су жүйелерінің 90,2 шақырымына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, ауыстырылды.

### 2.5.3. Жылумен жабдықтау.

Қызылорда қаласы бойынша жылу желілерінің жалпы ұзындығы 161,1 шақырымдық құрайды. Оның ішінде магистралды жылу желілері 35,8 км, квартал аралық, ішілік жылу желілері 125,3 км.

Қызылорда қаласын жылумен жабдықтаушы «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК-ы және оның ішінде «Оңтүстік қазандық» филиалы.

Қала аумағындағы әлеуметтік нысандар және көпқабатты тұрғын үйлердің 84,6%-ы орталықтандырылған жылу жүйелерімен қамтылған. (Қала аумағында 717 көп қабатты тұрғын үйдің 607 тұрғын үйі).

2012 жылы «Қызылорда жылу электр орталығы» МКК-нан Киняев көшесіне дейінгі аралықта 2-кезеңіне 3,7 шақырымға жылу құбырлары қайта жаңғыртылды. Қала аумағындағы 8 автономдық блок модульді қазандықтарын орталықтандырылған жылу жүйесіне қосу және резервтік отын көзіне көшіру жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға берілді. Мұнымен қоса Жібек Жолы көшесіндегі №2-Б жатақхананың автономдық блок модульді қазандықтарын орталықтандырылған жылу жүйесіне қосу және резервтік отын көзіне көшіру жұмыстары атқарылды.

Желтоқсан көшесі, Тоқмағанбетов көшесінен Қорқыт Ата көшесіне дейінгі (28-32 аралығындағы жылу камерасы) және Қорқыт Ата көшесінен Алтынсарин көшесіне дейінгі (32-38 аралығындағы жылу камерасы) жылу магистралдары күрделі жөндеуден өткізілді.

2013 жылы Қызылорда қаласындағы магистральды жылу трассасын 32-ші жылжымайтын тіректен 34-ші тірекке дейін, 37-ші жылжымайтын тіректен 40-ші тірекке дейін, 55-ші жылжымайтын тіректен 57-ші тірекке дейін, 57-ші жылжымайтын тіректен 61-ші тірекке дейін, Қызылорда қаласындағы магистралды жылу трассасын Жанәділов көшесі бойымен УТ-1 жылу торабынан (4-ші павильон) Привокзальная қысқа көшесі бойымен УТ-ға дейін қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, аталған құбыр желілері пайдалануға берілді.

2014 жылы «Қызылорда оңтүстік жылу орталығы» МКК-ның қазандық цехының 2 дана (КЕ-25-14С №3,4) қазандықтары негізгі және көмекші жабдықтарымен қайта жаңғыртылып, пайдалануға берілді. Қала аумағында ЖК-44-3 тен Амангелды көшесіндегі №88, Шүкіров көшесіндегі №29,31 және Скотков көшесіндегі №127 көпқабатты тұрғын үйлердің магистралды жылу жүйелері қайта жаңғыртылды. Сонымен қатар Сырдария м/а «ҚОЖО» МКК-ның қазандық цехының 4 дана КЕ-25-14С қазан агрегаттары мен негізгі және көмекші жабдықтары қайта жаңғыртылды.

Ағымдағы жылы «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Ұлттық қордан бөлінген 3039,7 млн. теңгеге жалпы ұзындығы 11,2 шақырымдық құрайтын магистралды және квартал аралық жылу жүйелері және облыстық бюджеттен бөлінген 65,1 млн. теңгеге 0,7 шақырым жылу жүйелері қайта жаңғыртылды.

Кесте 47. Қайта жаңғыртылған жылу желілерінің үлесі

№	Көрсеткіш атауы	Өлшем бірлігі	2012 ж	2013 ж	2014 ж
1	Жалпы ұзақтықтан жаңғыртылған желілердің үлесі:	%			
	Жылу жүйесі	%	3,87	2,17	0,43
2	Жаңғыртылған желілердің ұзақтығы				
	Жылу жүйесі	км	6,25	3,50	0,7

#### 2.5.4. Газбен жабдықтау.

Қызылорда облысының территориясында 846,0 шақырымға «Бейнеу-Шымкент» магистралды газ құбыры жүргізілген, оның ішінде Қызылорда қаласы аумағынан 150 шақырымы қиып өтеді.

Сонымен қатар газдың инфрақұрылымында 1БГРП, 39 ГРП, 105 ШРП болады және газ құбырлары 202,7 км жоғарғы, 5,84 км ортаңғы, 939,76 км төменгі қысымды салынған, жалпы ұзындығы 1148,3 шақырымды құрайды.

2004 жылдан бастап Қызылорда қаласының халқы табиғи газбен қамтамасыз етілуде. Бүгінде қаладағы 517 көп қабатты тұрғын үйлер (23820 пәтер), 28211 жеке тұрғын үйлер және 1022 әлеуметтік-тұрмыстық нысандар табиғи газбен қамтамасыз етілген.

2012 жылы қала аумағындағы 482 (22492 пәтер) көп қабатты тұрғын үйлер және 18 841 жеке сектордағы тұрғын үйлер, 662 коммуналдық тұрмыстық нысандар (2 өнеркәсіптік, 599 ірі, орташа және кіші коммуналдық тұрмыстық нысандар, 15 бюджеттік мекемелер, 46 әлеуметтік нысандар) ілеспе газға қосылды. Сонымен қатар «Қызылорда қаласының жаңа мөлтек аудандарын газдандыру» жобасы аясында, 200,9 км жоғары және төменгі қысымдағы газ құбырлары жүргізіліп, 6 газ реттегіш пункті және 5 шкафты газ реттегіш пункті орнатылды.

##### Елді мекендерді газдандыру бойынша:

«Қызылжарма ауылдық округін перспективалық дамуымен газбен жабдықтау» жобасының құрылысына республикалық бюджеттен бөлінген 388,8 млн. теңгеге, қоса қаржыландыруға бөлінген 43,2 млн. теңгеге жалпы ұзындығы 54,3 шақырым газ құбырлары жүргізілді.

«Тасбөгет кентінде болашақта дамуының газбен қамту құрылысы» жобасының құрылысына бөлінген 336,9 млн. теңгеге және қоса қаржыландыруға бөлінген 37,4 млн. теңгеге 61,4 шақырым газ құбырлары жүргізілді.

#### 2.5.6. Тұрғын үй қоры.

Қызылорда қаласында көп пәтерлі тұрғын үйлер саны - 697, оның ішінде 558-і немесе 80,1 % күрделі жөндеуді қажет етеді.

«Қазақстан Республикасының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғыртудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында 2011-2014 жылдары республикалық бюджеттен 2929,6 млн. теңге бөлінді. Барлығы 100 көпқабатты тұрғын үй күрделі жөндеуден өткізілді.

Кесте 48. Көпқабатты тұрғын үйлерді күрделі жөндеудің көрсеткіштері

Атауы	Барлық көп қабатты тұрғын үйлер, бірлік	Оның ішінде күрделі жөндеуді қажет ететін тұрғын үйлер, (1.01.11)		Күрделі жөндеуден өткізілген тұрғын үйлер, 2011-2014 жылдар	
		бірлік	%	бірлік	%
Қызылорда қаласы	697	558	80,1	100	14,3

2011-2015 жылдар аралығында көп пәтерлі тұрғын үйлердің күрделі жөндеуді қажет ететіні 80,1%-н (558 тұрғын үй), 65,7%-ға (458 тұрғын үй) төмендеген.

Кесте 49. 2011-2014 жылдар ішінде күрделі жөндеу жүргізілген тұрғын үй үлесі

№	Атауы	Өлшем бірлігі	2011 жыл	2012 жыл	2014 жыл
1	Күрделі жөндеуден өткізілген тұрғын үйлер	бірлік	17	11	72
2	Кондоминиум объектісінің үлесі ұлғайту	%	2,4	1,6	10,3
3	Кондоминиум объектісінің үлесі, күрделі жөндеуді қажет ететін тұрғын үйлер	%	77,6	78,5	69,7

2015 жылы Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы аясында қаладағы 15 көппәтерлі тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, қосымша қайтарымды қаражат есебінен 3 көппәтерлі тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

#### SWOT-талдау

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
<p>1. Орталықтандырылған сумен жабдықтауға қолжетімділігі бар халықтың үлесінің өсуі - 75%</p> <p>2. Газбен жабдықтау жүйесінің қарқынды дамуы және елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету</p> <p>3. «Өңірлерді дамыту 2020» бағдарламасы аясында қайта жаңғырту, инженерлік-инфрақұрылымды, сонымен қатар елді мекендерді ауыз және кәріз су жүйесіне қол жетімділігін арттыру</p> <p>4. «Нұрлы жол» инфрақұрылымдық дамудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында 14 жобаны іске асыру барысында жылу жүйесінің тозуы 48,0%.</p>	<p>1. Ауыз су және кәріз су құбырларының тозу басымдылығы</p> <p>2. Су жүйелерінің ысыраптары (17-18%);</p> <p>3. Елді мекендерде орталықтандырылған су тазарту станциясы жетіспеушілігі;</p> <p>4. Жылу жүйелерінің (жабдықтар мен қазандықтар) техникалық жағдайының төмендігі</p> <p>5. Елді мекендерді табиғи газбен қамтамасыз ету</p> <p>6. Күрделі жөндеуді қажет ететін кондоминумның жоғарғы үлесі</p>
Мүмкіндіктері (O)	Қауіптері (T)
<p>1. «Қызылорда жылуэлектрортылығы» МКК-ның қайта жаңғырту және кеңейту жұмыстары өзге аймақтардан электрэнергиясын алу азайтуға мүмкіндік беру</p> <p>2. Кәріз жүйелерін және насостық кәріз станциясын қайта жаңғырту</p> <p>3. Жер үсті суларын жұмсарту мақсатында бас тоған имараты арқылы ауыз су сапасын жақсарту</p> <p>4. «Өңірлерді дамыту 2020» бағдарламасы аясында көпқабатты тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті қаражаттың артуы</p>	<p>1. Инфрақұрылымға және коммуналдық шаруашылық құрылысын қайта жаңғырту үшін бюджет қаржысының қысқаруы</p>

#### Саладағы негізгі мәселелер:

- Қаланың шет аймақтарында орналасқан көшелерді жалпы ұзындығы 25,5 шақырым болатын орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамтамасыз ету.
- Тасбөгет қыстағындағы «Бас тоған имаратынан» қала орталығына дейінгі негізгі басты су жеткізуші д-720мм, ауыз су құбырының жалпы ұзындығы 7,0 шақырымы апаттық жағдайда тұр. Қысымды су жеткізуші болат құбыры (стальной трубы) 1962 жылы салынған, қазіргі таңда қызмет көрсету мерзімінен асып, су таратушы құбырдың 90 пайызы тозығы жеткен.
- Лапин көшесінен бастап Хон-Бен-До көшесіне дейінгі аралықтағы Бейбітшілік көшесіндегі д-300мм болатын жалпы ұзындығы 1,1 шақырымды құрайтын ауыз су жүйесі ақаулы жағдайда.
- Қала тұрғындарының 50% орталықтандырылған кәріз жүйесіне қосылмаған, яғни жеке тұрғын секторындағы 23 мыңнан астам абонент сарқынды лас суларын құдыққа жинап, арнайы автокөліктері арқылы тартқызады. (Оның ішінде заңды тұлғалардың ішіндегі автокөлік жуу орталықтары, монша, шаштараз, кафе, тойханалар және т.б). Сарқынды лас сулар кәріз су жүйесі арқылы төгілгендіктен, орталық кәріз су жүйелері бітеліп, ақаулы жағдайлар орын алады. Қала тұрғындарының экологиялық жағдайын нашарлатып, қоршаған ортаға зиян келтіруде.
- Қазіргі таңда қажет ететін 558 тұрғын үйдің, 100 көпқабатты тұрғын үйлері қайта жаңғыртылып, тұрғындар тарапынан қайтарымды қаражаттың жиналуы төмен, келісім-шартта көрсетілген тиісті қаржы төленбеуде.

## 2.6. Бағыт: Экология және жер ресурстары


### 2.6.1. Қоршаған орта ахуалы

Негізінен мұнай-газ кешені, химия өнеркәсібі, энергетика, құрылыс және өңдеу өнеркәсібі және автотранспорт салаларындағы кәсіпорындары тарапынан шығарылған зиянды заттар есебінен атмосфералық ауаның ластануы орын алады.

2014 жылы өнеркәсіп кәсіпорындарымен атмосфераға шығарылған зиянды заттар көлемі 22,5 мың тонна болып, 2012 жылмен салыстырғанда 5 пайызға азайған.

2012-2014 жылдардағы тұрақты көздерден зиянды заттардың атмосфераға шығарылу серпіні диаграммада көрсетілген

### Тұрақтыкөздерден зиянды заттардың атмосфераға шығарылуы, мың тонна



Атмосфералық ауаны ластайтын тұрақты көздерден шыққан зиянды заттардың жалпы санына ұсталғаны 2012 жылы 2,1 пайыз болса, 2014 жылы – 4 пайызға жетті.

### 2.6.2. Тұрмыстық қатты қалдықтармен ластануы

Қызылорда қаласындағы тұрмыстық қатты қалдықтарды (ТҚҚ) жинайтын полигон қаладан 20 км қашықтықта яғни, Белкөл кенті тұсында орналасқан жалпы жер көлемі 20 га. Қазіргі уақытта тұрмыстық қатты қалдықтарды полигонда сорттайтын және жарайтын қалдықтарды қайта өңдейтін, залалсыздандыру шаралармен 40 адам жұмыс жасауда.

«Ибрайхан и К ЛТД» ЖШС-гімен қалалық полигонның қоршаған ортаға әсерін бағалау жобасы (ОВОС) алынған. Сонымен қатар, ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Арал-Сырдария экология департаментінен берілген экологиялық сараптамасы бар.

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрлігі экологиялық реттеу және бақылау комитетінен алынуға тиісті қоршаған ортаға эмиссия үшін берілетін рұқсат құжаттары толық рәсімделіп алынған.

Қалалық ТҚҚ полигоны бақылау өткізу пүнкінің ғимаратымен, көлікпен жеткізілген қалдық көлемін өлшейтін таразы және электр жүйесімен, су ұңғымасы орнатылып, сүмен қамтамсыз етілген.

Полигон аумағында төрт жерден бейне бақылау камералары орнатылған, сыртқы аумағы сым тормен қоршалып, көгалдандыру мақсатында 250 түп ағаш отырғызылып, күтіп бапталуда. Сондай-ақ, қаланың санитарлық – эпидемиологиялық қауіпсіздігін қамтамсыз ету мақсатында, қоқыс тасымалдайтын арнаулы көліктерді жуатын орын арнайы жабдықталып, іске қосылды. Сонымен бірге, полигонның санитарлық қорғаныс аймағында екі жерден тереңдігі 30 метрлік бақылау ұңғымасы қазылған.

Осыған орай, жылына 2 мәрте «Қалалық санитарлық – эпидемиологиялық қадағалау басқармасы» мемлекеттік мекемесі тарапынан су пробасы алынуда.

Жиналған және құралған тұрмыстық қатты қалдықтарды төмендетумен қалдықтарды басқару бағдарламасының тиімді орындалуына «Ибрайхан и К ЛТД» ЖШС-гі күшімен жылына 4-5 мәрте сараптама қорытынды жасалып тұрады.

Полигонда ҚР экологиялық Кодекс талаптарына сәйкес, қайта өңдеуге жарамды қалдықтар құрамын (макулатура, пластик, т.б.) түріне, түсіне қарай сұрыпталып, алынып, қалған жарамсыз бөлігін көму жұмыстары жолға қойылған.

Қалалық ТҚҚ полигонынан сұрыпталып алынған қалдықтың жарамды құрамын қайта өңдеп кәдеге жарату мақсатында, полигон жанындағы серіктестіктің жеріне жарамды қалдықтардан әр түрлі өнімдер шығаратын цехтар жабдықталып, қазіргі таңда жұмыс жасалуда.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару мақсатында Қызылорда облысы әкімдігі және қалалық әкімдік және Европалық қайта құру және қайта жаңғырту банкімен (ЕҚҚБ) арасында үш жақты меморандумға қол қойылып, қала аумағынан 20 га жер телімі бөлініп берілді.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару жүйесін жаңғырту бағдарламасы негізінде Қызылорда қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға және өңдеу полигонын салу жобасы - экологиялық жағынан маңызды, әрі өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің талаптарына сәйкес сұралған жер учаскесіне алдын ала таңдауды облыстық жер қатынастары басқармасы мамандарымен жүргізіліп, жер учаскесінің алдын ала таңдау актісі және жер учаскесінің шекарасының жобасы Қызылорда облысының жер қатынастары басқармасымен рәсімделді.

Осыған орай, қолданыстағы заңдылықтар шеңберінде Қызылорда қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды өңдеу полигонын салу үшін қала аумағынан көлемі 20 гектар жер учаскесінің құжаттарын рәсімдеп беру мақсатында, қазіргі таңда құзырлы органдардан арнайы оң қорытынды алу жұмыстары жүргізілуде.

Қаланың шығыс беткейіндегі Белкөл кенті аумағынан жалпы ауданы 20 га жер учаскесіне инженерлік-геологиялық зерттеу жұмыстарына 3,0 млн теңге бөлініп тиісті жұмыстар жүргізілуде.

Қызылорда қаласында жалпы ұзындығы 32,3 км болатын 17 канал және 55 км-дей арықтар бойынша қаланың 30 пайызы аяқ сумен қамтылған. Осы мәселені шешу үшін қаланы және оған қарасты елді мекендерді аяқ сумен қамтамасыз ету мақсатында жоба сметалық құжаттамалары мемлекеттік сараптама қорытындысымен әзірленді. Қазіргі уақытта жобаны республикалық бюджеттен қаржыландыру бойынша жұмыстар атқарылуда.

### 2.6.3. Жер ресурстары

Қызылорда қаласының жалпы жер қоры 235 988 гектар, оның ішінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 52 357 гектарды (22,2%) құрайды, егістік жерлер-7 078 гектар (13,5%), шабындық жерлер-1 051 гектар (2%), жайылымдық жерлер-34 776 гектарды (66,4%) және басқа жерлер 8 683 гектарды (16,6%) құрайды.

Қызылорда қаласының әкімшілік аумағы 30 556 гектар (12,9%) жерді алып жатыр. Қазіргі таңда Қызылорда қаласы бойынша заңды тұлғалардың жер пайдалануы бойынша 10 жер пайдаланушының жер көлемі-5 079 гектар (9,7%) болса, жеке тұлғалардың 468 жер пайдаланушының жер көлемі- 40 312 гектарды (77%) құрайды.

Қызылорда облысының климаты өте континентті, жазы ұзақ ыстық, құрғақ және қысы аз қарлы қысқа, суық.

Қызылорда қаласының топырақ-өсімдік жамылғысының басым бөлігі шөл ретінде жіктелуі мүмкін. Сондай-ақ Қызылорда қаласының топырағының көп бөлігінің ортақ белгілері бар: жоғары карбонаттылығы, топырақ ерітіндісінің сілтілік реакциясы, суда ерігіш тұздардың болуы, қабаттық құрылым, қарашірік құрамының аздығы.

Жалпы алғанда аймақтың табиғи-климаттық жағдайы күрделі, жазғы уақыттағы жоғары температураға және топырақтағы қарашірік қорының аздығына байланысты ауыл шаруашылығы өндірісінде бақша дақылдарын және күріш дақылын егу барынша тиімді.

Қызылорда облысы Қазақстандағы ең ірі күріш өндіруші болып табылады, сонымен қатар аймақта тұқым шаруашылығы бойынша тиісті базасы бар Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты орналасқан. Аймақта өндірілген күріш ішкі нарыққа жеткізуге, сондай-ақ Орталық Азия (Өзбекстан, Түрікменстан, Тәжікстан) елдеріне импорттауға бағытталған.

Жерді ұтымды және тиімді пайдалану - тұрақты, қамтамасыз етілген, тәуелсіз және салауатты келешек ұрпақтың негізі болып табылады. Жерді тиімсіз пайдалану, ауыл шаруашылығы дақылдарын егу технологиясын сақтамау фактілері топырақтың құнарлы қабатының тозуына және жердің сапалық жай-күйінің нашарлауына әкеледі, демек, құнарлылығын жоғалтқан жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына қайтару қажет.

2012-2015 жылы жер сауда-саттығы (аукциондар, конкурстар) арқылы ауыл шаруашылығы айналымына жалпы көлемі 12 937 га (24,7%) 167 жер телімдері сатылып, қайта айналымға қосылды.

Жерлер босалқы жерлер құрамынан, сондай-ақ мемлекет меншігіне қайтарылған жерлерден берілді, пайдаланылмаған жерлерді түгендеу бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесінде 2012 жылы көлемі-7 940 га (3,4%), 227 учаске (оның ішінде сауда-саттықта 1 980 га (24,9%);

2015 жылы ауыл шаруашылығы айналымына көлемі 3 040 га (1,3%) 29 жер учаскені енгізу жоспарланған, алайда бұл жұмыстар жүргізілмей 100 га жер учаскесі сауда-саттықта сатылды.

Жалпы жер құрамында ауылшаруашылығы алқаптары қаланың көлемінің 93,9% құрайды.

Қызылорда облысының топырақ-өсімдік жамылғысы шөлді аймаққа жатады. Жалпы жер көлемінен суару жүйесін қоса алғанда Сырдария өзенінің аумағында жартылай шөлді аймақтар-20%, шөлді аймақтар-55% құрайды. Жылу және күн ресурстар бойынша Қызылорда облысы көптеген дақылдарды өсіру үшін қолайлы болып табылады, бірақ жауыншашынның аз мөлшері болғандықтан ауыл шаруашылығы суару негізделген, өйткені, инженерлік және дренаждық жүйелерімен қамтамасыз етілген суаруға негізделеді.

Есепті кезеңде, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің көлемі 52 357 га құрайды.

Жерді ұтымды пайдалану мақсатында жергілікті атқарушы органдардың шешімімен инженерлік-дайындалған жерлерде ауыл шаруашылығы дақылдарын ғылыми-негізделген ауыстыру (ротация) енгізілген, жерді пайдалану барысында жер пайдаланушылар (меншік иелері) мұны сақтауы міндетті шарт болып табылады.

Қызылорда қаласының 2014 жылғы жер есебі бойынша 5 655 гектар (2,4%) егістік жер айналымға қосылған, оның ішінде 2015 жылы 2 191, гектар жер учаскесіне ауыл шаруашылығы дақылдары егілді, өсімдік айналымы 48% құрады.

Қызылорда қаласы бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемі 52 357 га. Сонымен қатар, 2013 жылы 433 шаруа қожалығының жер көлемі 38086 га (22,6%), 2014 жылы 514 шаруа қожалығының жер көлемі 44020 га (26,2%), 2015 жылы 468 шаруа қожалығының жер көлемі 40312 га (24%) құрады.

2016 жылы көлемі 5700 га ауыл шаруашылығы мақсатындағы 27 жер учаскесін сауда-саттыққа қою жоспарлануда. Барлығы 2016 жылы 495 шаруа қожалығының барлық жер көлемі 46 012 гектарға ұлғаяды деп күтілуде.

#### SWOT – талдау

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
1. Бос жатқан жерлердің бар болуы 2. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді пайдалануды ұлғайту	1. Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдаланбау 2. Білікті мамандардың жетіспеушілігі
Мүмкіндіктері (O)	Қауіптері (T)
1. Жерді ұтымды пайдалану 2. Жерді тиімді пайдалануды арттыру үшін тыңайтқыштар пайдалану 3. Білікті мамандар даярлау 4. Ауыл шаруашылық өндірісінің тиімділігін арттыру	1. Топырақтың тұздануы және құнарлылығының төмендеуі.

**Саладағы негізгі мәселелер:**

- аймақ экологиялық апат аймағы болып табылады;
- ауаға ластанған заттардың көптеп тарауы.
- қоршаған ортаны қорғауға бөлінетін бюджеттік қаражаттың жеткіліксіздігі;
- қайта жаңғыртуға және құрылысын салуға қаражаттың жетіспеуінен тазалау нысандары жұмыстарының тиімсіздігі;
- ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдаланбау;
- білікті мамандардың жетіспеуі.

Бағыт: Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер

## 2.7. Мемлекеттік қызмет көрсету.

2015 жылдың басынан бері мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тізіліміне сәйкес, қала әкімдігіне қарасты дербес бөлімдермен 84 мемлекеттік қызмет түрі бойынша өтініштер қабылданған.

Оның ішінде қызмет алушылардың өтініштерін қабылдау және нәтижелерін беру мемлекеттік қызметтердің 35 түрі бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы (2012 жылы ХҚКО арқылы 20 қызмет түрі жүзеге асырылған) және 40 түрі үкіметтің электрондық порталы арқылы жүзеге асырылған (2012 жылы «ҰЭП» арқылы 13 қызмет түрі көрсетілген, яғни 2012 жылмен салыстырғанда «ҰЭП» арқылы жүзеге асырылатын қызметтердің түрі 3 есеге артқан).

2015 жылдың 1 желтоқсанына қызмет алушыларға барлығы 134141 қызмет көрсетілген (2012 жылы 98073 қызмет көрсетілген) немесе 136,7 пайызға өскен.

Атап айтқанда ЖАО 85147 өтініш, ХҚКО 41738 өтініш қабылданған (жалпы көрсетілген қызметтердің 31% ХҚКО арқылы, 2014 жылы – 21,3%).

Сонымен қатар, «ҰЭП» арқылы 7256 өтініш қабылданып жалпы көрсетілген қызметтердің 6% құраған (2013 жылмен салыстырғанда «ҰЭП» арқылы көрсетілетін қызметтердің саны 5377, яғни көрсеткіш 35% артқан).

Қазіргі таңда мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру мақсатында ішкі бақылау тетіктері күшейтіліп, қызмет көрсету мерзімдерінің сақталуына бағытталған күнделікті мониторинг жүргізілуде.

Ішкі бақылауға сәйкес 2015 жылдың басынан бері 18 қызмет алушының өтініштері стандартқа сәйкес белгіленген көрсету мерзімі сақталмай бұзушылықпен көрсетілген (2012 жылы 1037 мерзім бұзушылыққа жол берілген, яғни 2012 жылмен салыстырғанда 2014 жылы 98% төмендеген).

Атап айтқанда, қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен - 4 өтінім, қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімімен – 1 өтінім, қалалық жер бөлімімен – 13 өтінімнің мерзімі сақталмаған.

Осы ретте мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерінің талаптарын бұзғаны үшін дербес бөлімдермен ведомстволық бағыныстағы мекемелердің 8 қызметкері тәртіптік жауапкершілікке тартылған, оның ішінде 6 «ескерту», 1 «сөгіс» және 2 «қатаң сөгіс».

Сонымен қатар, 2015 жылы қала әкімі аппаратымен мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатында 10 аппараттық оқу өткізілді.

Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзуға жол бермеу және сапалы қызмет көрсету барысында дербес бөлімдермен қызмет көрсету «Е-собес», «Еңбек нарығы», «Әлеуметтік көмек», «АХАЖ» АЖ, «Электрондық үкіметтің» өңірлік шлюзі, «Е-лицензиялау» Мемлекеттік деректер қоры, «Халыққа қызмет көрсету орталығының» интеграцияланған ақпараттық жүйелері арқылы жүзеге асырылады. Аталмыш жүйелердің қолданыста болуы мемлекеттік қызмет көрсету барысында мониторинг жасауға, сапалы қызмет көрсетуге және мерзім бұзушылықтардың алдын алуға негіз болғаны сөзсіз.

Атап өтсек, қызмет алушылардың мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі жөнінде хабардар ету мақсатында 2015 жылдан бері жалпы 16 шара өткізілген, оның ішінде 2014 жылы жария талқылаулар – 10, «Ақмешіт апталығы» басылымына мақала жариялау – 2, «ҚОҒАМ ТВ» телеарнасында сұхбат беру – 4. (2014 жылы жалпы 7 шара өткізілген, оның ішінде «ҚОҒАМ ТВ» телеарнасында сұхбат беру, «Ақмешіт апталығы» басылымына мақала жариялау).

Сонымен қатар көрсетілетін қызметті алушыларға «Электронды үкімет» порталы және «бір терезе» қағидасы бойынша ХҚКО арқылы мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндіктері туралы үгіт-насихат жұмыстары бөлім қызметкерлерімен тұрақты жүргізіледі.

### SWOT – талдау

Күшті жақтары (S)	Әлсіз жақтары (W)
1. 2012 жылдан бастап электронды форматтағы мемлекеттік қызмет санының 1,8 есеге өсуі. 2. Электронды үкімет порталы арқылы көрсетілетін онлайн-қызмет санының едәуір өсуі 3. Жергілікті атқарушы органдардың жеткілікті техникалық жарақтандырылуы. 4. Бірыңғай электронды құжат айналымының жұмыс істеуі; 5. Қаладағы жеткілікті өзін өзі басқарудың дамыған жүйесі	1. Электронды үкімет порталымен жұмыс істеудің күрделілігі. 2. Жергілікті өзін өзі басқару жүйесіндегі қаржы жетіспеушілігі

Мүмкіндіктері (О)	Қауіптері (Т)
1. Е-gov порталын әрі қарай дамыту және тұрғындардың мемлекеттік электронды қызметтермен толық қамтылуы; 2. Электронды түрде мемлекеттік қызмет алуға тұрғындардың қызығушылығы; 3. Жергілікті өзін өзі басқару органдарына қосымша көздерді беру.	1. Ауылдық жерлердегі тұрғындардың сандық сауатсыздығы; 2. Электронды қызметтің Интернет желісіне шектеулі қатынасына байланысты сұраныс төмендігі. 3. Жергілікті өзін өзі басқару органдарына қосымша көздерді беру.

**Саладағы негізгі мәселелер:**

- мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігінің төменділігі;
- мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы БАҚ, ақпараттық стендтер және ресми интернет-ресурстар арқылы тұрғындарды хабардар етудің жеткіліксіздігі.
- көрсетілетін қызметті алушыларға «Электронды үкімет» порталы және «бір терезе» қағидасы бойынша ХҚКО арқылы мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндіктері туралы үгіт-насихат жұмыстарының жеткіліксіз жүргізілуі.

### 3. НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАРЫ, МАҚСАТТЫ ИНДИКАТОРЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ.

#### 3.1. Бағыт: Экономика

##### 3.1.1. Өңірлік макроэкономика

1 - мақсаты: Қала экономикасының орнықты дамуын қамтамасыз ету

№	Мақсатты индикаторлар	2014ж	2015ж	2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	Ақпарат көзі	Жауапты орындаушы
		нақты	бағалау	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
1	Жалпы өңірлік өнімнің нақты көлемінің индексі, %								Статистикалық мәлімет	Қызылорда қаласы бойынша есептелмейді
2	Халықтың жан басына шаққандағы жалпы өңірлік өнім, адамға/мың теңге									
3	Жергілікті бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдердің өсу қарқыны, %	143,2	104,8	101,5	101,6	103,0	104,6	104,6	Ведомстволық есептілігі	«ҚОМҚД» РММ

**Қол жеткізу жолдары:**

- Салық базасын ұлғайтудың «Жол картасын» жүзеге асыру шеңберінде жергілікті бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдердің көлеміне ай сайын мониторинг жүргізу;
- Мемлекеттік кірістер басқармасының тарапынан түсім көлемін толық және уақытылы өндіру, сонымен қатар салық базасын ұлғайту мақсатында үнемі салықтық бақылауды жүзеге асыру;
- Салық төлеуші (салық агенті) табыс еткен салық есептіліктерін, уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметтерін, сондай-ақ салық төлеушінің қызметі туралы басқа да құжаттар мен мәліметтерді зерделеу мен талдау негізінде камералдық бақылау жүргізу.

### 3.1.2. Өнеркәсіп

2-мақсаты. Экономиканы әртараптандыру және бәсекеге қабілетті өнімді өндіретін өнеркәсіптің басым секторларын дамыту

№	Мақсатты индикаторлар	2014ж	2015ж	2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	Ақпарат көзі	Жауапты орындаушы
		нақты	бағалау	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
4	Өңдеу өнеркәсібіндегі өнім шығарудың нақты көлемінің индексі%	111,3	100,0	102,0	103,0	105,0	107,0	109,0	Статистикалық мәлімет	«КӨЖТБ» ММ
4.1	Машиналар мен жабдықтардан басқа дайын металл бұйымдарын жасау, %	70,5	61,3	100,0	101,0	102,5	103,0	105,0	Статистикалық мәлімет	«КӨЖТБ» ММ
4.2	Машина жасау өнеркәсібі, %	130,6	101,1	100,2	100,5	100,7	101,0	102,0	Статистикалық мәлімет	
4.3	Өзге металл емес минералдық өнімдерді өндіру, %	99,6	75,0	101,0	101,5	115,0	120,0	125,0	Статистикалық мәлімет	
4.4	Химиялық өнеркәсіп өнімдерін өндіру, %		100,1	100,2	100,3	100,4	100,5	100,6	Статистикалық мәлімет	
4.5	Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру, %	48,5	65,2	100,0	100,1	100,2	100,3	100,4	Статистикалық мәлімет	
4.6	Жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіру, %	94,1	75,0	100,0	100,1	100,2	100,3	100,4	Статистикалық мәлімет	
5	Өңдеу өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі, адам/ мың АҚШ доллары								Статистикалық мәлімет	Қызылорда қаласы бойынша есептелмейді
6	Өндірілген электр энергиясының жалпы көлеміндегі энергияның жаңартылған көздерінен өндірілген электр энергиясының үлесі, %	·	·	·	·	·	·	·	ҚР ЭМ ведомстволық есептілігі	«ТҮКШЖТҮИБ» ММ

#### Қол жеткізу жолдары:

- Шикізат ресурстарын толық пайдалану және оларды қайта өңдеуді қамтамасыз ету үшін Қызылорда қаласының негізгі салаларын мамандандыру және жаңғырту, жаңа технологияларды және инновациялық өндірістерді енгізу және индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының жүзеге асырылуы қамтамасыз ету.
- Индустриалдық Картаға енгізілген инвестициялық жобалар жүзеге асырылатын болады.
- Бірегей жобалар, кәсіпорындар және өндірістерді жүзеге асыру үшін шет ел инвесторларын тарту жұмыстары жалғасатын болады.

### 3.1.3. Агроөнеркәсіптік кешен

3-мақсаты: Агроөнеркәсіптік кешенінің экспорттық әлеуетін және өнімнің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру.

№	Мақсатты индикаторлар	Өлш. бірлігі	2014ж	2015ж	2016ж	2017ж	2018ж	2019ж	2020ж	Ақпарат көзі	Жауапты орындаушы
			нақты	бағалау	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар	жоспар		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10		11
7	Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына тартылған инвестициялардың нақты көлем индексі	%	-	7 есе	101,5	101,7	101,9	102	102,5	ЖАО аумақтық есептері	«АШБ» ММ
8	Тамақ өнімдері өндірісінің негізгі капиталына тартылған нақты көлем индексі	%	6,9 есе	6,5	105	107	109	110	112	ЖАО аумақтық есептері	«АШБ» ММ
9	Ұйымдастырылған шаруашылықтардағы ірі қара мүйізді және ұсақ қара мүйізді мал басының үлесі	%								ЖАО аумақтық есептері	«АШБ» ММ
	ІҚМ		22,0	25,4	26,4	27,4	28,4	29,4	30,4		
	ҰҚМ		21,9	31,1	32,0	33,0	34,0	35,0	36,0		
10	Тұқымды өзгерістерге қатысатын ірі қара мүйізді және ұсақ қара мүйізді мал үлесі	%									«АШБ» ММ
	ІҚМ		16,4	25,9	27,7	29,6	31,6	33,8	36,1		
	ҰҚМ		-	-	-	-	-	-	-		
11	Мерзімі бұзылып берілген субсидиялар үлесінің төмендеуі	%	0	0	0	0	0	0	0		«АШБ» ММ

#### Қол жеткізу жолдары:

Өсімдік шаруашылығының даму жолдары:

- Саланың құрылымдық және технологиялық әртараптандыруы ауылшаруашылықтың дамуы;
- Жетілдірілген ылғалды үнемдеу технологиясын, пайдаланылмаған суармалы жерлердің айналымының тартылуын енгізу;
- «Агробизнес-2020» бағдарламасы аясында егін шаруашылығы саласын субсидиялауды және мал шаруашылығын несиелендіруді жалғастыру;
- Субсидияландырылған АӨК-тің мүмкіндіктерін барынша пайдалану;
- Минералдық тыңайтқыштар мен гербицидтерге экономикалық қолжетімділіктің күшейтілуі;
- Аймақтағы азық-түліктің қамтамасыз ету қорын тұрақтандыру;

Мал шаруашылығын дамыту жолдары:

- Мемлекеттің мал шаруашылығы өңдірушілердің қолдауы;
- Шалғайдағы мал шаруашылығы жануарларын суармалы жерлер арқылы дамыту;
- Мал азығы көлемін ұлғайту;
- Асыл тұқымды малға арналған мал азықтарын арзандату;
- Қой шаруашылығын, түйе шаруашылығын, сиыр шаруашылығын, құс шаруашылығын қолдау;
- Ет бағытындағы бордақылау аланын, тұқым таратқыш орталықтарын ашу;

Ауылшаруашылық өнімдерін терең өңдеу мақсатында қол жетімді жолдарын дамыту:

- Өндірістік кәсіпорындар үшін шикізат өнімдерін ынталандыру;
- Ішінара өтемақы арқылы мемлекеттік қолдау (құрылыс-монтаждау жұмыстары, ауылшаруашылық және арнайы техникаларға және жабдықтарға ие болу);
- Ауылшаруашылық ынтымақтастықтың дамуы;
- Өндірістік кәсіпорындарының мамандарын жетілдіру шараларын ұйымдастыру;
- Ет және сүт өнімдерін реттеу жұмыстарын дамыту;
- Өнімнің сапасын арттыру;
- Малшаруашылық өнімдерінің қауіпсіздігін орнату, малдардың эпизоотиялық және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізу.

### 3.1.4. Шағын және орта бизнес, сауда

